Қазақ тілді емес сыныптардағы «Қазақ тілі» пәні бойынша

**күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

**0 сыныптар**

**Үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесінің көлемі: аптасына – 2 сағат, жылына – 66 сағат.**

| № | Тақырыбы | ҰОҚ мақсаты мен міндеттері | Сағатсны | Мерзімі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| | | І тоқсан – 16 сағат | | | |
| 1 | Менің балабақшам | Мақсаты: балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету.<br>Білімділік міндеті: балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән.<br>дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру.<br>Тәрбиелік міндеті: білімпаздыққа тәрбиелеу. | 1 | 02.09. | |
| 2 | Балабақша бөлмелері | Мақсаты: балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуғаүйрету .<br>Білімділік міндеті: балабақша туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық,дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. | 1 | 05.09. | |
| 3 | Біздің топ | Мақсаты: топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше, көпше түрде айтуға үйрету.<br>Білімділік міндеті: *не? нелер?* сұрақтарына дұрыс<br>жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру.<br>Тәрбиелік міндеті: топтағы заттарды таза ұстауғадағдыландыру арқылы тазалыққа тәрбиелеу. | 1 | 09.09. | |
| 4 | Біз балабақшада неістейміз? | Мақсаты: балабақшадағы іс-әрекеттерін білу, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.<br>Білімділік міндеті: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана<br>білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құраууйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздегі қазақ тіліне тәндыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Тәрбиелік міндеті: ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | 12.09. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Балабақша қызметкерлері | Мақсаты: балабақша қызметкерлерінің лауазыматауларын қазақ тілінде айтуға үйрету.<br>Білімділік міндеті: балабақшадағы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауғатәрбиелеу. | 1 | 16.09. | |
| 6 | Менің ойыншықтарым | Мақсаты: тыңдау және тілді түсіну дағдыларынқалыптастыру.<br>Білімділік міндеті: балалардың сөздік қорларын<br>байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауғажаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2- 3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.<br>Диалогке қатысуға үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дағдыландыру, сұраққа толық жауапберуді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс<br>айтуға жаттықтыру. | 1 | 19.09. | |
| 7 | Менің сүйікті ойыншығ ым | Мақсаты: ойыншықты меншіктеп айтуға, диалогке қатысуға үйрету.<br>Білімділік міндеті: ойыншықтарды сипаттау, сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дамыту, сұраққа толық жауап берудіжетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: ойыншықтармен ұқыпты ойнауғатәрбиелеу. | 1 | 23.09. | |
| 8 | Алтын күз | Мақсаты: игерген сөздерін қолданып, шағын мәтін құру дағдыларын дамыту.<br>Білімділік міндеті: күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.Дамытушылық міндеті: қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: табиғатқа деген сүйіспеншіліккетәрбиелеу. | 1 | 26.09. | |
| 9 | Көгөністер | Мақсаты: жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуғамашықтандыру, жаттықтыру.<br>Білімділік міндеті: тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету.Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммензатты сипаттай білу дағдыларын дамыту.<br>Дамытушылық міндеті: сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларындамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: табиғатқа деген сүйіспеншіліккетәрбиелеу. | 1 | 30.09. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | Жемістер | Мақсаты: күнделікті жиі қолданылатын жемістердіңатын білуге үйрету.<br>Білімділік міндеті: жаңылтпашты жылдам әрі жатқаайта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу<br>дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді сөйлемдерде<br>байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларынбайыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға<br>жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 1 | 03.10. | |
| 11 | Жидектер | Мақсаты: сөздік қорларын жидектердің  атыментолықтыру.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын  және артикуляциялық аппаратты<br>дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: табиғатқа деген сүйіспеншіліккетәрбиелеу. | 1 | 07.10. | |
| 12 | Ойнайық та ойлайық | Мақсаты: өткен тақырыптар бойынша сөздердіқайталау, білімдерін бекіту.<br>Білімділік міндеті: меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу. | 1 | 10.10. | |
| 13 | Неше? Санау | Мақсаты: сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріпайтуға жаттықтыру.<br>Білімділік міндеті: санамақтар жаттау, тура және керісанау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздердісөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | 14.10. | |
| 14 | Апта күндері | Мақсаты: педагогті тыңдау арқылы есте сақта мензейінін жетілдіру.<br>Білімділік міндеті:  апта күндерінің қазақша атауындұрыс айту, есте сақтауға үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту.артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | 17.10. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15 | Менің отбасым | Мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.Білімділік міндеті: отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ,мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: үлкенге құрмет көрсете білугетәрбиелеу. | 1 | 21.10. | |
| 16 | Нәтиже сабақ. Мен не Үйрендім? | Мақсаты: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жайсөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту.<br>Білімділік міндеті: отбасы мүшелерінің атын қазақшаайтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіругетәрбиелеу. | 1 | 24.10. | |
| | | 2 тоқсан – 17 сағат | | | |
| 17 | Ғажайып алаң | Мақсаты: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жайсөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту.<br>Білімділік міндеті: отбасы мүшелерінің атын қазақшаайтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге тәрбиелеу. | 1 | 04.11. | |
| 18 | Мен және менің достарым | Мақсаты: тақырып бойынша сөздер үйрету, сөздісаналы түрде есте сақтауға жаттықтыру.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуғажәне оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру<br>Тәрбиелік міндеті: достыққа тәрбиелеу. | 1 | 07.11. | |
| 19 | Мамандықтың бәріжақсы | Мақсаты: әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру,адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету.<br>Білімділік міндеті: мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Дамытушылық міндеті: сөздік қорларын байыту,дұрыс атау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 1 | 11.11. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 20 | Жақсы өнеге | Мақсаты: қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>Білімділік міндеті: сыпайылықты білдіретін сөздерменсөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.<br>Дамытушылық міндеті: қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасынжаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: балаларды сыпайылыққа,инабаттылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. | 1 | 14.11. | |
| 21 | Менің пәтерім (үйім) | Мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру.<br>Дамытушылық міндеті: Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппараттыдамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: өз үйіне деген жылы сезімдерінарттыру. | 1 | 18.11. | |
| 22 | Менің бөлмем | Мақсаты: шағын мәтін құруға жаттықтыру.<br>Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздерментолықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.<br>Дамытушылық міндеті: қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасынжаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: бөлмесін жинап жүруге тәрбиелеу. | 1 | 21.11. | |
| 23 | Менің Отаным | Мақсаты: Отан туралы түсініктерін кеңейту.<br>Білімділік міндеті: педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақүйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуғажаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: Отанға деген сүйіспеншіліктерінтәрбиелеу. | 1 | 25.11. | |
| 24 | Менің Отаным | Мақсаты: Отан туралы түсініктерін кеңейту.<br>Білімділік міндеті: педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақүйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуғажаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: Отанға деген сүйіспеншіліктерінтәрбиелеу. | 1 | 28.11. | |
| 25 | Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Ту | Мақсаты: Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атауынүйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.<br>Білімділік міндеті: Мемлекеттік Туды сипаттай білугеүйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br>Тәрбиелік міндеті: Отанға деген сүйіспеншіліктерінтәрбиелеу. | 1 | 02.12. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 26 | Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба | Мақсаты: Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атынүйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.<br>Білімділік міндеті: Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай<br>білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана<br>білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br>Тәрбиелік міндеті: Отанға деген сүйіспеншіліктерінтәрбиелеу. | 1 | 05.12. | |
| 27 | Еліміздің астанасы –Нұр-Сұлтан | Мақсаты: Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрапайтуға үйрету.<br>Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана<br>білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрдеқолдану дағдыларың қалыптастыру.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді сөйлемдерге<br>байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Қазақ тіліне тәндыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: елорданы мақтан тұтуға тәрбиелеу. | 1 | 09.12. | |
| 28 | Әсем қала – Алматы | Мақсаты: Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білудағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br>Тәрбиелік міндеті: Алматы қаласын мақтан тұтуғатәрбиелеу. | 1 | 12.12. | |
| 29 | Қыс қызығы | Мақсаты: шағын мәтіндер құрауды үйрету жалғастыру.Білімділік міндеті: қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға<br>және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларынжетілдіру.<br>Дамытушылық міндеті: жаңа сөздерде қазақ тіліне тәндыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қордыбайыту және дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: қоршаған ортаны бақылату,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 1 | 19.12. | |
| 30 | «Қолғап» ертегісі | Мақсаты: ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. Білімділік міндеті: сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға,сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі<br>кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағынкелтіріп айтуды үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: есте сақтау қабілеттерін,<br>балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту,сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды<br>дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: сыйластыққа, ұйымшылдыққатәрбиелеу. | 1 | 19.12. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 31 | «Саяхатшы» ертегісі | Мақсаты: ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету.<br>Білімділік міндеті: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрысжеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: сыйластыққа, ұйымшылдыққатәрбиелеу. | 1 | 23.12. | |
| 32 | Жаңа Жыл құтты болсын! | Мақсаты: Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.<br>Дамытушылық міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытудыжалғастыру.<br>Тәрбиелік міндеті: Жаңа Жыл мерекесіне дегенқызығушылықтарын тәрбиелеу. | 1 | 26.12. | |
| 33 | Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? | Мақсаты: ормандағы жануарлар мен құстардыңатауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту.<br>Білімділік міндеті: сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұраққойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. | 1 | 23.12. | |
| | | 3 тоқсан – 18 сағат | | | |
| 34 | Қысқы орманға саяхат | Мақсаты: ормандағы жануарлар мен құстардыңатауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту.<br>Білімділік міндеті: сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұраққойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. | 1 | 09.01. | |
| 35 | Менің киімдерім | Мақсаты: киімінің қазақша атауларын еске түсіру,жаңа атаулармен таныстыру;<br>Білімділік міндеті: Сөздік қорларындағы сөздердібелсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларынжетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету.<br>Киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздегі қазақ тіліне тәндыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту.<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту. Тәрбиелік міндеті: киімді ұқыпты, таза киюгетәрбиелеу. | 1 | 13.01. | |
| 36 | Қысқы киім | Мақсаты: қысты киімінің қазақша атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету.<br>Білімділік міндеті: 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білудағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құрудағдыларын дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: киімді таза ұстауға тәрбиелеу. | 1 | 16.01. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 37 | Ұлттық киім | Мақсаты: ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру.Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларынқалыптастыру. Дамытушылық міндеті: зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Тәрбиелік міндеті: ұлттық дәстүрлерді құрмет тұтуға тәрбиелеу. | 1 | 20.01. | |
| 38 | Дене мүшелерінің атқаратын қызметі | Мақсаты: дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету. Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білудағдыларын жетілдіру. Дамытушылық міндеті: жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Тәрбиелік міндеті: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | 1 | 23.01. | |
| 39 | Тазалықты сүйеміз | Мақсаты: заттың атын, қимылын білдіретін сөздердіңмағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Білімділік міндеті: тазалыққа байланысты сөздердіңқазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру. Дамытушылық міндеті: жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тәрбиелік міндеті: тазалыққа тәрбиелеу. | 1 | 27.01. | |
| 40 | Таңертең не істейміз? | Мақсаты: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлемқұрауға жаттықтыру. Білімділік міндеті: өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп жәнекүнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру. Дамытушылық міндеті: сөздегі қазақ тіліне тәндыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Тәрбиелік міндеті: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | 1 | 30.01. | |
| 41 | Ұлттық ыдыстар | Мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру. Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып,сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемменжауап беруді дағдыландыру. Тәрбиелік міндеті: ыдыстарды ұқыпты ұстауғатәрбиелеу. | 1 | 03.02. | |
| 42 | Ыдыс- аяқ дүкені | Мақсаты: сөздік қорларын күнделікті ыдысатауларымен молайту. Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білудағдыларын дамыту. Дамытушылық міндеті: диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру. Тәрбиелік міндеті: мәдениетті, сыпайы сөйлеугетәрбиелеу. | 1 | 06.02. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 43 | Азық-түлік | Мақсаты: азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.<br>Білімділік міндеті: сөздік қорларын тағам атауларыменмолайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздердібір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу<br>дағдыларын жетілдіру.<br>Дамытушылық міндеті: ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: ас қадірін білуге тәрбиелеу. | 1 | 10.02. | |
| 44 | Асханада | Мақсаты: білім-дағдыларын бекіту; өткен сөздердіқайталау, бекіту.<br>Білімділік міндеті: тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздермен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>Диалогке қатысуға үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: ойлау, елестету қабілеттеріндамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту,сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.<br>Тәрбиелік міндеті: сыпайы, мәдениетті болуғатәрбиелеу. | 1 | 13.02. | |
| 45 | Әжемнің базарлығы | Мақсаты: ұлттық тағам түрлерімен таныстыру. Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларынжетілдіру.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс, анық айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: тағамдарды қадірлеуге, сыйлауғатәрбиелеу. | 1 | 17.02. | |
| 46 | Нан қайдан келеді? | Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін,сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып,<br>сөйлем құрауды үйрету және диалогке қатысып, ауызекісөйлеу тілдерін жаттықтыру. Тақпақты тыңдап, оның<br>ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту.Дамытушылық міндеті: ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (і дыбысы) дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: нанды қадірлеуге, еңбекқорлыққатәрбиелеу. | 1 | 20.02. | |
| 47 | Үй жануарлары | Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдерініңатауларын қазақша айтқызып үйрету.<br>Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға<br>жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныссөздерді таба білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздермен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: ойлау қабілеттерін дамыту,сөздегі қазақ тіліне тән *«ұ»* дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тынысалуды және таза дикцияны дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: үй жануарларына қамқор болуғатәрбиелеу. | 1 | 24.02. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 48 | «Екі лақ» ертегісі | Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға,олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән *«қ»* дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: балаларды татулыққа тәрбиелеу. | 1 | 27.02. | |
| 49 | Жабайы жануарлар | Мақсаты: жабайы жануарлардың қазақша атауларыментаныстыру.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларындағы сөздерді белсендіқолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.<br>Дамытушылық міндеті: жаңылтпаш, ойындар арқылытіл байлықтарын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік және артикуляциялықаппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: жануарларға қамқор болуғатәрбиелеу. | 1 | 03.03. | |
| 50 | Армысың, әз Наурыз! | Мақсаты: ұлттық мерекеге байланысты сөздерді<br>қазақша айту және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Тәрбиелік міндеті: ұлттық салт-дәстүрлерге құрметпенқарауға тәрбиелеу. | 1 | 06.03. | |
| 51 | Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? | Мақсаты: ұлттық мерекеге байланысты сөздерді<br>қазақша айту және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Тәрбиелік міндеті: ұлттық салт-дәстүрлерге құрметпенқарауға тәрбиелеу. | 1 | 10.03. | |
| | | 4 тоқсан – 19 сағат | | | |
| 52 | «Қазақстан барысы»ертегісі | Мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>Білімділік міндеті: ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекітілде қолдануды дағдыландыру.<br>Дамытушылық міндеті: сөздік қорларындағы сөздердібелсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: жануарларға қамқор болуғатәрбиелеу. | 1 | 07.04. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 53 | Көктем | Мақсаты: көктем мезгіліне байланысты сөздердіқазақша айтуға үйрету.<br>Білімділік міндеті: жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана<br>білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: табиғаттың әдемілігін көре білугетәрбиелеу. | 1 | 10.04. | |
| 54 | Көктемгі еңбек | Мақсаты: балалардың сөздік қорларын жаңа сөздерментолықтыру, тілдерін жетілдіру.<br>Білімділік міндеті: көктемгі еңбек түрлерін қазақшаайта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: үлкендер еңбегін құрметтеуге, еңбекетуге тәрбиелеу. | 1 | 14.04. | |
| 55 | Көктем келді, құс келді | Мақсаты: жыл құстардың қазақша атауларыментаныстыру.<br>Білімділік міндеті: жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Дамытушылық міндеті: «Ұ» дыбысын дұрыс айтып,ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | 1 | 17.04. | |
| 56 | Ертегі әлемі | Мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,диалогке қатысуға үйрету.<br>Білімділік міндеті: зейін қойып тыңдауға, қазақ<br>тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделіктіөмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: кейіпкер бейнесін көрсетугеынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: қайырымдылыққа, көмек беругетәрбиелеу. | 1 | 21.04. | |
| 57 | Қандай түстер? | Мақсаты: түстерді қазақша айтуға үйрету.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдердіпайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту.<br>Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br>Тәрбиелік міндеті: ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | 28.04. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 58 | Біз мектепке барамыз | Мақсаты: жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздікқорларын толықтыру.<br>Білімділік міндеті: сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырыпқұрастыруды дағдыландыру. Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданудағдыларың қалыптастыру.<br>Тәрбиелік міндеті: мектеп туралы ұғымдарын кеңейтуарқылы білімге деген қызығушылықтарын ояту. | 1 | 30.04. | |
| 59 | Мектепке не апарамыз? | Мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.Білімділік міндеті: оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Педагогтің үлгісі бойынша шағынмәтіндер құрастыруды дағдыландыру.<br>Дамытушылық міндеті: жаңылтпашты қайталау,дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше турде қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Тәрбиелік міндеті: білімге деген қызығушылықтарынарттыру. | 1 | 02.05. | |
| 60 | Оқушыға не керек? | Мақсаты: сөздік қорларын оқу құралдарыныңатаулармен толықтыру.<br>Білімділік міндеті: сөздерді саналы түрде есте сақтауғажәне дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді байланыстырып сөйлеуді, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | 05.05. | |
| 61 | Дыбыстар әлемі | Мақсаты: меңгерген білім дағдыларын қайталау,бекіту.<br>Білімділік міндеті: сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстардыажырата алу дағдыларын нығайту.<br>Дамытушылық міндеті: есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айтабілу дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу. | 1 | 08.05. | |
| 62 | Не? Кім? Қайда? | Мақсаты: өткен тақырыптарды қайталап, алғанбілімдерін тиянақтау.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру.<br>Дамытушылық міндеті: ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: білімпаздыққа тәрбиелеу. | 1 | 12.05. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 63 | Жайлауда | Мақсаты: тақырып бойынша жаңа сөздермен тілбайлығын жетілдіру.<br>Білімділік міндеті: жайлау туралы түсінік беру, қазақ<br>тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделіктіөмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау үйрету.<br>Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтінқұрастыруды дағдыландыру.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: туған жердің табиғатыныңсұлулығын көре білуге тәрбиелеу. | 1 | 15.05. | |
| 64 | Киіз үй | Мақсаты: киіз үй жабдықтарының қазақшаатауларымен таныстыру.<br>Білімділік міндеті: киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттартуралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.<br>Дамытушылық міндеті: сөздерді байланыстырып сөйлем құрау. сөйлеуді, артикуляциялық аппаратты дамыту. Қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: ұлттық қолөнерді қадірлеугетәрбиелеу. | 1 | 15.05. | |
| 65 | Әжемнің оюлары | Мақсаты: қазақ ою-өрнектерінің аттарыментаныстыру.<br>Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтінқұрастыруды дағдыландыру.<br>Дамытушылық міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялықаппаратты дамыту.<br>Тәрбиелік міндеті: өнерді түсінуге, салт-дәстүрдіқұрметтей білуге тәрбиелеу. | 1 | 19.05. | |
| 66 | Қазақстан – ортақүйіміз | Мақсаты: мерекелерге байланысты сөздерді айту жәнетүсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Мақал-мәтелдерді айтуға үйрету.<br>Дамытушылық міндеті: сөйлеу мәдениетін жетілдіру,сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиелік міндеті: достыққа, татулыққа тәрбиелеу. | 1 | 22.05. | |

**№1**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет.

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Менің балабақшам.

**Мақсаты:** балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету.

**Білімділік міндеті:** балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. **Тәрбиелік міндеті:** білімпаздыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды**: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді.

**Қолданады:** сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ұлттық киімдегі әдемі қуыршақтар Сәуле мен Арман,

демонстрациялық материалдар, слайд: «Біздің балабақша», суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар.

**Билингвалды компонент**: біздің балабақша – наш детский сад, әдемі – красивый, кең – просторный, жарық – светлый, таза – чистый.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, бірге амандасайықшы.

– Сәлеметсіз бе!

Қуыршақтар: Сендерге қазақ тілін үйренуге көмектесеміз, алдағы жұмыстарыңа табыс тілейміз.

Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады.

– Сенің атың кім?

– Менің атым – Рома.

– Менің атым – Вика.

– Менің атым – Арлан.

**2. Негізгі кезең**

***Жаңа сөздермен таныстыру***. Демонстрациялық материалдармен немесе слайдпен «Біздің балабақша» жұмыс.

– Мынау – балабақша. (*Айнаны қолымызға алып жаңа сөздерді қайталаймыз).*

– Қ-қ-қ – бақ-ша – балабақша.

– Мынау не?

– Мынау – балабақша.

– Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза.

– Ә-ә-ә - әдемі, ң ң ң кең, қ қ қ жарық, таза. (Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды).

– Біздің балабақша қандай?

– Біздің балабақша әдемі, кең, жарық және таза.

Педагог дыбыстарды дұрыс дыбыстап айтуларын қадағалайды. Дидактикалық ойын: «Аудармашы».

Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады. біздің балабақша – наш детский сад

әдемі – красивый кең – просторный жарық – светлый таза – чистый

**Сергіту сәті.**

Бір-бірімен сыйласты, Тату жүрміз бәріміз. Бал достықтың ұясы – Біздің балабақшамыз.

Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».

(*Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс).*

- Мынау кім?
- Мынау – қыз.
- Қыз қайда келді?
- Қыз балабақшаға келді.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретке қарап, балабақша туралы әңгімеле. Өзіңнің балабақшаң қандай? Балабақшада саған не ұнайды?
2. Балабақшаға баратын жолды тап. Қарындашпен сызып көрсет. Педагог тапсырмаларды түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Бағалау, мадақтау. Қуыршақтармен қоштасу.

- Сендерге қандай тапсырмалар ұнады? Әрбір сабақтың соңында жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Егер өздерінің белсенділігіне қанағаттансандар, берілген тапсырмаларды жақсы орындасандар, күліп тұрған смайлды қарындашпен қоршайсыңдар, ал егер тапсырмаларды орындай алмай қалсандар, өздерінің іс-әрекеттеріне қанағаттанбасаңдар, ренжіп тұрған смайлды қоршайсыңдар.

**№2**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет.

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Балабақша бөлмелері.

**Мақсаты:** балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету .

**Білімділік міндеті:** балабақша туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.

Тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды, сөздерді.

**Қолданады:** балабақша бөлмелерін атайды, қарапайым сұраққа жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** куыршақтар – Сәуле мен Арман, слайд: «Балабақша

бөлмелері», ойыншық күн, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, қарындаштар, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: асүй – кухня, музыка залы – музыкальный зал, спорт залы – спортивный зал, дәрігер бөлмесі – кабинет врача, қазақ тілі кабинеті – кабинет казахского языка.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Сөздік ойын: «Күн шуағы». Педагог сандықтан арнайы жасалған ойыншық күнді шығарады. Бір-бірлеріне күнді ұсынып, тілектер айтады (педагогтің көмегімен).

2. **Негізгі кезең**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Дидактикалық ойын:«Тыңда, көрсет, қайтала». Балаларға балабақшаның суретін көрсетіп, өткен оқу қызметін қайталайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

Жаңа сөздермен таныстыру. Ойын: «Біз саяхат жасаймыз».

Тамаша ғой бақшамыз, Саяхатқа шығамыз.

Алға басып келеміз, Бәрін, бәрін білеміз.

Слайд: «Балабақша бөлмелері». Слайд арқылы балабақша бөлмелеріне саяхаттау.

– Мынау – дәрігер бөлмесі. Дәрігер бөлмесінде дәрігер отырады. Дәрігер балаларды емдейді.

– Мынау – асүй. Асүйде аспаздар балаларға ас дайындайды.

– Мынау – музыка залы. Музыка залында кімдер бар?

– Музыка залында музыка жетекшісі, балалар бар. Балалар би билеп, өлең айтады.

– Мынау – спорт залы. Балалар жаттығулар жасап, спортпен шұғылданады.

*Педагог балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынады және сөздерді қайталап, естеріне сақтауды ескертеді.*

– Біздің балабақшада бірінші қабатта дәрігер бөлмесі, музыка залы, спорт залы және асүй бар.

Ші-ші-ші – бір-ін-ші қа-бат-та дәрігер бөл-ме-сі. Дәрігер бөлмесінде мейірбике отырады. Ші-ші-ші – е-кін-ші қа-бат-та қазақ тілі бөлмесі бар.

– ең-ең-ең – балабақша кең.

– ық-ық-ық – бөлмелер жарық.

– нық-нық-нық – жоғары шық (балалар қайталайды).

*Мәтін үлгісі*. Біздің балабақша үлкен. Балабақша әдемі, таза. Балабақшада спорт залы , музыка залы, асүй, дәрігер бөлмесі, қазақ тілі кабинеті бар. Музыка залы, қазақ тілі кабинеті әдемі. Спорт залы үлкен.

3-4 бала мәтінді қайталайды.

**Сергіту сәті**

Біз балалар бағында, Тұрамыз өте көңілді.

Көп болсақ та достықпен. Өткіземіз өмірді.

***Жұмыс дәптерімен жұмыс***.

Суретке қарап, балабақша бөлмелері туралы әңгімеле. Өзіңнің балабақшаңда қандай бөлмелер бар?

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

- Мынау қай бөлме?
- Бөлмеде не бар?

Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Балабақша бөлмелерінің қазақша атауын естеріне сақтау.

Кабинет казахского языка ... (қазақ тілі кабинеті) Музыкальный зал ... (музыка залы)

Кабинет врача ... (дәрігердің бөлмесі) т.б.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Бағалау, мадақтау.

- Сендерге қай тапсырмалар ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 3**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Біздің топ.

**Мақсаты:** топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше, көпше түрде айтуға үйрету. **Білімділік міндеті**: не? нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру.

**Тәрбиелік міндеті:** топтағы заттарды таза ұстауға дағдыландыру арқылы тазалыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** топтағы заттарды атайды, жаңылтпашты қайталайды.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсініп, жауап береді.

**Қолданады:** шағын мәтіндер құрайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, слайд: «Балабақша бөлмелеріне саяхат», суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: топ – группа, ойын бұрышы – игровой уголок, ұйықтайтын бөлме – спальня, табиғат бұрышы – уголок пироды.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері**

Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз – тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Амандасады. Бәрін ойын ойнауға шақырады

Ойын: «Кім тапқыр?». Өткен «Балабақша бөлмелері» тақырыпты қайталау, педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес қима суреттерді көрсету. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Ойын: «Біз саяхат жасаймыз».

Тамаша ғой бақшамыз, Саяхатқа шығамыз.

Алға басып келеміз, Бәрін, бәрін білеміз.

Балалар топтарына саяхатқа шығады.

- Бұл – сендердің топтарың. Мынау – топ бөлмесі. Топта не бар? (Балалар топтағы заттарды атайды).
- Топта үстел бар.
- Топта орындық бар.

***Жаңа сөздермен таныстыру***.

Мынау – ойын бұрышы. Мынау – ... («ойын бұрышы» сөзін жеке, хормен қайталайды) Ойын бұрышында не бар?

- Мынау не?
- Мынау – қуыршақ (өздері білетін ойыншықтарды атайды).
- Қуыршақ не?
- Қуыршақ – ойыншық.
- Мынау не?
- Мынау – піл.
- Піл не?
- Піл – ойыншық.
- Ойыншық қайда тұр?
- Ойыншық ойын бұрышында тұр.
- Мынау – ұйықтайтын бөлме. Ұйық-тай-тын бөлме.

Мынау не?

Мынау – ұйықтайтын бөлме. Мынау – кереует.

- Кереует қай бөлмеде?
- Кереует ұйықтайтын бөлмеде.
- Мынау – табиғат бұрышы.
- Мынау не?
- Мынау – табиғат бұрышы.
- Мынау – гүл.
- Гүл табиғат бұрышында тұр.
- Гүл қай бөлмеде тұр?

– Гүл табиғат бұрышында тұр.

Балалар педагогтің соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды.

Ойын: «Біреу – көп». Педагог заттарды жекеше, көпше түрде айтуға үйретеді. ойыншық – ойыншықтар

кереует – кереуеттер гүл – гүлдер

үстел – үстелдер

орындық – орындықтар

– Ойын бұрышында нелер бар?
– Ойын бұрышында ойыншықтар бар.
– Кереуеттер қай бөлмеде?
– Кереуеттер ұйықтайтын бөлмеде.
– Гүлдер қай бөлмеде тұр?
– Гүлдер табиғат бұрышында тұр.
– Топта нелер бар?
– Топта үстелдер, орындықтар бар.

Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.

Балабақша  (әдемі, жарық, таза)

Біздің(топ)

Біздің топта.    (ойыншықтар көп)

Біздің топта.    (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар.

Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.

Педагог шағын мәтін құрастырады. Мынау – біздің топ. Біздің топта ойын бұрышы, табиғат бұрышы және ұйықтайтын бөлме бар. Ойын бұрышында ойыншықтар бар. Табиғат

бұрышында гүлдер өседі. Ұйықтайтын бөлмеде кереуеттер түр. 3-4 бала мәтінді қайталайды.

**Жаңылтпашпен таныстыру.**

Топ бала, топ бала Ойнап жүр топтала. Зымырап допты ала Қуады көп бала.

П*едагог балалармен бірге жаңылпашты қайталайды, балаларға жай, жылдам айтуды ұсынады. Өздеріне таныс сөздерді айтуларын сұрайды.*

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым,

Артқа бір адым.

Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретке қарап, сұраққа жауап бер. Топта не бар?

- Топта ойын бұрышы бар.
- Топта табиғат бұрышы бар.
- Топта ұйықтайтын бөлме бар. т.б.

2. Мынау не? Заттарды жекеше, көпше түрде ата.

Мынау – орындық, мынау – орындықтар.

- Мынау – есік, мынау – есіктер.
- Мынау – терезе, мынау – терезелер.
- Мынау – кілем, мынау – кілемдер. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Бағалау, мадақтау.

– Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 4**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Біз балабақшада не істейміз?

**Мақсаты:** балабақшадағы іс-әрекеттерін білу, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.

**Білімділік міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді атайды, сөйлемдерді құрастырады, тақпақ жаттайды, қайталайды.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** шағын мәтіндер құрайды, сұрақтарға жауап беледі.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, сандық , қима материалдар, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: жаттығу жасаймыз – делаем зарядку, тамақ ішеміз – кушаем, ән айтамыз – поем, би билейміз – танцуем, сурет саламыз – рисуем, серуенге барамыз – гуляем (идем на прогулку), демаламыз – отдыхаем, ұйықтаймыз – спим.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман әдемі сандықпен келеді. Сандықта қима суреттер бар.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бәрін ойын ойнауға шақырады.

Дидактикалық ойын: «Ғажайып сандық».

Педагопен бірге өткен «Біздің топ» тақырыпты қайталап, сандықтағы қима суреттерге сөйлем құрайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Педагог балаларға сұрақтар қояды, балалар балабақша туралы шағын әңгіме құрайды.

- Біздің балабақша қандай?

- Біздің балабақша таза, жарық, әдемі, үлкен.
- Біздің балабақшада қандай бөлмелер бар?

Балабақшада спорт залы, музыка залы, асүй, дәрігер бөлмесі, қазақ тілі кабинеті бар. Педагог: Біз балабақшада таңертең жаттығу жасаудан бастаймыз.

- Жат-ты-ғу жа-сай-мыз. Жаттығу жасаймыз *(айнамен жұмыс).*
- Біз балабақшада таңертең не істейміз?
- Біз балабақшада таңертең жаттығу жасаймыз.
- Біз балабақшада тамақ ішеміз. Та-мақ-қ-қ і-і-і ше-міз – тамақ ішеміз.

Ұ-ұ-ұ-ұй-ық-қ-қ-таймыз – ұйықтаймыз.

- Біз балабақшада не істейміз?
- Біз балабақшада тамақ ішеміз, ұйықтаймыз.
- Біз балабақшада серуенге барамыз, би билейміз, əң айтамыз, демаламыз, сурет саламыз.
- Біз балабақшада не істейміз?

Біз балабақшада серуенге барамыз, би билейміз, əң айтамыз, демаламыз, сурет саламыз.

*Балалар педагогтің соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды.*

Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.

Балабақша ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз).

Музыка залында ... (əн айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз). Кереуетте ... (ұйықтаймыз)

**Тақпақ жаттау.**

Тамаша ғой бақшамыз, Үйретеді суретке, Үйретеді білімге.

Үйретеді әдепке, Таза болып жүруге.

Педагог балаларға өздеріне таныс сөздерден сөйлем айтуларын сұрайды. Балалар **суретке, таза** сөздерін айтады.

**Сергіту сәті.**

Біз кішкентай баламыз, Өсіп, өсіп толамыз.

Күнге қарай созылып, Көкке қанат қағамыз.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы».

Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар қазақ тіліне аударады.

- Делаем зарядку – жаттығу жасаймыз.
- Кушаем – тамақ ішеміз.
- Поем – ән айтамыз.
- Танцуем – би билейміз.
- Рисуем – сурет саламыз
- Гуляем (идем на прогулку) – серуенге барамыз.
- Спим – ұйықтаймыз.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

Суретке қара. Балалар не істейді? Сөйлемдер құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Бағалау, мадақтау.

- Сендерге қай тапсырма ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№5**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Балабақша қызметкерлері.

**Мақсаты:** балабақша қызметкерлерінің лауазым атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету. **Білімділік міндеті:** балабақшадағы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.

**Түсінеді:** адамгершілікті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді түсінеді.

**Қолданады:** балабақша қызметкерлерімен қазақша амандасады, қарапайым сұраққа жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, слайд: «Балабақша қызметкерлері», суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, қарындаштар, айна.

**Билингвалды компонент**: тәрбиеші – воспитатель, меңгеруші – заведующий, аспаз – повар, дәрігер – врач, мейірбике – медсестра, музыка жетекшісі – музыкальный руководитель,

жаттықтырушы – тренер.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз – тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.

2. **Негізгі кезең**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

- Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Біз балабақшада не істейміз?» тақырыпты қайталау үшін «Балабақша» слайды көрсетіледі, сұрақтар қояды.

- Мынау не?
- Мынау – балабақша.
- Біздің балабақша қандай?
- Біздің балабақша әдемі, кең, жарық.
- Біз балабақшада не істейміз?

Біз балабақшада денемізді шынықтырамыз. (Тамақ ішеміз, ұйықтаймыз, би билейміз, ән айтамыз, демаламыз, сурет саламыз).

- Осы балабақшада, сендерге қызмет көрсететін балабақша қызметкерлерімен танысамыз. Слайд: «Балабақша қызметкерлері».

Ең алдымен бақшаға,

**Тәрбиеші** келеді.

Сені, мені күтеді.

Күлімдейді қарсы алып.

*Педагог балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынады және сөздері қайталап, естеріне сақтауды ескертеді.*

- Мынау – тәрбиеші, і-і-і-ші – тәр-бие-ші.
- Мынау кім?

– Мынау – тәрбиеші. Тәрбиеші кітап оқиды. Тәрбиеші не істейді?

– Тәрбиеші кітап оқиды.

– Балабақшада меңгеруші бар.

Мынау – меңгеруші, ң-ң-ң-ең- мең-ге-ру-ші

– Мынау кім?

– Мынау – меңгеруші.

– Балабақшада дәрігер бар.

– Мынау – дәрігер.

– Мынау кім?

– Мынау – дәрігер.

– Дәрігер емдейді.

– Дәрігер не істейді?

– Дәрігер емдейді.

– Мынау – мейірбике. І-і-і-ір – ме-йір-би-ке.

– Мынау кім?

– Мынау – мейірбике.

– Мейірбике емдейді.

Мейірбеке не істейді?

– Мейірбике емдейді.

Мынау – жаттықтырушы. Қ- қ -қ -ық – жат-тық-ты-ру-шы.

– Мынау кім?

– Мынау – жаттықтырушы.

– Жаттықтырушы балалардың денесін шынықтырады.

– Жаттықтырушы не істейді?

– Жаттықтырушы балалардың денесін шынықтырады.

– Мынау – музыка жетекшісі.

– Мынау кім?

– Мынау – музыка жетекшісі.

– Музыка жетекшісі балаларды ән айтуға, билеуге үйретеді.

– Музыка жетекшісі не істейді?

– Музыка жетекшісі балаларды ән айтуға, билеуге үйретеді.

– Мынау – аспаз.

– Мынау кім?

– Мынау – аспаз.

– Аспаз дәмді ас пісіреді.

– Аспаз не істейді?

– Аспаз дәмді ас пісіреді.

Балалар сөйлемдерді қайталайды.

**Тақпақ оқу.** *Педагог тақпақ оқиды. Өздеріңе таныс сөздерді айтыңдар.*

Мен бақшаға барамын, Ойнаймын, ән саламын. Тәрбиеші әпкелер, Досы барлық баланың.

Балалар таныс сөздерді атайды: балабақша, тәрбиеші.

**Сергіту сәті**

Бір-бірімен сыйласты, Тату жүрміз бәріміз. Бал достықтың ұясы – Біздің балабақшамыз.

Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». Балаларға балабақша қызметкерлерінің суретін көрсету.

– Бұл кім?

– Бұл – тәрбиеші.

– Аты кім?

– Любовь Петровна.

– Дұрыс, сендердің тәрбиешілерің – Тим Любовь Петровна.

Осылайша балабақшада жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады.

***Жұмыс дәптерімен жұмыс***.

Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.

– Мынау кім? Ол не істейді?

– Бұл – аспаз.

– Ол не істейді? Аспаз балаларға дәмді ас пісіреді. т.б. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы».

Педагог балабақша қызметкерінің атауын орыс тілінде айтады, балалар аударады. Воспитатель – тәрбиеші

Заведующая – меңгеруші Повар – аспаз т.б.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Бағалау, мадақтау.

- Сендерге қандай тапсырма ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген біліміндеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 6**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы**: Менің ойыншықтарым.

**Мақсаты:** тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру.

**Білімділік міндеті:** балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.

Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дағдыландыру, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға

жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ойыншықтарды атап, қазақша дыбыстарды дұрыс айтады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, жауап береді.

**Қолданады:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** куыршақтар – Сәуле мен Арман, ойыншықтар, қоржын

, суреттер, жұмыс дәптері, қима материалдар, айна, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: менің ойыншықтарым – мои игрушки, жұмсақ ойыншықтар – мягкие игрушки, темір ойыншықтар – железные игрушки, резеңке ойыншықтар – резиновые игрушки, пластмасса ойыншықтар – пластмассовые игрушки.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері**

Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз, Қандай жақсы бір тұру, Достарыммен бір жүру, Қайырлы күн, достарым!

Қайырлы күн, Сәуле мен Арман!

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман ойыншықтарға толы қоржынмен бірге келеді.

– Қайырлы күн, балалар! Ойнауға шақырады.

Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?».

Балалар өткен тақырыптар бойынша сөздерді естеріне түсіріп, атайды.

Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар» қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар.

Диалог:

Бала: Сәлеметсіз бе!

Қуыршақ: Сәлеметсіз бе!

Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық?

Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал.

Бала: Рақмет.

Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе!

Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал.

Бала: Рақмет. т.б.

Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар

болады.

- Мынау – түлкі.
- Мынау не?
- Мынау – түлкі.
- Ойыншық түлкі – жұмсақ ойыншық.
- Ойыншық түлкі қандай?
- Ойыншық түлкі – жұмсақ ойыншық.
- Мынау – кірпі.
- Мынау не?
- Мынау – кірпі.
- Ойыншық кірпі пласмассадан жасалған. Ол пластмасса ойыншық.
- Ойыншық кірпі неден жасалған?
- Ойыншық кірпі пласмассадан жасалған.
- Кірпі қандай ойыншық?
- Кірпі – пластмасса ойыншық.
- Мынау – доп.
- Мынау не?
- Мынау – доп.

– Доп резеңкеден жасалған. Ол – резеңке ойыншық.
– Доп неден жасалған?
– Доп резеңкеден жасалған.
– Доп қандай ойыншық?
– Доп – резеңке ойыншық.
– Мынау – мәшине.
– Мынау не?
– Мынау – мәшине.
– Мәшине – темірден жасалған ойыншық. Ол – темір ойыншық.
– Мәшине неден жасалған?
– Мәшине – темірден жасалған ойыншық.
– Мәшине қандай ойыншық?
– Мәшине – темір ойыншық. Балалар қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ү -ү –тү-түл-кі – түлкі І -і -пі –кір-пі – кірпі. **Сергіту сәті**

Добым, добым, домалақ, Қайда кеттің домалап?

Секіресің, зырлайсың, Бір орнында тұрмайсың.

Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». *Педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес суреттерді көрсету, сөйлем құрап, қима материалдармен жұмыс жүргізіледі.*

– Мынау қандай ойыншық?

– Мынау – доп.

Доп неден жасалған?

– Резеңкеден жасалған ойыншық.

– Менде неше доп бар? Доптар қандай?

– Мынау – ... (үлкен доп, кішкентай доп, қызыл доп, сары доп, ...)

– Мынау қандай ойыншық?

– Мынау – кірпі.

– Кірпі неден жасалған?

– Пласмассадан жасалған ойыншық.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс**.

1. Ойыншықтарды ата. Өзіне ұнаған ойыншықты сипатта.
2. Тыңда. Таныс сөздерді тап, ата.

Педагог М.Әлімбаевтың ойыншықтар туралы өлеңін оқиды. Балалар өлең ішінен өздеріне таныс сөздерді тауып айтады. Мысалы: *аю, қасқыр, ойыншық, піл т.б.*

Өлеңнің мазмұнын түсіндіріп береді.

Өлеңде кездесетін ойыншықтардың аттарын жеке-жеке және хормен айтқызады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Сөздік ойын: «Аудармашы»

Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады. ойыншық – игрушка

менің ойыншықтарым – мои игрушки жұмсақ ойыншықтар – мягкие игрушки

железные игрушки – темір ойыншықтар резиновые игрушки – резеңке ойыншықтар.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 7**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы**: Менің сүйікті ойыншығым.

**Мақсаты:**ойыншықты меншіктеп айтуға, диалогке қатысуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** ойыншықтарды сипаттау, сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде

қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дамыту, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ойыншықтарды, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, жауап береді.

**Қолданады:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ойыншықтар, жұмыс дәптері, қима материалдар, айна, қарындаштар.

**Билингвалды компонент**: біздің ойыншықтарымыз – наши игрушки, ойын бұрышы – игровой уголок, таза – чистый, жуу керек – надо мыть, жинау керек – надо собирать, сындырмау– не ломать, лақтырмау керек – не бросать.

**ҰОҚ барысы:**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Қуанамыз күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып,

Достармен бірге жүреміз.

Өткен тақырыпты қайталау. Дидактикалық ойын: «Алтын сақа».

Алтын сақаны қолына алған бала өткен «Менің ойыншықтарым» тақырыбы бойынша сөз айтады.

2. **Негізгі кезең**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәуленің қолында ойыншық ақ аю.

– Сәлеметсіздер ме?!

Педагог: Сәуле, қолыңдағы не?

Бұл – ақ аю, менің сүйікті ойыншығым. Аю әдемі, жұмсақ.

*Сүйікті. Сү-йік-ті.* Балалар айтып жаттығады.

Педагог: Балалар сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?

Балалар өздерінің сүйікті ойыншықтарын атап, қысқаша сипаттайды (түсі, көлемі, неден жасалғаны).

Ойын «Кім жылдам?» .

Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек.

*Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел.*

Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады.

Педагог шағын мәтін құрайды. Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын

бұрышында тұрады. Ойыншықтарды жинау керек. Тап-таза ұстау керек. Оларды жуу керек. Ойыншықтарды сындырмай, лақтырмай ойнау керек.

3-4 бала мәтінді қайталайды.

*Балалармен қайталау.*

- Қ-қ-ақ-лақ-тыр-ма – лақтырма.
- Ы-ы-ын-сын-дыр-ма – сындырма Сөздік ойын: «Аудармашы».

Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударады. Наши игрушки – біздің ойыншықтарымыз

Игровой уголок – ойын бұрышы Чистый – таза

Надо собирать – жинау керек Не ломать – сындырмау керек Надо мыть – жуу керек

Не бросать – лақтырмау.

**Сергіту сәті.** *М.Әлімбаевтың ойыншықтар туралы өлеңін қимылмен айтады және жасайды.*

Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқанынан шықпайды. Бұзау, қозы, құлыншақ

«Ұйықта», – десең, ұқпайды. Тыңдамайды ұрысса, Осылары дұрыс па?

Тентектігін қоймаса,

Тұрғызармын бұрышқа.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс**.

1. Өзіңнің сүйікті ойыншығыңның суретін сал. Шағын мәтін құра.
2. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

«Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Ойыншықтар.

Ойын: «Дұрыс ата». Ойыншықтарды атайды, қаламмен тексереді.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№8**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы**: Алтын күз.

**Мақсаты:** игерген сөздерін қолданып, шағын мәтін құру дағдыларын дамыту.

**Білімділік міндеті**: күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде

сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** күз мезгілі, күз айларын, шағын мәтінді, жаңылтпашты қайталайды.

**Түсінеді:** күз мезгілінің ерекшелігін.

**Қолданады:** қарапайым сұрақтарға жауап береді.

**Алдын ала орындалатын жұмыстар:** балалармен серуен кезінде бақылау жүргізуге қатысу. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: күз айлары – осенние месяцы, қыргүйек – сентябрь, қазан – октябрь, қараша – ноябрь, алтын күз – золотая осень, бұлт – облако.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты. Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, балалар!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Бәрін ойын ойнауға шақырады.

Өткен «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыпты қайталау. Ойын: «Кім тапқыр». *Педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес қима суреттерді көрсету.*

Топтағы ойыншықтарды атап, сипаттау. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Демонстрациялық материалдармен жұмыс.

Педагог шағын мәтін құрайды. *Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша.*

Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ.

- Мынау не?
- Мынау – жапырақ.
- Жапырақ сары.
- Жапырақ қандай?
- Жапырақ сары.
- Алтын күз.
- Қандай күз?
- Алтын күз.

Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ү- ү-үз-үз – келді күз.

Ү-ү-ү-үй - қыр-гү -йек – қыргүйек Қ-қ-қ-қа- қа-зан – қазан

Қ-қ-қ-қа- қа-ра-ша – қараша

**Жаңылтпашпен танысу.**

Күз, кез, күз, Күш, кеш, көш, Күл, кел, көл,

Кілең қысқа сөз, Кім оқиды тез?

Балалар жанылтпашты қайталайды: жай, жылдам.

**Сергіту сәті.** Массаж: Балалар бір-бірінің артына сөздерді қайталап, сурет салады.

Күн шықты, Сәулесін шашты, Бұлт жапты, Жаңбыр жауды,

Кемпірқосақ шықты.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата.

Балалар сөйлем құрайды. *Суретте күз бейнеленген. Күзде жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғаяды. Құстар ұшып кетеді.*

*2.* Жаттап ал. *Педагог тақпақты бірге жаттауды ұсынады.*

Алтын, сары, қызыл көк – Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.

Қ.Шаңғытбаев

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Ойын: «Қолшатыр».

«Жаңбыр» деген сөзден кейін, балалар алақанын төмен қаратып ұстап тұрады. Балалар сұқ саусақтарын алақанның ішіне тигізіп тұрады. Педагог үшке дейін санап, алақанын жұмады, осы кезде балалар жылдам қолдарын алуға тырысады. Қай баланың қолын ұстап қалса, сол бала ойыннан шығады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

– Бүгін қандай жаңа сөздермен таныстық? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№9**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Көгөністер.

**Мақсаты:** жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру.

**Білімділік міндеті:** тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде

қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге

жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** көгөністердің қазақша атауларын атайды, диалог құрайды, тақпақты жаттайды.

**Түсінеді:** көгөністер бақшада өседі.

**Қолданады:** тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, себет, түрлі түсті жапырақтар, табақ, көгөніс-муляждары, демонстрациялық материалдар, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар.

**Билингвалды компонент**: көгөністер – овощи, бақша – огород, қызылша – свекла, орамжапырақ – капуста, дәмді – вкусный, пайдалы – полезно.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман себетпен түрлі түсті жапырақтар алып кіреді. Балалармен сәлемдеседі.

Өткен «Алтын күз» тақырыпты қайталау. Аз қимылды ойын: «Кім жылдам?». Педагог себеттегі жапырақтарды шашады, балалар жылдам жинап алады.

Педагог сұрақтар қояды:

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?

Күзде ағаштың жапырақтары сарғаяды, жерге түседі. Жаңбыр жауады. Күн салқындайды.

**2. Негізгі кезең**

Педагог балалардың назарларын табаққа аударады. Міне, күз сыйлығы (табақта көгөніс- муляждар).

- Мынау нелер?
- Мынау – көгөністер.

Өткен жылдан таныс көгөніс атауларын естеріне түсіруге көмектесіп, жаңа сөздермен таныстырады.

- Мынау – қияр. Мынау – қызанақ. Мынау – пияз. Мынау – сәбіз.
- Мынау – қызылша, қы-зыл-ша.

– Мынау не?
– Мынау – қызылша.
– Қызылша күзде піседі.
– Қызылша қай жыл мезгілінде піседі?
– Қызылша күзде піседі.
– Қызылша қызыл.
– Қызылшаның түсі қандай?
– Қызылша қызыл.
– Қызылша дәмді, өте пайдалы.
– Қызылша қандай?
– Қызылша дәмді, өте пайдалы.
– Мынау – орамжапырақ.
– Мынау не?
– Мынау – орамжапырақ.
– Орамжапырақ күзде піседі.
– Қызылша қай жыл мезгілінде піседі?
– Орамжапырақ күзде піседі.
– Орамжапырақ жасыл. Өте пайдалы.
– Орамжапырақ қандай?
– Орамжапырақ жасыл. Өте пайдалы.
– Көгөністер бақшада өседі.
– Көгөністер қайда өседі?
– Көгөністер бақшада өседі.

Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.

– *Орамжапырақ, қияр, қызылша, қызанақ* сөздеріндегі «қ» дыбысына көңіл бөлу. Балалар осы дыбысты дұрыс дыбыстап үйренеді, жаттығады.

**Тақпақ жаттау.**

Көгөністі көп ектік,

«Өссін, піссін», – деп ектік. Көктемде еккен көгөніс, Күзде берді көп өнім.

Педагог тақпақты оқиды, мазмұнын түсіндіреді, балалармен жаттайды.

**Сергіту сәті.** Ойын: «Кім жылдам?» себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды.

«Жеміс-көгөніс дүкені» демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөніс сатылатынын атайды. Педагог алдымен өзі айтады: Дүкенде қияр бар. Дүкенде қызанақ бар.

«Дүкен» ойыны. Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау.

Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді. Диалог:

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Маған қияр беріңізші.
- Алыңыз.
- Рақмет. Сау болыңыз.

Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс**.

1. Көгөністерді тап. Ата. Олар қайда өседі? Өзіңе ұнаған көгөністі сипатта.
2. Жаңылтпашты жаттап ал.

*Бақшада көп көгөніс,*

*Бақтарда да көп жеміс.*

*Өседі, піседі*

*Көп жеміс пен көгөніс.*

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Бүгін біз не істедік? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№10**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Жемістер

**Мақсаты:** күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету.

**Білімділік міндеті:** жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі

сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрайды, жаңылтпашты қайталайды. Диалогке қатысады.

**Түсінеді:** сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.

**Қолданады:** жемістердің атауларын қолданады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қоржын , жемістер мен көгөністер муляждары, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: жемістер – фрукты, өрік – абрикос, анар – гранат, құрма – хурма, шабдалы – персик.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар Сәуле мен Арман қоржынмен көгөністер мен жемістер алып кіреді.

– Қайырлы таң, балалар! Бүгін сендермен ойын ойнаймыз.

Дидактикалық ойын: «Көгөністер мен жемістер». Қоржындағы көгөністерді бөліп алады, қайталап, сипаттайды (көлемін, түсін). Білетін жемістерді атайды. Балалар әр

дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2. Негізгі кезең**

Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Қоржынның екінші жағын ашады.

*Педагог жемістерді бір-бірлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады.*

– Күз мезгілінде жемістер піседі.

– Мынау – өрік. Ік-ік – міне, өрік.

– Мынау не?

– Мынау – өрік.

– Өрік – жеміс.

– Өрік не?

– Өрік – жеміс.

– Өрік дәмді.

– Өрік қандай?

– Өрік дәмді.

– Мынау – анар.

– Мынау не?

– Мынау – анар.

– Анар – жеміс.

– Анар не?

– Анар – жеміс.

– Анар дәмді, пайдалы.

– Анар қандай?

– Анар дәмді, пайдалы.

– Мынау – құрма.

– Мынау не?

– Мынау – құрма.

– Құрма дәмді, пайдалы.

– Құрма қандай?

– Құрма дәмді, пайдалы.

– Мынау – шабдалы. Мынау не?

– Мынау – шабдалы.

– Шабдалы – жеміс.

– Шабдалы не?

– Шабдалы – жеміс.

– Шабдалы дәмді, пайдалы.

– Шабдалы қандай?

– Шабдалы дәмді, пайдалы.

– Бұлар – жемістер.

**Дыбыстық жаттығу**.(айнамен орындалады) Ө-ө-өр-өр - өрік.

І-і-і-іс-әс – жеміс.

Қ -қ-қ - құрма.

**«Дүкен» ойыны**. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жемістердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау.

Санамақпен сатушыны таңдайды. Бала дүкенге келеді.

– Сәлеметсіз бе!

– Сәлеметсіз бе!

– Маған өрік беріңізші.

– Алыңыз.

– Рақмет. Сау болыңыз.

Ойынды күрделендіруге болады. Бала жемісті сипаттайды. Сатушы оның қандай жеміс екенін табады.

**Сергіту сәті**

Ауладағы бағымда Самсаған көп алмалар, Жете алмаймын санына. Бір ағашта қанша бар Бұтақтан үзілген?

Жарылса анарым, Моншақтай тізілген, Дәндерін аламын.

Сөздік ойын: «Мен қай жемісті көрсеттім». *Педагог себеттен жемістерді алып көрсетеді, балалар атын атайды.*

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір.
2. Жаңылтпашты жаттап ал.

Алма базарда

Алма алма алар ма? Ақ алма алар ма?

Әлде алары анар ма?

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

- Сендерге ең қызық қай тапсырма болды?
- Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтармен қоштасамыз.

**№11**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Жидектер.

**Мақсаты:** сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** жаңа сөздерін сөйлем құруда қолданады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, екі себет, көгөністер, жемістер мен жидектер муляждары, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент**: жидектер – ягоды, қарақат – смородина, құлпынай – клубника, таңқурай – малина.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман себетпен көгөністер мен жемістер алып кіреді.

Балалармен «Кім жылдам?» ойынын ойнайды. Екі себетке көгөністер мен жемістерді бөліп салу, атап және сипаттау.

2. **Негізгі кезең**

Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?».

Ойынның мақсаты: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету.

- Алма, алмұрт, өрік – көгөніс.
- Дұрыс емес, алма, алмұрт, өрік – жеміс. т.б

Дидактикалық ойын: «Күз сыйы». Себетте жемістер, көгөністер және жидектер бар. *Педагог жемістер мен көгөністерді бір-бірлеп алып қайталау, жидектермен таныстырады.*

- Мынау қандай жеміс?
- Ол – өрік. Өрік дәмді.
- Мынау қандай көгөніс?

– Ол – қияр. Қиярда пайдалы дәрумендер көп. т.б
– Мынау – қарақат.
– Мынау не?
– Мынау – қарақат.
– Қарақат дәмді, пайдалы.
– Қарақат қандай?
– Қарақат дәмді, пайдалы.
– Қарақат кішкентай, түсі қара.
– Қарақат қандай?
– Қарақат кішкентай, түсі қара.
– Мынау – құлпынай, қ-құ-ұ-л-пы-най.
– Мынау не?
– Мынау – құлпынай.
– Құлпынай дәмді, пайдалы.
– Құлпынай қандай?
– Құлпынай дәмді, пайдалы.
– Мынау – таңқурай.
– Мынау не?
– Мынау – таңқурай.
– Таңқурай дәмді, пайдалы.
– Таңқурай қандай?
– Таңқурай дәмді, пайдалы.
– Мыналар – жи-дек-тер. *Жидектер дәмді, пайдалы.*

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Қ- қ-қ- қа-ра-қ-қат.

Ұ-ұ-ұ- құ-ұ-л-пы-най

Ң-ң-ң-таң-ң-қу-рай.

«Дүкен» ойыны. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жидектер, жемістер, көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды.

Бала дүкенге келеді.

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Маған қияр қарақат беріңізші.
- Алыңыз.
- Рақмет. Сау болыңыз.

Ойынды күрделендіруге болады. Бала көгөністі, жемісті, жидекті сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс, жеміс, жидек екенін табады.

Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»

- Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады?
- Жидектер.
- Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады?
- Жемістер.
- Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады?
- Көгөністер.

**Сергіту сәті**

Бұлт қабағын түйіп ап, Бүркеп алды аспанды. Тырс-тырс тырсылдап, Жаңбыр жауа бастады. Күнге қолды созамыз, Күннен жылу аламыз.

Бойымызға таратып, Біз көңілді боламыз.

Сөздік ойын: «Мен қай жидекті көрсеттім?». *Педагог себеттен жидектерді алып көрсетеді, балалар атын атайды.*

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Жидектерді тап және ата. Қызыл түспен белгіле.
2. Жұмбақты жаттап ал.

Жапырақты тасалап, Өскен жері – бау-бақша, Күрең қызыл, шіркін-ай,

Жидектің аты – ... (құлпынай) Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

– Қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№12**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Ойнайық та ойлайық.

**Мақсаты:** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту.

**Білімділік міндеті:** меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті**: бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі.

**Түсінеді:** ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу керек екенін түсінеді.

**Қолданады:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, қима суреттер, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: ойна – играть, ойлан – думай.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер!

Бәрін біліп алатын, Мен бақытты баламын.

Ән «Кел, балалар, ойнайық» тыңдату. Ән қандай? Ән көңілді. Кө-ңіл-ді.

2. **Негізгі кезең**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Ойын ойнауға шақырады. «Қызық екен» ойыны

Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады. Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай.

1. Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар:
    - Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата?
    - Күз айларын ата?
    - Күз туралы тақпақ оқы?
    - Сурет бойынша сөйлем құра.
2. Көгөністер.
    - Қандай көгөністерді білесің?
    - Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) *қима суреттерден көрсету.*
    - Сурет бойынша сөйлем құра.
3. Жемістер.
    - Қандай жемістерді білесің?
    - Артығын тап? (Алма, өрік, алмұрт, құлынай).
    - Жемістер туралы жұмбақтар айтыңдар?
    - Сурет бойынша сөйлем құра.
4. Жидектер.
    - Қандай жидектерді білесің?
    - Аудармасын тап? ягоды – ... (жидектер), смородина – ... (қарақат), клубника – ... (құлпынай), малина – ... (таңқурай).
    - Сурет бойынша сөйлем құра.

Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды.

**Сергіту сәті**

Ал, балалар, тұрамыз, Айналаны шоламыз. Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы,

Желге ырғалып шайқалған.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау, жігерлендіру.

– Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№13**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Неше? Санау.

**Мақсаты:** сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. .

**Білімділік міндеті:** санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** онға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, постер

«Ойыншықтар», қима материалдар, бірден онға дейін сандар, асықтар, жұмыс дәптері, қарындаш, айна.

**Билингвалды компонент**: сан – счет, санамақ – считалка, санау – считать, қанша? неше? – сколько?, алты – шесть, жеті – семь, сегіз – восемь, тоғыз – девять, он – десять.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман әдемі себетпен кіреді.

– Сәлеметсіңдер ме! Біз сендермен ойын ойнауға келдік.

Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Жемістер, көгөністер, жидектерді үш себетке бөліп салу, атау, сипаттау.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы».

Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар қазақ тіліне аударады. Фрукты – ... (жемістер).

Овощи – ... (көгөністер).

Ягоды – ... (жидектер). 2.**Негізгі кезең**

Постердің көмегімен ойыншықтарды санау. Бір ит, екі мысық, үш доп, төрт аю, бес ұшақ.

Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.
2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1

Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру». Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).

**Санамақ жаттау.**

Бақшада жақсы аға Ойыншық береді. Бір балық,

Екі шелек, Үш үйрек, Төрт түлкі, Бес бүркіт.

3-4 бала санамақты қайталайды.

**Сергіту сәті.**

Бір, екі, үш,

Біз жинаймыз күш. Төрт, бес,

Үлкен болып өс! Алты, жеті,

Қолымыз еденге жетті. Сегіз, тоғыз, он,

Орындарыңа қон.

Ойын жаттығуы: асықпен орындалады. Педагог қандай бір санды айтады, балалар сонша асықты санап алады да, «неше?» сұрағына жауап береді.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Әрбір дөңгелектің ішіндегі цифрды ата және сонша затты боя.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

–	Сендерге не ұнады? Ең қызық қай тапсырма болды? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы

белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№14**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Апта күндері.

**Мақсаты:** педагогті тыңдау арқылы есте сақтау мен зейінін жетілдіру.

**Білімділік міндеті:** апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік

қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** апта күндерінің қазақша айтады.

**Түсінеді:** қойылған сұрақты түсінеді.

**Қолданады:**апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, «Апта күндері» постері, суретті сөздіктер,  жұмыс дәптері, постер, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**:	апта күндері – дни недели, дүйсенбі – понедельник, сейсенбі – вторник, сәрсенбі – среда, бейсенбі – четверг, жұма – пятница, сенбі – суббота, жексенбі – воскресенье.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қолдаймыз. Біздің топта ұл-қыздар

Тату-тәтті ойнаймыз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Қанша? Санау» тақырыпты қайталау. Дидактикалық ойын: «Көршісін тап?» Шарты: бірден онға дейін сандарды ретсіз қою, балалар сандарды дұрыс қойып тура және кері санайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Постер: «Апта күндері». *Педагог балаларға постерден апта күндерін көрсетіп, бірге жаттауды ұсынады.*

– Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

Балалар қайталайды, жеке және хормен.

Тақпақ «Апта күндері». Педагог оқиды.

Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі,

Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі.

Педагог апта күндерін қайталауды ұсынады. Аптада неше күн?

Бүгін аптаның қай күні? Аптаның бірінші күні? Екінші күні? т.б.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі Ә-ә-ә- сәәр-сенбі

Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма

**Сергіту сәті**

Таңертең тұрамын, Қолымды жуамын. Тісімді тазалап, Бетімді жуамын.

Шашымды тараймын, Киімімді киемін, Бақшама барамын.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет. Балалар дүйсенбіде доп ойнады.

Сейсенбі күні серуенге шықты. Сәрсенбіде сурет салды.

Бейсенбіде би билеп, ән салды. Жұмада жидек терді.

Сенбіде кино көрді.

Жексенбіде үйлерінде демалды. Балалар осылай бір аптаны өткізді.

Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді.

Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: *дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.* Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3.Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№15**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Менің отбасым

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.
**Тәрбиелік міндеті:** үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді, тақпақ жаттайды.

**Түсінеді:** үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін түсінеді.

**Қолданады:** таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, отбасымен түскен суреттер, фотоальбом, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна, қарындаш.

**Билингвалды компонент**: аға – старший брат, іні – младший брат, әпке – старшая сестра, сіңлі, қарындас – младшая сестра.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер.**

   – Балалар, бір-біріңе аналарың еркелетіп атайтын аттарыңды айтыңдар. Өткен тақырыпты қайталау. Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта». *Педагог апта күндерін қайталауды ұсынады.*

Апта күндері.

Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі.

– Бүгін аптаның қай күні?

– Біріншісі қай күн? Жетіншісі қай күн?

2. **Негізгі кезең**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?! Қуыршақтар хат алып келеді.

Педагог: Қараңдаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті).

– Қандай керемет, мына суретте кім бар?

Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді.

**Жаңа сөздермен таныстыру.**

– Аға – старший брат. А-а – аға. Мынау кім?

– Мынау – аға.

– Әпке – старшая сестра. Ә-ә – әпке. Мынау кім?

– Мынау – әпке.

– Іні – младший брат. Мынау кім?

– Мынау – іні.

– Сіңлі – младшая сестра сестры. Мынау кім?

– Сіңлі, сің-лі.

– Қарындас – младшая сестра брата.

– Қарындас, қа-рын-дас.

– Мынау кім?

– Мынау – қарындас.

Педагог балаларды **менің** есімдігімен таныстырады. Өзі айтады: **Менің қарындасым. Менің сіңлім.**

– Қарындасың бар ма?

– Сіңлің бар ма?
– Менің сіңлім/қарындасым бар.
– Сенің ағаң бар ма?
– Менің ағам бар.
– Сенің әпкең бар ма?
– Менің әпкем бар.
– Сенің отбасыңда неше адам бар?

Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке және хормен қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ә-ә-ә – әже

Ә-ә-ә – әке

І-і-і- ің-ің – сің-лі.

**Тақпақ жаттау.** *Педагог отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады.*

Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз, Басбармақ – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам,

Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.

**Сергіту сәті.** Дөңгеленіп тұрамыз, Керегені құрамыз.

Уықтарша иіліп,

Шаңырақты көтеріп, Қазақ үйді құрамыз.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретті сипатта. Отбасы мүшелері не істейді? Өз отбасың туралы әңгіме құра.
2. Мақал-мәтілдерді жаттап ал.

Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Мақал-мәтілдердің *мазмұнын түсіндіреді. Балалар қайталайды.*

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

- Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 16**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Ғажайып алаң.

**Мақсаты:** қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту.

**Білімділік міндеті:** отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді.

**Қолданады:** таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ғажайып барабан, отбасымен түскен суреттер, фотоальбом, қима материалдар, жұмыс дәптері, қарындаш.

**Билингвалды компонент**: отбасы – семья, тату тұрамыз – живем дружно, атамның аты – дедушку зовут, әжемнің аты – бабушку зовут, ғажайып алаң – поле чудес.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер.**

   – Балалар, бір-біріңе аналарың еркелетіп атайтын аттарыңды айтыңдар.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақырады.

2. **Негізгі кезең**

Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды.

Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау.

Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім,

Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз.

Екінші тапсырма: Отбасы туралы қандай мақал білесіңдер?

*Балалар мақалдарды естеріне түсіреді.*

1. Отан отбасынан басталады.

2. Баланың бас ұстазы – ата-ана.

3. Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар.

4.Аға әдепті болса, іні әдепті,

Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.

Үшінші тапсырма: Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды.

- Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты Атам теледидар көреді.
- Мынау – менің әжем. Әжемнің аты Әжем ән айтады.
- Мынау – менің әкем. Әкемнің аты Әкем ойыншық берді.
- Мынау – менің анам. Анамның аты Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз.

Төртінші тапсырма: Диалог құру. Сұрақтарға жауап беру. Балалар бір-біріне сұрақтар қояды.

- Сенің ағаң бар ма?
- Ағаңның аты кім?
- Сенің әпкең бар ма?

– Әпкеңнің аты кім? т.с.с

Бесінші тапсырма. Дидактикалық ойын: «Тыңда, есте сақта, қайтала». Қуыршақ Сәуле сан тіркесімен отбасы мүшелерін айтады, балалар тыңдап алып, қайталаулары керек. Мысалы: *менің 2 әжем, 1 атам, анам, 3 інім бар.*

**Сергіту сәті.**

Дөңгеленіп тұрамыз, Керегені құрамыз.

Уықтарша иіліп,

Шаңырақты көтеріп, Қазақ үйді құрамыз.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Суреттерге қара. Отбасы мүшелерін ата. Сөйлем құра.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Үлгі: Менің атам бар. Атамның аты – ... .

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

– Сендерге ойын ұнады ма? Қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы

белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№17**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Мен және менің достарым.

**Мақсаты:** тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру. **Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру **Тәрбиелік міндеті:** достыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады. Сөйлемдер құрастырады.

**Түсінеді:** дос, тату, достар сөздерін түсінеді.

**Қолданады:** өзі және достары туралы айтады, қарапайым сұраққа жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, қарындаштар, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: дос – друг, достар – друзья, тату – дружно, біздің достарымыз – наши друзья.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Шаттық шеңбері:** *педагог балаларға өлеңді бірге қимылмен айтуға ұсынады.*

Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер.

Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.

**Ғажайып сәт**: Қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Балалармен амандасады. Ойын ұйымдастырады.

Өткен «Менің отбасым» тақырыпты қайталау. Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта». Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2. Негізгі кезең**

Демонстрациялық материалдармен жұмыс. П*едагог балаларға балабақшаның суретін көрсетіп, сұрақтар қояды.*

– Мынау не?

– Бұл – балабақша.

– Балалар қайда келді?

– Балалар балабақшаға келді.

– Балалар не істеп жүр?

– Балабақша ауласында ойнап жүр.

– Саған балабақшада көңілді ме?

– Иә, балабақшада көңілді. Балабақшада балалар көп. Олар бір-бірімен дос.

– Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым.

*Педагог балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынады және сөздерді қайталап, естеріне сақтауды ескертеді.*

– Артем, сен кіммен ойнайсың? Артем, Арлан сенің досың ба?

– Иә. Менің досым – Арлан.

– Артем, Арлан – достар.

– Достар қалай ойнайды?

– Достар тату ойнайды.

– Біз Артем екеуміз дос-пыз, та-ту ойнаймыз.

– Біз-дің до-сы-мыз көп (балалар қайталайды).

*Педагог* ***мақал-мәтелді*** *түсіндіреді.*

«Адам досымен, ағаш тамырымен мықты» .

Жаңа сөздерді естерінде сақтату: дос – друг, достар – друзья, тату – дружно, біздің достарымыз – наши друзья

**Дидактикалық ойын**: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле». Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.

*Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз.*

*Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз.* (Балалар қайталайды).

**Сергіту сәті.** Зеңгір көктем, нұрын төккен,

Ортақ біздің гүліміз,

Жайнап өскен, жайдары өскен, Біз өмірдің гүліміз.

Бал достыққа, жолдастыққа Шақырады әніміз.

Тыныштықта, нұр құшақта Бақыттымыз бәріміз.

***Жұмыс дәптерімен жұмыс***.

1. Суретке қарап, достар туралы шағын мәтін құра. Балалар қандай ойындар ойнайды?
2. Арманға достарымен кездесу үшін жолды табуға көмектес. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия**

Қорытындылау, бағалау, мадақтау.

– Біз бүгін не істедік? Сендерге не ұнады?

– Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№18**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Мамандықтың бәрі жақсы.

**Мақсаты:** әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету.

**Білімділік міндеті:** мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын байыту, дұрыс атау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** мамандық атауларын қазақша атайды, жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материалдар, мамандықтар (слайд), жұмыс дәптер, қарындаштар, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: кім болып істейді? – кем работает?, ұшқыш – летчик, ғарышкер – космонавт, құрылысшы – строитель, сатушы – продавец, дәрігер – врач, ұшады – летает,

емдейді – лечит, салады – строит, сатады – продает.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Таңертең тұр шынық, Еңбек ет те тынық.

Ешбір жалқау болма, Ауырмайсың сонда.

Ә.Тобылды

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?! Біз сендерге доп әкелдік, ойын ойнаймыз.

Өткен «Мен және менің достарым» тақырыбы бойынша үйренген сөздерді қайталау. Ойын:

«Ыстық доп». Сұрақ-жауап алу. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2. Негізгі кезең**

Слайд: «Мамандықтар». Мамандықтарды суреттермен таныстырады. Бейнетаспа арқылы **жаңа сөздермен таныстыру.**

– Мынау – ұшқыш. Мынау кім?

– Мынау – ұшқыш.

– Мынау – ғарышкер. Мынау кім?

– Мынау – ғарышкер.

– Мынау – дәрігер. Мынау кім?

– Мынау – дәрігер.

– Мынау – құрылысшы. Мынау кім?

– Мынау – құрылысшы.

– Мынау – сатушы. Мынау кім?

– Мынау – сатушы. Балалар сөздерді қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.

Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер.

Ойын: Кім не істейді?

Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды.

«Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды.

– Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді?

*Балалар Менің* есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды.

– Менің әкем құрылысшы болып істейді.
– Менің анам дәрігер болып істейді. Жаңылтпашпен таныстыру.

Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма?

Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу.

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрамыз, Аяқты нық басамыз.

Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып аламыз.

Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3.Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. Сендерге не ұнады? Қызықты болды ма? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар  балалармен қоштасады.

**№19**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Жақсы өнеге.

**Мақсаты:** қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. **Білімділік міндеті:** сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру,

артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті**: балаларды сыпайылыққа, инабаттылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:**

**Жасайды:** сыпайы сөздер мен сөйлемдерді айтады.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды, сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.

**Қолданады:** үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеді, жай сөйлеммен жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, жұмсақ ойыншықтар, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент:** жақсы өнеге – хорошие манеры, әдепті – воспитанный, рақмет – спасибо, кешіріңіз – извините, өтінемін – пожалуйста.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер.**

Балалар шеңбер бойымен тұрып, бір-бірлеріне жақсы тілектер айтады.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен тақырыпты қайталау. Ойын «Кім көп біледі?»

Мазмұны: балалардың әрбір айтқан сөз, сөйлеміне фишка беріледі. Соңында фишкалар саналып, жеңімпазды анықталады.

- Қандай мамандықтарды білесіңдер? (Ғарышкер, құрылысшы, сатушы, дәрігер).
- Балабақшада кімдер жұмыс істейді? (Тәрбиеші, аспаз, мейірбике т.б)
- Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. Сенің әкең кім болып жұмыс істейді? (Менің әкем – дәрігер).

2. **Негізгі кезең.**

Педагог: Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік.
1-жағдаят:

Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.

– Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың?

Балалар жауап береді.

2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.

- Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың?
- Мен кешірім сұраймын.
- «Кешір» деген сөзді айтамын.
- Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды.

Ойын: «Ғажайып сөздер»

- Сәлеметсіз бе?
- Өтінемін.
- Рақмет, рақ-мет.
- Кешіріңіз.

Балалар жаңа сөздерді қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ә- ә - ә - ә – ә – әәдеп-ті, әдепті. Ө -ө-ө-өөті- не-мін, өтінемін.

І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-ң-і-і-з, кешіріңіз Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»

- Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс?

Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді.

Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді.

Не деп айтып жеу керек?

«Рақмет, апа!» – деу керек. Балалар жүр көшеде,

Естілді шу-айғай.

Сен де шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай.

Мұндайда не деу керек?

«Кешір досым», – деу керек. Осы келген бетіңде,

Допты қудың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайы

Ұмыттың сен не деу керек?

«Сәлеметсіз бе!» – деу керек.

Біз әдепті баламыз, Ойнап асыр саламыз. Айтқан тілді аламыз, Сәлем беріп үлкенге, Жол көрсете аламыз.

**Сергіту сәті**

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суреттерге қара. Сыпайы сөздерді қай кезде айтады? Суреттерді сәйкес сөздермен қос. Сөйлем құра.
2. Мақал-мәтелдерді жаттап ал.

Әдептілікті данадан үйрен.

«Сіз» деген – әдеп,

«Біз» деген – көмек.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Ойын «Сұраққа жауап бер».

- Сен әдепті баласың ба?
- Иә. Мен әдепті баламын.
- Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба?
- Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын. т.б

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

– Қандай тапсырма қызықты болды? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген

білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№20**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі**.**

**Тақырыбы:** Менің пәтерім (үйім)

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

**Білімділік міндеті**: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру.

**Дамытушылық міндеті**: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті**: өз үйіне деген жылы сезімдерін арттыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, сөйлем құрастырады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, дұрыс толық жауап береді.

**Қолданады:** сөздерді дұрыс қолданады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ойыншық құрылыс материалы немесе LEGO, интербелсенді тақта, қима материал, жұмыс дәптері, фишкалар. **Билингвалды компонент**: пәтер – квартира, бөлме – комната, қонақ бөлме – гостиная, дәліз

– коридор, асүй – кухня.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Жыл мезгілін, апта күнін сұрақтар арқылы анықтау.

Өткен «Жақсы өнеге» тақырыбын қайталау. Ойын: «Ғажайып сөздер». Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

*Ойын* «Сұрақ-жауап»

- Сен қай Республикада тұрасың? (Қазақстан Республикасында тұрамын.)
- Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады)
- Қай көшеде тұрасың? (Өз көшелерін айтады).
- Қандай үйде тұрасың? (Үлкен, кішкентай үйде тұрамын).
- Үйдің нөмірі қандай?

Педагог екі баланы шақырып, ойыншық құрылыс материалы немесе LEGO-ны пайдаланып, бірқабатты немесе көпқабатты үй тұрғызуға тапсырма береді.

- Мынау қандай үй?
- Мынау – көпқабатты үй.
- Мынау бірқабатты үй.
- Кім көпқабатты үйде тұрады?
- Сен нешінші қабатта тұрасың?

Бірнеше бала жауап береді.

- Көпқабатты үйде пәтерлер бар.

Сурет бойынша жұмыс.

– Мынау – пәтер. Мынау не?
– Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді).
– Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме.
– Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме бар?

Бөлмелерді санайды.

Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй ) қалай аталатынын айтады. Ондағы таныс заттарды естеріне түсірту.

– Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім).
– Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар).
– Мынау қандай бөлме?
– Мынау – асүй. Мынау – ...
– Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...)

**Сергіту сәті**

Дөңгелене тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық.

Үлестірмелі суреттермен жұмыс «Кімде не бар?» суреттегі заттарды атап, көрсетеді. Менде кереует бар. т.с.с

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суреттерде қандай үйлер бейнеленген? Сен қай үйде тұрасың? Бөлмелерді ата. Бөлмелерде нелер бар?

Мысалы: Қонақ бөлме жарық, таза, әдемі. Қонақ бөлмеде әдемі кілем бар.

2. Қандай үйде тұрғың келеді? Суретін сал. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Тапсырмалар ұнады ма? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 21**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Менің бөлмем

**Мақсаты:** Шағын мәтін құруға жаттықтыру.

**Білімділік міндеті**: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті**: қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру,

артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті**: бөлмесін жинап жүруге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, шағын мәтін құрастырады.

**Түсінеді:** сөйлемдердің дұрыс, қателігін түсінеді.

**Қолданады:** меңгерген сөздерін қолданып, сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, мнемо кесте, интербелсенді тақта, қима материал, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: балалар бөлмесі – детская комната, ойыншықтар – игрушки, шам

– лампа, перде – шторы, кітаптар – книги.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Ойын: «Қандай сөз артық?». Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін

фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?».

Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады.

– Қай көшеде, қандай үйде тұрасың?

Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды.

– Мен ... (көшенің аты) көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын.

– Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме?

– Сенің пәтеріңде (үйіңде) қандай бөлме бар?

Суретпен жұмыс.

– Мынау – балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме?

– Мынау – балалар бөлмесі.

Бірнеше бала жауап береді.

– Бөлмеде нелер бар? Бөлмедегі заттарды атап, көрсетеді. Бөлмеде кілем, кереует, үстел, орындық бар. Бөлмеде ойыншықтар бар.

– Бөлме қандай? (әдемі, жарық)

– Терезеде перде бар. Перде әдемі.

– Мынау не? (Перде сөзін жеке, хормен қайталайды).

– Бөлмеде шам бар. Мынау шам.  Шам үстелдің үстінде тұр.

– Шам қайда тұр?

– Бөлмеде кітаптар бар. Кі-тап-тар.

– Сенің бөлмең бар ма? Бөлмеңде не бар?

Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды, жеке-жеке жауап береді.

Сәуле өзінің бөлмесі туралы айтады: *Менің бөлмем үлкен, жарық, таза. Бөлмемде кереует, үстел, орындық бар. Ойыншықтар бар. Мен бөлмемде ойнаймын. Ойыншықты жинаймын.* Балалар үлгі бойынша мәтін құрайды.

**Сергіту сәті**

Дөңгелене тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретте қандай бөлме бейнеленген? Бөлмеде нелер бар?
2. Өзіңнің бөлмеңде бар заттардың суретін сал. Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Қандай тапсырма ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№22**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Менің Отаным.

**Мақсаты:** Отан туралы түсініктерін кеңейту.

**Білімділік міндеті:** педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақ үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды**: жаңа сөздерді, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, тақпақ, мәтін қайталайды.

**Түсінеді:** *жаңа* сөздер және қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** сөйлем құрайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, постер, слайд: «Менің Отаным», суретті сөздіктер, қима материалдар, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: менің Отаным – моя Родина, тәуелсіз – независимый, мемлекет – государство.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз.

Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен тақырыпты қайталайды. Ойын «Кім көп біледі?» қойылған сұраққа толық жауап беру. Сенің бөлмеңде не бар? Мысалы, Менің бөлмемде ойыншықтар, ертегі кітап, кереует, үстел, орындық бар. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Слайд: «Менің Отаным». **Жаңа сөздермен таныстыру**: менің Отаным, тәуелсіз, мемлекет. Менің Отаным - ме-нің О-та-ным.

Тәуелсіз - ә-ә -ә – тә-уел-сіз – тәуелсіз Мемлекет – мем-ле-кет, мемлекет.

Педагог балалармен суреттер арқылы сөздерден сөйлем, шағын мәтін құрау.

*Біздің Отанымыз – Қазақстан. Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Қазақстан мемлекетінің Президенті бар. Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.* (Балалар сөйлемдерді, мәтінді қайталайды).

Дидактикалық ойын: «Аудармашы».

Педагог орыс тілінде сөздерді айтады, балалар аударады. Моя Родина – Менің Отаным.

Независимый – тәуелсіз. Государство – мемлекет. **Тақпақ жаттау.**

Отан – сенің ата-анаң, Отан – досың, бауырың, Отан – өлкең, астанаң, Отан – аудан, ауылың.

Е. Өтетілеуұлы

Педагог тақпақты 2-3 рет қайталап айтады. Балалар жаттайды.

**Сергіту сәті**

Керегені жазайық,

Шаңырақты құрайық. Уық болып, иіліп, Киіз үйдей болайық.

*Сөздік ойын:* «Сұрақ-жауап»

– Сенің Отаның қалай аталады?

– Менің Отаным – Қазақстан.

– Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады).

– Отанымыздың бас қаласын ата?

– Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан.

– Қазақстан қандай мемлекет?

– Қазақстан – тәуелсіз мемлекет.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суреттерге қара. Сөйлем құра. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті кім?
2. Мақал-мәтелді жатта. Мағынасын түсіндір. Отан – оттан да ыстық.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

- Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 23**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Зерде» интеллектуалды  ойыны.

**Мақсаты:** ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту.

**Білімділік міндеті:** меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті**: білімпаздыққа, шапшаң ойлауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тапсырмаларды орындайды, таныс сөздерді айтады.

**Түсінеді:** сөздерді сөз тіркестерін түсінеді.

**Қолданады:** сұраққа сөйлеммен жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар Сәуле мен Арман, қима суреттер, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**:«Зерде» интеллектуалды ойыны – интеллектуальная игра «Зерде».

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері**

Шарлау үшін әлемді, Қуат керек әуелі.

Жігер керек, ой керек, Ерлік керек еп керек. Ол үшін ең керегі

Шынықтыру денені.

Д. Қанатбаев

**2. Негізгі кезең**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Бәрін «Зерде» интеллектуалды ойын ойнауға шақырады.

**І кезең**: **«Таныстыру»**.

Балалар өздерін таныстырады. (Менің атым Мен бес жастамын. Мен балабақшаға

барамын).

**ІІ кезең**: «Білгенге – маржан». Бұл кезеңнің шарты сұрақтарға жылдам тез жауап беру керек.

- Мамандық иелерін ата?
- Біздің Отанымыз қалай аталады?
- Бөлмеде не бар?
- Сыпайы сөздерді ата.
- Таңертең не істейміз?
- Апта күндерін ата. т.б

**ІІІ-кезең**:**«Кім тапқыр?».** Бұл кезеңнің шарты әр сөздің тек аудармасын айту керек. Моя Родина – Менің Отаным

квартира –пәтер комната– бөлме коридор – дәліз кухня – асүй спасибо – рақмет продавец – сатушы

строитель – құрылысшы врач – дәрігер т.б

Балалар әр айтқан сөздері үшін фишка алады. Ойын соңында фишкалар саналып, ең көп фишка жинаған бала жеңімпаз аталады.

**Сергіту сәті**

Еркін ұста денеңді,

Тарсылдатпай еденді. Орнымыздан тұрып ап, Жүгірейік бір уақ.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Бойға жинап күш.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Әр қатардағы артық затты тауып ата. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау, жігерлендіру. Барлық балаларға қатысқандары үшін, диплом беріледі.

- Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№24**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Ту.

**Мақсаты:** Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Білімділік міндеті:** Мемлекеттік Туды сипаттай білуге үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** Мемлекеттік Туды сипаттайды, тақпақты қайталайды.

**Түсінеді:** сөздерді, сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, постер, суретті сөздіктер, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент:** Мемлекеттік Рәміздер – Государственные Символы, гимн – гимн, ту – флаг, қыран – орел, ою – орнамент, күн шуақтары – лучи солнца.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері**

Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз,

Жерді көреміз.

Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз.

2. **Негізгі кезең**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Слайд: «Менің Отаным». Өткен тақырыпты қайталау.

– Біздің Отанымыз қалай аталады?

– Біздің Отанымыз – Қазақстан.

– Біздің Отанымыз – қандай мемлекет?

– Біздің Отанымыз – тәуелсіз мемлекет.

**Жаңа сөздермен танысу**. Мемлекеттік рәміздер, гимн, ту, қыран, ою, күн шуақтары. Постермен жұмыс.

Мынау – **Мемлекеттік Ту**. Тудың шетінде ою-өрнек, ортасында күн, күннің астында қыран құс бейнеленген. Түсі көгілдір.

- Мемлекеттік Туда не бейнеленген?
- Мемлекеттік Туда қыран, күн, ою-өрнек бейнеленген.
- Тудың түсі қандай?
- Түсі көгілдір.
- Мемлекеттік Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков.
- Мемлекеттік Тудың авторы кім?
- Мемлекеттің Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков.

*Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.*

**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық, Құстай қанат қағайық. Бір отырып, бір тұрып Біз сергіп алайық.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы».

Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударады. Мемлекеттік Рәміздер – Государственные Символы

Ту – Флаг қыран – орел

ою – орнамент

күн шуақтары – лучи солнца

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Туды сипатта, сөйлем құра.

*Мемлекеттік Туда күн бейнеленген. Күннің түсі сары. Мемлекеттік Туда қыран құс бейнеленген. Мемлекеттік Туда ою-өрнек бейнеленген. Мемлекеттік Тудың түсі көгілдір.*

2. Тақпақ жатта.

**Қазақстан жалауы** Жалауымда көгілдір, Күн күледі төгіп нұр. Қыран-бейне қанатты,

Көкке самғар – еліммен!

Ө.Ақыпбекұлы

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

– Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№25**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Мемлекттік Рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба.

**Мақсаты:** Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Білімділік міндеті:** Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. **Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттайды, тақпақты жаттайды.

**Түсінеді:** тақпақтың мағынасын, сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, постер, суретті сөздіктер, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент**: елтаңба – герб, қанатты пырақ – крылатый конь, жұлдыз – звезда, күн сәулесіндей – как луч солнца, шаңырақты айнала – вокруг шанырака.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқылдайды қаламыз, Жарқылдайды даламыз. Қайырлы күн!

Күніміз сәтті болсын!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Отан жайлы слайдтар арқылы өткен тақырыпты қайталау.

Мемлекетіміздің рәміздерін ата? (Мемлекетіміздің рәміздері: гимн, ту, елтаңба). Мемлекеттік Туда не бейнеленген? (Қыран, күн, ою-өрнек бейнеленген).

Мемлекеттік Тудың авторы кім? (Мемлекеттің Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков).

**2. Негізгі кезең**

Постермен жұмыс.

Педагог шағын мәтінді оқиды. *Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.*

– Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген?

– Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген.

– Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім?

– Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді, мәтінді қайталайды.

**Сергіту сәті**

Достығымыз жарасқан, Ақпыз, қара, сарымыз. Қара жер мен көк аспан, Ортақ дала тауымыз.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс:**

1. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.

- Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.
- Елтаңбада тұлпар бейнеленген.
- Елтаңбада жұлдыз бейнеленген. 2.Тақпақ жатта.

**Мемлекеттік Елтаңба** Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі.

Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.

Ө. Ақыпбекұлы Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Дидактикалық ойын: «Жалғастыр»

Ойынның шарты: ойынды бастаушы сөздің бірінші буынын айтады, басқа балалар

жалғастырып, сөз құрайды. Сөйлем құрауға жаттықтыру үшін бірінші сөзі айтылады. Бұл ойынды екі топ болып ойнауға да болады.

**3.Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

– Біз бүгін не істедік? Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№26**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан.

**Мақсаты:** Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.

**Білімділік міндеті**: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларың қалыптастыру.

**Дамытушылық міндеті**: сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті**: елорданы мақтан тұтуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, тақпақты жаттайды, сөздерді жекеше және көпше түрде айтады.

**Түсінеді:** Нұр-Сұлтан – астана екенін.

**Қолданады:** астананы атай алады, көрікті орындарын біледі, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, слайд: Нұр-Сұлтанның көрікті орындары, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент**: астана – столица, әдемі – красивый, таза – чистый, жаңа – новый, көше – улица, биік – высокий, ескерткіш – памятник.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Қолдарында диск бар.

- Сәлеметсіздер ме?! Өткен тақырыпты қайталау.
- Мемлекеттік Рәміздерді ата? (Мемлекетіміздің рәміздері: гимн, ту, елтаңба).

- Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген? (Шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген)
- Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? (Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов).

**2. Негізгі кезең**

Қуыршақтар: балалар, біз сендерге астана Нұр-Сұлтан туралы диск алып келдік.

Педагог сұрақ қояды: Нұр-Сұлтан қандай қала?

- Нұр-Сұлтан – астана.

Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Нұр-Сұлтанның көрікті орындарын көрсете аламын.

Интербелсенді тақтада көрсету. Нұр-Сұлтан – біздің астана. Мынау – Нұр-Сұлтан қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп.

- Көше таза. Көшелер таза.
- Мынау – үй. Үй – үйлер.
- Биік үй. Биік үйлер.
- Әдемі үйлер.
- Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі). Бәйтерек әдемі.

Мынау – ескерткіш.

Мынау – үш би ескерткіші. Нұр-Сұлтан – жаңа қала.

Нұр-Сұлтан қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді).

Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан – әдемі, таза қала.

Балалар сөздерді, сөйлемдерді педагогтен кейін қайталап, жаттығады.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек.

І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш.

Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала)

Кө... (көше)

Та... (таза)

Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.)

Нұр-Сұлтан – ... ( Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Сурет бойынша әңгіме құра. Нұр-Сұлтан – қандай қала? Нұр-Сұлтанда не бар?
2. Жаттап ал.

Астанамыз – жас қала, Жас та болса – бас қала. Күндеп өсіп келеді, Гүлдеп өсе береді.

А. Асылбеков

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

– Сендерге не қызықты болды?

Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№27**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны.

**Мақсаты:** алған білімдерін тиянақтау.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін

жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тапсырмаларды орындайды, сөздерді қайталайды. **Түсінеді:** мақал-мәтелді, жұмбақтарды, жаңылпаштарды түсінеді. **Қолданады:** қарапайым сұрақтарға жауап бере алады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, слайд: «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш», жұмыс дәптері.

**Сөздік жұмыс**: мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш.

**Билингвалды компонент:** мақал-мәтел – пословица, жұмбақ – загадка, жаңылтпаш – скороговорка.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Өткен «Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан» тақырыпты қайталау. Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.

Қа...(қала)

Кө... (көше)

Та... (таза)

Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.)

Нұр-Сұлтан – ... ( Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)

2. **Негізгі кезең**

Қуыршақтар: Бүгін сендермен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» ойын ойнаймыз. Әрбір жауапқа асық беріледі, көп асық жинаған бала жеңімпаз аталады.

**І айналым:** Педагогтің мақалын жалғастырады. Отан – оттан да ... ( ыстық)

Жақсы – ... (өнеге) Отан ... т.б

**ІІ айналым:** педагог жұмбақ жасырады. Өскен жері бау-бақша,

Күрең қызыл шіркін-ай,

Жидектің аты – ... (құлпынай)

Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Бөбектерім, айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады? (Күзде).

Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы.

Қыста қардан туатын,

Тауып көрші, сен оны. (Аққала)

Тікірейіп құлағы

Менен бұрын тұрады.

Керіліп, созылып, Беті-қолын жуады. Бұл не? (Мысық) т.б.

**Сергіту сәті**

Көп отырып, шаршадық, Қозғалуды аңсадық.

Билегіміз келеді, Әдемілеп ән салып.

Би: «Қуыр-қуыр Қуырмаш»

**III айналым:** Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды.

Доп теп, Дөп теп.

Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай.

Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай,

Ұшып кетті торғай.

Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім?

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Суреттерді толықтырып аяқта. Бұл – не? Ата. Олар туралы жұмбақтар құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Асықтар саналып, жеңімпаз анықталады. Барлық балаларға ойынға қатысқандары үшін диплом беріледі.

- Бүгін біз не істедік? Сендерге ұнады ма? Не ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтарға рақмет айтып, қоштасамыз.

**№ 28**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі**.**

**Тақырыбы:** Әсем қала – Алматы.

**Мақсаты:** Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** Алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** таныс сөздерді естеріне түсіреді, жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдер дұрыс құрастырады.

**Түсінеді:** Алматының үлкен, әсем қала екенін түсінеді.

**Қолданады:** Алматының көрікті орындарын көрсетіп атай алады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, интербелсенді тақта, Алматының көрікті орындарының суреттері, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: қала – город, әсем – красивый, саябақ – парк, метро – метро, мұзайдын – каток.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз.

Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Бәрін ойын ойнауға шақырады.

Ойын: «Алтын сақа». Нұр-Сұлтан қаласы туралы қайталау. Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз айтады.

– Нұр-Сұлтан – бас қала.

– Нұр-Сұлтан – әдемі қала.

– Нұр-Сұлтанда көшелер кең.

– Нұр-Сұлтанда биік үйлер көп. т.б

2. **Негізгі кезең**

Электронды қазақ үйінен «Алматы – гүл қала» әнін тыңдату.

– Бұл ән не туралы? (Алматы қала туралы).

Қуыршақ Сәуле: Біз сендерге Алматының көрікті орындарын көрсете аламыз, диск көрсетеді.

Интербелсенді тақтада Алматымен таныстыру.

– Мынау – Алматы қаласы. Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарады. Мынау – саябақ. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. (Бірнеше саябақ суреттері

көрсетіледі). Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе.

Медеу, Көктөбе туралы қысқаша айтып өту.

– Алматы қандай қала екен?

– Алматы – әдемі, әсем қала. Әдемі, әсем.

Балалар сөздерді, сөйлемдерді педагогтен кейін қайталап, жаттығады.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ө-ө-ө-ө – көөөк-төбе- көктөбе Ә-ә-ә-ә - әсем- әсем.

**Сергіту сәті**: *педагог балаларға сұрақ қойып, жауап алып қимылмен орындайды.*

– Күннің шыққаны жақсы ма?

– Жақсы! (Күнді бейнелейді).

– Желдің соққаны жақсы ма?

– Жақсы! (Қолдарын көтеріп тербеледі).

– Достарыңмен жүрген жақсы ма?

– Жақсы! (Алға қарай адымдайды).

– Туған өлкеде жақсы ма?

– Жақсы! (Құшақтарын жаяды).

– Балабақша жақсы ма?

– Жақсы! (Басбармақтарын көрсетіп, қол соғады).

Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.

Қа...(қала)

Кө... (көше)

Сая.. (саябақ)

Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала).

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Суретте нелер бейнеленген? Қайтала. Сен Алматыда болдың ба? Саған ұнады ма?
2.Тыңда. Таныс сөздерді тап, ата.

Алматымыз – күн қала, Желек жайған гүл қала. Көктөбе мен Медеуі

Таңғажайып тұр дара. Алматы – нұр қала, Алматы – жыр қала, Күн сайын құлпырған, Мәңгі жас – бұл қала.

(А. Асылбеков)

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Сендерге не ұнады? Қызықты болды ма? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№29**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Қыс қызығы.

**Мақсаты:** шағын мәтіндер құрауды үйрету жалғастыру.

**Білімділік міндеті:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ,

жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** қоршаған ортаны бақылату**,** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, қарапайым диалогке қатыса алады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** шағын мәтіндер қайталайды, сұрақтарға толық жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, қыс мезгілі туралы слайд (интербелсенді тақтада), постер, қима материалдар, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: қыс – зима, қыс қызығы – зимние забавы, қар – снег, аққала – снеговик, сырғанақ – каток, шана – сани, коньки – коньки, сүңгі – сосулька.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

– *Шеңберге тұрып, достарымызбен қол ұстасайық. Барлығымыз жақсы көңіл күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық!*

Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге.

Қандай жақсы бір тұру, Қандай жақсы дос болу!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

*Өткен «*Әсем қала – Алматы» *тақырыпты қайталау.*

Ойын: «Алтын сақа». Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз, сөйлем айтады.

– Алматы – әсем қала.

– Алматыда метро бар.

– Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі.

– Алматыда Медеу мұзайдыны бар.

– Алматыда Көктөбе бар.

2. **Негізгі кезең**

**Жаңа сөздермен таныстыру**. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі

балалардың іс-әрекетіне көңіл аудару. Сұрақ қоя отырып, таныс сөздерді қайталау және жаңа сөздермен таныстыру.

Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Жыл мезгілі – қыс.

Мынау не? Мынау – қар. Ақ-ақ – ақ қар.

– Қардан не жасаймыз?

– Аққала жасаймыз.

– Мынау – сырғанақ.

– Мынау не?

– Мынау – сырғанақ.

– Балалар сырғанап жүр.

– Балалар не істеп жүр?

– Балалар сырғанап жүр.

– Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр.

– Немен сырғанап жүр?

– Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр.

– Бұлар – қыс қызығы.

Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Қ-қ- қ - қа – қар.

Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ – сырғанақ.

Педагог шағын әңгіме құрап айтады. *Мынау – қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конькимен сырғанап ойнап жүр. Бұлар – қыс қызығы.* Балалар қайталайды.

**Тақпақ жаттау**. *Педагог тақпақ жаттауды ұсынады.*

Қыста қармен ойнаймыз, Қызыққа біз тоймаймыз. Таудан төмен сырғанап, Шаңғы, шана тебеміз.

**Сергіту сәті.**

Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық жауып,

Біз аққала жасаймыз.

**Жаңылтпашпен таныстыру.**

Тұз – мұздай,

Мұз – тұздай.

Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Қыста балалар не істейді? Сөйлем құра.
2. Қыс мезгіліне тән заттарды қорша. Оларды ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

«Аудармасын айт» дидактикалық ойыны.

Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударады. зима – қыс

қар – снег снеговик – аққала мұз – лед замерзает – қатады шана – сани.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

– Бүгін сендерге қызықты болды ма? Не ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 30**

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Қолғап» ертегісі.

**Мақсаты:** ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. **Дамытушылық міндеті:** есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға

жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ертегіні сахналайды.

**Түсінеді:** ертегінін мазмұнын түсінеді.

**Қолданады:** ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп айтады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, «Қолғап» ертегісі,

қыс мезгілі туралы слайд (интербелсенді тақтада), ертегіні бейнелеген сурет, кейіпкерлердің бетперделері, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: ертегі – сказка, қолғап – варежки, тышқан – мышь, бақа – лягушка.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

Қима материалмен жұмыс. Суреттер бойынша «Қыс қызығы» тақырыпты қайталау. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды, сөйлем құрастырады. Балалар әр дұрыс жауап үшін

фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Педагог: Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды?

Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді.

Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді.

- Ертегі ұнады ма?
- Ертегіде кімдер бар?
- Мынау – қолғап.
- Мынау не? (Қолғап).
- Бірінші кім келді? (Тышқан)
- Тышқан қандай?
- Тышқан кішкентай.
- Екінші? (Бақа)
- Бақа не деді?
- Бақа не істейді?
- Тышқан не деді?
- Соңғы кім келді? (Аю)
- Барлығы неше болды? (6)
- Аю қандай?
- Аю үлкен.
- Аю қалай жүреді?

Сұрақтар беру арқылы кейіпкерлер сөзін мәнерлеп қайталату арқылы тілдерін жетілдіріледі.

**Сергіту сәті.**

Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтер мына қолғаптан.

Балаларға кейіпкерлердің бетперделерін таңдап ойнауды ұсынады. Ертегіні сахналау.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретке қара. Ертегідегі кейіпкерлерді ата. Қай жануардан кейін қайсысы келді? Цифрмен көрсет.

*Бірінші тышқан келді.*

2. Сыңарын тап. Сызықпен қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

– Ертегі сендерге ұнады ма?

Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайлик арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтармен қоштасамыз.

**№ 31**

**Білім беру саласы**: Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі**.**

**Тақырыбы:** «Саяхатшы» ертегісі.

**Мақсаты:** ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын

дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** өз сөзін интонациямен жеткізе алады, ертегіні сахналайды.

**Түсінеді:** ертегінің мазмұның түсінеді.

**Қолданады:** ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, «Қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлер (ойыншықтар) , кейіпкерлердің басқа киетін бейнелері, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: саяхатшы – путешественник, сыйлық – подарок.

**ҰОҚ барысы 1.Ұйымдастыру кезеңі**

**Шаттық шеңбер**

Қайырлы таң, апай! Қайырлы таң, досым!

Қайырлы күн болсын. Күннің әр кезі,

Сәттілікке толсын!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Өткен тақырыпты қайталау, «Қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады.

«Не жоқ?» Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, зейіндерін дамыту.

Ойынның шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір ойыншықты жасырады. Мысалы: түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ) т.б.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2.Негізгі кезең**

Арман: Балалар, біз бүгін сендерге «Саяхатшы» ертегісін сыйлық ретінде алып келдік. Педагог «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды.

Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады.

Бара жатқан Қасқырға Түлкі тауып алады.

«Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма?

Құттықтап туған күніңмен, Берейін Қасқыр ағама», – Деп Түлкі сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды. Ол суға оны ағызды,

«Қайтем, – деп, – былғап тісімді». Судан Мысық тауып ап,

Тастауға оны қимады. Түлкінің туған күнінде Сәбізді оған сыйлады.

«Қайтем – деп, – мұны», – таңданды, Мысыққа Түлкі шамданды.

Лақтырған Түлкі сәбізді Қуанып Қоян тауып алды.

Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу:

1. Ертегі ұнады ма?
2. Ертегідегі кейіпкерлерін ата.

3. Қоян нені жоғалтты?
4. Сәбізді нелер тауып алады?

**Сергіту сәті**

Тепе-теңдік жолменен Арасында мен келем. Бір, екі, үш, төрт,

Келе жатқан жете алмай, Мынау – біздің мекенжай.

Педагог ертегіні сахналауға ұсынады. Көрсетілім барысында балаларға кезек-кезек кейіпкерлер сөзін айтқызып отырады.

Балалар ұнаған кейіпкерлерін таңдайды, кейіпкерлердің басқа киетін бейнелерін киеді, сахналап ойнайды. Автордың сөздерін педагог оқиды.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Қандай сыйлық алғанды ұнатасың? Суретін сал.
2. Суретке қара. Жасырынған заттарды тап. Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Сендерге ертегі ұнады ма? Қай бала ертегінің кейіпкерлерін қызықты етіп сахналады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтармен қоштасамыз.

**№ 32**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Жаңа Жыл құтты болсын!

**Мақсаты:** Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыру.

**Тәрбиелік міндеті:** Жаңа Жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** мерекеге қатысты сөздерді қайталайды. **Түсінеді:** жаңа жыл мерекесінің ерекшелігін түсінеді. **Қолданады:** қойылған сұрақты түсінеді, жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, сандық , Сиқырлы қалам постері, қима суреттер, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, постер, айна, фишкалар. **Билингвалды компонент**: Аязата – Дед Мороз, Жаңа Жыл – Новый Год, Ақшақар – Снегурочка, сыйлықтар – подарки, шырша – елка.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман әдемі сандықпен кіреді.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар? Ойын ойнауға шақырады.

Өткен тақырыпты қайталау, «Саяхатшы» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады.

Қоян нені жоғалтты? Сәбізді нелер тауып алады? Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2.Негізгі кезең**

**Жаңа сөздермен таныстыру**. Сиқырлы қалам постерімен жұмыс. Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау.

Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекені отбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз.

– Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген.

– Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?

– Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген.

– Мынау – Ақшақар.

– Мынау кім?

– Мынау – Ақшақар.

– Мынау – сыйлықтар.

– Мынау нелер?

– Мынау – сыйлықтар.

– Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр.

– Ақшақар балаларға не таратып жатыр?

– Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр.

– Мынау – Аязата.

– Мынау кім?

– Мынау – Аязата.

– Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр.

– Аязата не істеп отыр?

– Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр.

– Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.

– Балалардың көңіл күйлері қандай?

– Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.

– Мынау – шырша.

– Мынау не?

– Мынау – шырша.

Балалар шыршаны айналып ән айтады. Балалар не істейді?

Балалар шыршаны айналып ән айтады.

Балалар сұрақтарға жауап беру барысында жаңа сөздерді жеке, хормен қайталау.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Қ-қ-қ-қ -Ақ-қ-ша-қ-қар- Ақшақар

Қ-қ-қ-қ- сый-лық-қ- сыйлық.

Педагог шағын мәтін құрап айтады**.** Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Мерекеге Аязата мен Ақшақар келеді. Аязата мен Ақшақар балаларға сыйлықтар әкеледі. Балалар мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.

Балалар мәтінді қайталайды.

**Сергіту сәті:** Педагог ортаға шыршаны қойып, балалар шыршаны айнала ән айтады.

«Жаңа жыл» әні.

Жаңа жыл, жаңа жыл! Жаңа жылда жаңа жыр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр.

Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Көрікті, бөрікті, Аязата келіпті,

Тақпақ айтқан балаға, Сыйлықтарын беріпті.

А. Асылбеков

**Жұмыс дәптерімен жұмыс**.

1. Суретке қара. Қандай мереке бейнеленген? Мерекеге кімдер келді? Әңгіме құра.
2. Шыршаны безендіреміз. Ойыншықтардың суретін сал. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?»

Ойынның мақсаты: сөздерді, сөйлемдерді түсініп, меңгерту.

Ойынның шарты: педагог сөйлем айтады, балалар оның дұрыстығын анықтайды, дұрыс болса: «Дұрыс», – деп, дұрыс емес болса: «Бұрыс», – деп айтады.

– Қыста жаңбыр жауады.

– Бұрыс.

– Жаңа жыл мерекесі жазда болады.

– Бұрыс.

– Қар сары.

– Бұрыс.

– Қыста суық, аяз болады.

– Дұрыс.

– Қыста біз шаңғы тебеміз.

– Дұрыс.

– Сәбіз ағашта өседі.

– Бұрыс.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Біз бүгін не істедік? Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы

белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№33**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі**.**

**Тақырыбы:** Қысқы орманға саяхат

**Мақсаты:** ормандағы жануарлар мен құстардың атауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту.

**Білімділік міндеті**: сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті**: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті**: табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** сөздерді дұрыс айтады, сөйлемдер құрастырады.

**Түсінеді:** сұрақтарды, жаңа сөздерді түсінеді.

**Қолданады:** сұраққа жауап бергенде өздері білетін сөздерді қолданады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрационный материал немесе «Қысқы орман» слайды, интербелсенді тақта, қима материал, үнтаспа, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: орман – лес, тоқылдақ – дятел, құстар – птицы.

**ҰОҚ барысы 1.Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

- Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Жаңа жыл құтты болсын!» тақырыпты қайталау. Ойын «Аудармашы». Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады.

Аязата – Дед Мороз, Жаңа Жыл – Новый Год, Ақшақар – Снегурочка, сыйлықтар – подарки, шырша – елка.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2.Негізгі кезең**

Ойын: «Қысқы орманға саяхат». Слайд «Қысқы орман».

Қазақстан орманында қандай жануарлар бар? Балалар жануарларды атайды. Балалар көздерін жұмып орманда елестетеді. Үнтаспадан орман дыбысы естіледі.

- Балалар, орманда не көрдіңдер?

Өз ойларын айтады.

- Мен қоян көрдім. Мен түлкі көрдім. ...
- Мынау ненің дыбысы? (Үнтаспадан құстардың, тоқылдақтың дыбысы естіледі).
- Құстардың үні.
- Сендер қандай құстарды білесіңдер? (Торғай, қарға, сауысқан). Суретпен жұмыс. Мынау – тоқылдақ.
- Мынау не?
- Мынау – тоқылдақ. Жеке, хормен айтып жаттығады.
- Тоқылдақ – орман құсы.
- Тоқылдақ қандай құс?
- Тоқылдақ – орман құсы.

- Балалар, қыста орманда қандай жануарларды көрмейміз? (Аю, кірпі).
- Иә. Қысқы орманда аю, кірпі жоқ. Олар қыста ұйықтайды. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады) Қ-қ-қ -тоқ-тоқ – тоқылдақ - то-қыл-дақ.

**Сергіту сәті**

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына,

Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің.

Ойын «Жалғастыр». Педагогтің қимылына, ым-ишарасына қарап, сөйлемді аяқтайды. Мысалы: Аю ...(үлкен), түлкі ...(кішкене). Құстар ...(ұшады), қасқыр (жүгіреді).

- Жанурларға тиісуге бола ма?
- Жоқ, болмайды. Жануарларды қорғау керек. Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру.

Табиғат – біздің анамыз, Біз – табиғатқа панамыз.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретке қара. Қай жыл мезгілі бейнеленген? Жануарларды ата. Тиін қайда отыр?
2. Суретке қара. Тоқылдақты тап. Белгіле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 34**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі**.**

**Тақырыбы:** Менің киімдерім

**Мақсаты:** киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру;

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету. Киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті**: киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** киімдерін меншіктеп және жекеше және көпше түрде айтады.

**Түсінеді:** киім атауларын түсініп, дұрыс көрсетеді.

**Қолданады:** дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтады,сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материал, қуыршақ киімдері, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: шұлық – носки, жемпір – вязаная кофта, жең – рукава, қысқа – короткий, ұзын – длинный.

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз.

Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Қысқы орманға саяхат» тақырып бойынша сөздерді естеріне түсіреді. Педагог құстарды атайды, балалар олардың суреттерін тақтаға іледі. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2. Негізгі кезең**

Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).

– Көйлек неге артық?

– Көйлек – киім.

– Сендерде қандай киім бар?

Қуыршақ киімдері арқылы *жейде, шалбар* сөздерін естеріне түсіру.

– Көйлек, шалбар, жейде – нелер?

– Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер.

Мынау – ұзын жең жейде.

Мынау қандай жейде? Мынау – ұзын жең жейде.

Мынау – қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек?

Мынау – қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады.

*Жең, ұзын* сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұұұзын жең.

Қа-қа-қысқа – қысқа жең. Суреттермен жұмыс.

– Мынау – шұлық. Шұ-лық.

– Мынау не?

– Мынау – шұлық.

– Мынау – шұлықтар.

– Мынау нелер?

– Мынау – шұлықтар.

– Мынау – жемпір. Жем-пір.

– Мынау не?

– Мынау – жемпір.

– Мынау – жемпірлер.

– Мынау нелер?

– Мынау – жемпірлер.

– Жемпір – киім

– Жемпір не?

– Жемпір – киім.

– Сен не кидің? (Балалар өз киімдерін атайды).

– Сенің көйлегің қандай?

– Менің көйлегім қызыл (ұзын жеңді, әдемі).

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ұ-ұ-ұ-ұ- шұұ-лық – шұлық

І-і-і-і- жем-жем-піір- жемпір

Қима материалдар арқылы меншіктеп айтып жаттығу.

*Менің жейдем ақ. Менің жемпірім көк. т.с.с.*

**Сергіту сәті.**

Жаттығу жасаймын 1 – 2 – 3, 1 – 2 – 3,

Сымбатты боламын. Айнаға қараймын

Шашымды тараймын. Әдемі көйлек киемін Таза болып жүремін.

Қима суреттермен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет».

Педагог киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде және олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді.

Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Киімдерді ата. Атауында қазақ тіліне тән Ұ дыбысы бар киімдерді қызыл, І дыбысы бар киімдерді көк қарындаштармен белгіле.
2. Киімдерді өз киіміңе сәйкес боя. Сенің киіміңнің түсі қандай?

*Менің жемпірім сары. Менің шалбарым көк.*

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 35**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі**.**

**Тақырыбы:** Қысқы киім.

**Мақсаты:** қысты киімінің қазақша атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құру дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті**: киімді таза ұстауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** киімдердің қазақша атауларын, сөз тіркестерін айтады, тақпақ жаттайды.

**Түсінеді:** киімдердің атын, сынын білдіретін сөздерді түсінеді.

**Қолданады:** киімдерді атап, топтай алады, сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материал, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: тон – шуба, күрте – куртка, қолғап – варежки, құлақшын – шапка (ушанка), етік – сапоги, жылы – теплый.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз.

Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Амандасады. Өткен «Менің киімдерім» тақырыпты қайталау.

Дидактикалық ойын: «Бұл кім?». Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланы табады.

**2. Негізгі кезең**

Педагог балаларға сұрақтар қояды: Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс).

– Қыс қандай? (Қыс суық).

– Адамдар қыста жылы киім киеді. Жылы, жы-лы. Жылы киім.

Қысқы киім жылы. Қысқы киім ...(жылы). Балалар сөйлемді жеке-жеке, хормен аяқтайды.

Интербелсенді тақтада компьютерлік ойын: «Қуыршақты киіндіру».

– Қуыршақ не киді?

*Балалар ойын барысында қуыршаққа кигізген таныс киімдерді атайды. Педагог жаңа сөздермен таныстырады. Балалар жаңа сөздерді жеке, хормен айтып жаттығады.*

– Қуыршақ күрте киді.

– Қуыршақ не киді?

– Қуыршақ күрте киді

– Күрте жылы.

– Күрте қандай?

– Күрте жылы.

– Мынау – тон.

– Мынау не?

– Мынау – тон.

– Тон жылы.

– Тон қандай?

– Тон жылы.

– Қыста тон киеді.

– Қыста не киеді?

– Қыста тон киеді.

– Мынау – қолғап.

– Мынау не?

– Мынау – қолғап.

– Қолғап – қысқы киім.

– Мынау – құлақшын.

– Мынау не?

– Мынау – құлақшын.

– Құлақшын жылы.

– Құлақшын қандай?

– Құлақшын жылы.

– Мынау – етік.

– Мынау не?

– Мынау – етік

– Етік жылы.

– Етік қандай?

– Етік жылы.

Тон, күрте, қолғап, құрақшын, етік – қысқы киім.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ғ-ғ-ғ- ғап-қолғап- қолғап Ұ-ұ-ұ-ұл-құл-құ-лақ-шын.

**Тақпақ жаттау**: *педагог киімдерді қайталап, тақпақ жаттауды ұсынады.*

Мен естияр баламын, Өзім кие аламын.

Көйлегімді, күртемді, Аяқкиім, пәлтемді.

Інімді де үйретем,

Жөн жобамды көрсетем.

Е.Өтетілеуұлы

**Сергіту сәті.**

Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз.

Сарт-сарт-сарт

Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп алам

Топ-топ-топ

Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп ал

Зу-зу-зу етіп,

Шанаменен зулаймыз. Шыныгамыз жалықпай, Коньки, шаңғы тебеміз.

Қима суреттермен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет». Педагог киімдерді атайды, балалар сөзді қайталап суретін көрсетеді. **Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Киімдерді ата. Қыста қандай киім киеді? Кім не киеді? Дөңгелектерді сәйкестендіріп боя. Арманның киімі мен Сәуленің киімін сәйкес түспен бояйды.

Суреттегі киімдерді айтқызу. *Қыз көйлек киеді. Ұл шалбар киеді.*

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№36**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Ұлттық киім.

**Мақсаты:** ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру.

**Білімділік міндеті**: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру.

**Дамытушылық міндеті:** зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті**: ұлттық дәстүрлерді құрмет тұтуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ұлттық киімдерді, сөйлемдерді қайталайды.

**Түсінеді:** әр ұлттың ұлттық киімдері болатынын

**Қолданады:** тақпақты ынта қойып тыңдап, таныс сөздерді табады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, киіз үйдің макеті,

демонстрациялық материалдар, ата және әже қуыршақтары, қима материал, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: қамзол – камзол, шапан – чапан, қалпақ – калпак, бөрік – борик, тақия – тюбетейка, мәсі – ичиги (обувь).

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері**

Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

– Қазір жылдың қай мезгілі?

– Қазір қай ай?

– Бүгін аптаның қай күні?

Өткен «Қысқы киім» тақырыпты қайталау.

Қима материалмен жұмыс. Педагог қысқы киімдерінің суреттерін көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2. Негізгі кезең**

Педагог: Бүгін біз ата мен әжеге қонаққа барамыз.

Киіз үйдің макеті, ұлттық киімдер (немесе суреттер) қолданылады.

Ата және әже қуыршақтары.Сәлемдеседі.

– Ата не киген? (*Жейде, шалбар* сөздерін естеріне түсіреді).

Педагог ұлттық киімдер атауымен таныстырады ( ұлттық киімдер немесе суреттер). Балалар педагогтен кейін жеке, хормен қайталап, сөздерді есте сақтауға, дұрыс айтуға жаттығады.

– Мынау – шапан.

– Мынау не?

– Мынау – шапан.

- Мынау – көк шапан.
- Мынау қандай шапан?
- Мынау – көк шапан.

– Ата шапан киді.

– Ата не киді?

– Ата шапан киді.

– Мынау – қалпақ.

– Мынау не?

– Мынау – қалпақ.

– Ата қалпақ киді.

– Ата не киді?

– Ата қалпақ киді.

– Мынау – бөрік.

– Мынау не?

– Мынау – бөрік.

– Мынау – тақия.

– Мынау не?

– Мынау – тақия.

– Мынау – қамзол.

– Мынау не?

– Мынау – қамзол.

– Әже қамзол киді.

– Әже не киді?

– Әже қамзол киді.

– Мынау – мәсі.

– Мынау не?

– Мынау – мәсі.

– Ата мәсі киеді.

– Ата не киеді?

– Ата мәсі киеді.

Жауапты жеке-жеке айтады.

– Шапан, қамзол, қалпақ, бөрік, тақия, мәсі – қазақ халқының ұлттық киімдері.

Сөздерді бекітуге арналған ойын: «Ата, көрсет, қайтала» (мультимедиа арқылы тексеру). Өткенді қайталауға, сөздерді бекітуге ойын «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттегі киімді атайды, көршісінде қандай киім екенін сұрайды. Мысалы: Менде шапан бар. Сенде не бар?

Балалар ата және әжемен коштасады.

**Сергіту сәті**

Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз.

Сарт-сарт-сарт

Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз.

Топ-топ-топ

Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз.

Зу-зу-зу етіп,

Шанаменен зулаймыз. Шыныған ымыз жалықпай, Коньки, шаңғы тебеміз.

**Педагог тақпақ оқиды**: «Киім – бұйым»

Бір дегенім – бөрік, Кисең береді көрік. Екі дегенім – етік, Киер сәнді етіп.

Үш дегенім – ішік, Теріден тігер пішіп.

Төрт дегенім – тымақ, Қыста кисең, жылы-ақ. Бес дегенім – байпақ, Іші жылы, жайпақ.

Алты дегенім – алқа, Мойныңа тақ, қалқа. Жеті дегенім – жейде, Көйлек деп жүр кейде. Сегіз дегенім – сеңсең, Жылысы тонның сенсең. Тоғыз дегенім – телпек, Болма, бала, тентек.

Он дегенім – оймақ, Жүрме босқа ойнап.

– Қандай таныс сөздер бар? (Балалар таныс сөздерді атайды: бөрік, етік, жейде, тон).

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Ұлттық киімді ата. Кім не киеді? Сызықпен қос. Сөйлем құра. Үлгі: *Ата шапан киеді*. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы

белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№37**

**Білім беру салалары:** Қатынас, денсаулық

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Дене мүшелерінің атқаратын қызметі.

**Мақсаты:** дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен

байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. **Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** дене мүшелерінің атқаратын қызметін ажыратып қазақша атайды, жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс қайталайды.

**Түсінеді:** сөздерді, қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** сөздер мен сөйлемдерді қолданады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ұлттық киімдерінің суреттері, қуыршақ, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: дене мүшелері – части тела, сезім мүшелері – органы чувств, көру – видеть, тыныс алу – дышать, есту – слышать, ұстау – держать, сурет салу – рисовать, жазу – писать, жүгіру – бегать, жүру – ходить.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Ұлттық киім» тақырыпты қайталау. Қуыршақтар ұлттық киімдерінің суреттерін көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Дидактикалық ойын: «Не көріп тұрсың?»

– Қуыршақтың дене мүшелерін атаймыз.

Мынау – басы. Мынау – қолы. Мынау – аяғы. Бұлар – дене мүшелері. Жаңа сөздермен таныстыру.

– Көз көру үшін керек.

– Көз не үшін керек?

– Көз көру үшін керек.

– Құлақ не үшін керек?

– Құлақ есту үшін керек.

– Мұрын дем алу үшін керек.

– Мұрын не үшін керек?

– Мұрын дем алу үшін керек.

– Қол ұстау үшін керек.

– Қол не үшін керек?

– Қол ұстау үшін керек.

– Қол жазу үшін керек.

– Қол не үшін керек?

– Қол жазу үшін керек.

– Қол сурет салу үшін керек.

– Қол не үшін керек?

– Қол сурет салу үшін керек.

– Аяқ жүру үшін керек.

– Аяқ не үшін керек?

– Аяқ жүру үшін керек.

– Аяқ жүгіру үшін керек.

– Аяқ не үшін керек?

– Аяқ жүгіру үшін керек.

– Көз, құлақ, мұрын, қол – бұлар сезім мүшелері.

Балалар жаңа сөздерді, сөйлемдерді қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау).**

Көру – көзбен көру.

Тыныс алу – мұрынмен дем алу. Есту – құлақпен есту.

Ұстау – қолмен ұстау.

**Сергіту сәті.** *Педагог қимылмен айтып, балалар қайталайды.*

Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ.

**Тақпақты жаттау**.

**Не үшін?**

- Екі көзің не үшін керек?
- Жақсыларды көру үшін.
- Екі қолың не үшін керек?
- Елге көмек беру үшін.
- Құлақ деген не үшін керек?
- Ақыл-кеңес тыңдау үшін.

(Қадыр Мырза Әли)

**Жұмыс дәптерімен жұмыс**:

1.Суреттерге қара. Дене және сезім мүшелерінің атқаратын қызметіне қарай сөйлем құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Үлгі бойынша сөйлем құрастыру. Үлгі: *Көзбен көреді.*

Дидактикалық ойын: «Мұрын, мұрын, мұрын »

Мұрын, мұрын, мұрын – бас. Мұрын, мұрын, мұрын – қол. Мұрын, мұрын, мұрын – аяқ.

Балаларды шатастырып, басқа дене мүшелерін көрсетуге болады.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

– Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Балалар қуыршақтармен қоштасады.

**№38**

**Білім беру салалары:** Қатынас, денсаулық

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Тазалықты сүйеміз.

**Мақсаты:** заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.

**Білімділік міндеті:** тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу

дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** тазалыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тазалық заттарын атайды, сөйлемдер құрады.

**Түсінеді:** жұмбақтарды, мақалды түсінеді.

**Қолданады:** қарапайым сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, тазалық заттарының және дене мүшелердің суреттері, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар.

**Сөздік жұмыс:** сүлгі, сабын, тарақ, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: Біз тазалықты сүйеміз. – Мы любим чистоту.

сабын – мыло, тарақ – расческа, сүлгі – полотенце, жөке – мочалка, жуамыз – моем, сүртеміз

– вытираем, тараймыз – расчесываем.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Қол ұстасып, кәне, біз, Достасайық бәріміз.

Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру.

Шығу үшін шымыр боп, Шынығамыз шаршамай. Бойымызға күш жинап, Аламыз сосын тыныс жай!

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман топқа келеді. Сәлемдесу.

– Өткен тақырыпты қайталау. Ойын жаттығуы: «Не үшін керек?» Педагог суретті көрсетіп, олардың аттарын айтады және сұрақ қояды.

– Мынау – қол. Қол не үшін керек?

Балалар әр дұрыс жауап үшін бір фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

Сәуле мен Арман тазалық заттарын алып келеді.

– Сәуле, не әкелдіңдер?

– Тазалық заттарын. Олар бізге таза жүру үшін керек. 2.**Негізгі кезең**

«Тазалық – денсаулық кепілі» мақалын балаларға түсіндіру.

Біздің денсаулығымыз мықты болу үшін тазалықты сақтауымыз керек.

**Жаңа сөздермен таңыстыру.**

- Тазалық сақтауға сабын, жөке, сүлгі, тарақ қолданамыз.
- Мынау – сабын.
- Мынау не?
- Мынау – сабын.
- Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз.
- Сабынмен не істейміз?
- Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз.
- Мынау – жөке.
- Мынау не?
- Мынау – жөке.
- Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз.
- Жөкемен не істейміз?
- Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз.
- Мынау – сүлгі.

– Мынау не?
– Мынау – сүлгі.
– Сүлгімен денемізді сүртеміз.
– Сүлгімен не істейміз?
– Сүлгімен денемізді сүртеміз.
– Мынау – тарақ.
– Мынау не?
– Мынау – тарақ.
– Тарақпен шашымызды тараймыз.
– Тарақпен не істейміз?
– Тарақпен шашымызды тараймыз.

*Балалар жаңа сөздерді, сөйлемдерді қайталайды.*

**Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау).**

Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз. Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.

**Тақпақ жаттау.**

Сырттан келіп үнемі, **Сабын**мен қол жуамын. **Сүлгі**мен сүртемін, Айнаға қараймын,

Шашымды **тарақ**пен тараймын. Мен ұқыпты баламын.

Тақпақ мазмұны бойынша әңгіме жүргізіледі.

1. Тақпақ ұнады ма?
2. Таныс сөздерді ата. Олармен не істейді?

**Сергіту сәті**.

Шынығамыз жастай біз, Жаттығуды бастаймыз. Бір, екі, үш, бір, екі, үші, Бойымызға жинап күш. Денелерің шынықсын,

Саналарың тынықсын.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс**:

1. Жұмбақтарды шеш. Жауаптарды суреттерден тауып, жұмбақтарға қос.
2. Заттарды ата. Олар не үшін керек? Сөйлем құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта»

- Тазалықты.     (сүйеміз) .
- Сабын, жөкемен      (денемізді жуамыз).
- Сүлгімен        (денемізді сүртеміз).
- Тарақпен        (шашымызды тараймыз).

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

- Сендерге не ұнады? Қызықты болды ма? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№39**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Таңертең не істейміз?

**Мақсаты:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру.

**Білімділік міндеті:** өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен

сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру.

**Дамытушылық міндеті:** сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді айтады, сөйлемдерді, шағын мәтіндер құрастырады.

**Түсінеді:** тәулік бөліктері туралы ұғымдарды.

**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, үлестірмелі материалдар, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: таңертең тұрамын – утром встаю, бетімді жуамын – умываю лицо, тісімді тазалаймын – чищу зубы, жаттығу жасаймын – делаю зарядку, шашымды

тараймын – расчесываюсь, киімімді киемін – надеваю одежду, балабақшаға барамын – иду в детский сад.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері**

Біз кішкентай баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?! Ойын ойнауға шақырады. Өткен «Тазалықты сүйеміз» тақырыпты қайталау.

Қима материалмен жұмыс. Педагог заттарды атайды, балалар суреттерді көрсетеді. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Қуыршақ Сәуле балаларға тәулік бөліктерін атауды ұсынады. Балалар жауап береді: таң, күн, кеш, түн.

**Жаңа сөздермен таныстыру.**

Арман мен Сәуле диалог жүргізеді.

- Сәуле, сен таңертең не істейсің?
- Мен таңертең тұрамын.
- Таң-ер-тең- ң тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын *(айнамен жұмыс).*
- Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын.
- Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын.
- Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын.
- Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын.
- Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін.
- Содан кейін анаммен балабақшаға барамың.

*Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды.* Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.

*Таңертең ... (тұрамын).*

*Бетімді ... (жуамын).*

*Тісімді ... (тазалаймын).*

*Жаттығу ... (жасаймын). Шашымды ... (тараймын). Киімімді ... (киемін).*

*Балабақшаға ... (барамын).*

**Сергіту сәті.**

Таңертең тұрамын, Қолымды жуамын, Бетімді жуамын.

Тісімді тазалап,

Шашымды тараймын. Айнаға қараймын.

Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін». Берілген тақырып бойынша 5 сөз құрайды.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Арман таңертең не істеді? Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Балалар сөйлем құрайды.

– Арман төсегін жинады.

– Арман жаттығу жасады.

– Арман тісін тазалады.

– Арман анасымен балабақшаға барады.

Ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын, көрсетемін». Педагог жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, билеу, сурет салу, ұйықтау дегендерді қимылмен көрсетеді, балалар не істегенін айтады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Бағалау, мадақтау.

– Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 40**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Ұлттық ыдыстар.

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру.

**Білімділік міндеті**: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Жаңылтпашты жатқа

және жылдам айта білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. **Тәрбиелік міндеті**: ыдыстарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, ыдыстарды сипаттайды. жаңылтпашты айтады.

**Түсінеді:** ұлттық ыдыстар болатынын түсінеді.

**Қолданады:** сөйлемдерді құрастырады, қарапайым сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ұлттық ыдыстар немесе суреттері, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: ұлттық ыдыстар – национальная посуда, тостаған – тостаган, торсық – торсык,  ожау – черпак, тері – кожа.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Таңертең не істейміз?» тақырыпты қайталау.

Ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын, көрсетемін». Педагог жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, билеу, сурет салу, ұйықтау қимылмен көрсетеді, балалар не істегенін айтады.

2. **Негізгі кезең**

Ойын: «Сиқырлы қоржын». ( Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді.

Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, **жаңа сөздермен таныстыру**, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру.

– Мынау – торсық.

– Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды).

– Торсық теріден жасалады.

– Торсық неден жасалады?

– Торсық теріден жасалады.

– Мынау – тостаған.

– Мынау не?

– Мынау – тостаған.

– Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай).

– Тостағанмен қымыз, айран ішеді.

– Тостағанмен не ішеді?

– Тостағанмен қымыз, айран ішеді.

– Тостаған ағаштан жасалған.

– Тостаған неден жасалған?

– Тостаған ағаштан жасалған.

– Мынау – ожау.

– Мынау не?

– Мынау – ожау.

– Мынау – ұлттық ыдыстар.

– Мыналар – нелер?

– Мынау – ұлттық ыдыстар.

Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды.

– Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай?

«Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы: Менде тостаған. Сенде не?

**Сергіту сәті:** *Ән: «Дастарқан».*

Ей, халайық, халайық, Бар өнерге салайық.

Ас ұсынып, бас тартқан, Жаюлы тұр дастарқан. Дастарқан-ау, дастарқан, Берекелі дастарқан, Мерекелі дастарқан

О-о-о!

**Жаңылтпашпен таныстыру**.

Шеше, неше кесе сынды кеше?

Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Ыдыстарды ата. Ұлттық ыдыстарды дастарқанға орналастыр. Сызықпен қос. Оларды ата, сипатта.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Ең қызық қай тапсырма болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 41**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Ыдыс-аяқ дүкені.

**Мақсаты:** сөздік қорларын күнделікті ыдыс атауларымен молайту.

**Білімділік міндеті**: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.

**Дамытушылық міндеті:** диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті**: мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, сипаттайды, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** ыдыстардың әртүрлі болатынын түсінеді.

**Қолданады:** сөйлемдер құрастырады, қарапайым сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материал, ыдыстар немесе суреттері, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: ыдыс – посуда, дүкен – магазин, аққұман – чайник для заварки чая, қазан – казан.

**ҰОҚ барысы 1.Ұйымдастыру кезеңі**

**Шаттық шеңбері.**

Мынау сұлу әлемде, Адам өмір сүреді.

Үлкенге де, кішіге Күн сәулесін төгеді.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Өткен «Ұлттық ыдыстар» тақырыпты қайталау.

– Бүгін не жедің, не іштің?

– Ботқаны немен жедің?

– Қымызды немен ішеді?

– Тостаған, торсық – нелер?

**2.Негізгі кезең**

Демонстрациялық суретпен жұмыс.

– Мынау қандай дүкен?

– Ыдыс – дүкені.

– Дүкенде қандай ыдыстар бар? Балалар таныс ыдыстарды атап, көрсетеді. **Жаңа сөздермен таныстыру**.

– Дүкенде қазан бар. Мынау – қазан.

– *Мынау ... қазан* сөзін айтып жаттығады. Дүкенде не бар?

– Дүкенде қазан бар.

– Мынау – аққұман. Мынау – ... аққұман.

– Аққұман – ыдыс. Дүкенде не бар?

– Дүкенде аққұман бар.

Сюжеттік ойын: «Дүкен»

Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі:

– Сәлеметсіз бе!

– Сәлеметсіз бе!

– Кесе беріңізші.

– Қандай кесе?

– Үлкен, екі жасыл кесе.

– Міне, кесе алыңыз.

– Рақмет. Сау болыңыз.

– Сау болыңыз.

Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды.

**Сергіту сәті.** *Ән: «Дастарқан».*

Ей, халайық, халайық, Бар өнерге салайық.

Ас ұсынып, бас тартқан, Жаюлы тұр дастарқан. Дастарқан-ау, дастарқан, Берекелі дастарқан,

Мерекелі дастарқан О-о-о!

**Жаңылтпаш қайталау.**

Шеше, неше кесе сынды кеше?

Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретте қандай дүкен бейнеленген? Дүкенде нелер бар?

Кім не сатып алды? Арманның әжесі қандай кесе сатып алды? Неше кесе? Сәуленің анасы не сатып алды?

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Ең қызық қай тапсырма болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№42**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Азық-түлік

**Мақсаты:** азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен

байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті**: ас қадірін білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тағам атауларын қайталап, есте сақтайды.

**Түсінеді:** нені жеп, нені ішетінімізді түсінеді.

**Қолданады:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, ойыншық ыдыстар, тағамдар, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: ет – мясо, жұмыртқа – яйцо, ірімшік – сыр, қант – сахар, шырын

– сок, тағам – еда.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, балалар!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?! Бүгін аптаның қай күні?

Өткен «Ыдыс-аяқ дүкені» тақырыпты қайталау.

Қима материалмен жұмыс. Ыдыс атауларын қайталау. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар?

Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды.

– Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар:

Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5

5, 4, 3, 2, 1

Міне, дорба ашылды!

Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, **жаңа сөздермен таныстырады.**

Мынау – ет.

– Мынау не?

– Мынау – ет.

– Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа.

– Мынау не?

– Мынау – жұмыртқа.

– Жұмыртқа – тағам.

– Жұмыртқа – ... (тағам)

– Мынау – ірімшік. І-рім-шік.

– Мынау не?

– Мынау – ірімшік.

– Ірімшік дәмді.

– Ірімшік дәмді ме?

– Ірімшік дәмді.

– Ірімшік – тағам.

– Ірімшік не?

– Ірімшік – тағам.

– Мынау – қант.

– Мынау не?

– Мынау – қант.

- Қант тәтті.
- Қант қандай?
- Қант тәтті.
- Қанттың түсі ақ.
- Қанттың түсі қандай?
- Қанттың түсі ақ.
- Мынау – шырын.
- Мынау не?
- Мынау – шырын.
- Шырын дәмді.
- Шырын қандай?
- Шырын дәмді.

Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке, хормен айтып жаттығады. Сөздік ойын «Тыңда, қайтала».

- Мен шырын іштім.
- Сен не іштің?
- Мен шырын іштім.
- Мен алма шырынын іштім.
- Сен қандай шырын іштің?
- Мен алма шырынын іштім.

Үлгі бойынша балалар сөйлем құрайды: Мен нан, ірімшік жедім. Ірімшік дәмді. Шырын іштім. Шырын дәмді.

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық, Қолымызды созайық. Бойымызды жазайық Алақанды соғайық.

Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық.

Тағамдардың барлығы қадірлі, оларды ысырап етуге болмайтынын түсіндіріп, тыйым сөзді жаттату.

Нанды баспа, ақты төкпе. Қазақ халқы «ақ», – деп сүт, айран, қымыз, шұбатты айтқан. Нан, сүт және етті қайдан аламыз?

– Азық-түлік дүкеннен аламыз.

Сюжеттік ойын: «Дүкен». Педагог – сатушы.

– Сәлеметсіз бе!
– Сәлеметсіз бе!
– Нан беріңізші.
– Қандай нан?
– Ақ нан.
– Міне, нан, алыңыз.
– Рақмет. Сау болыңыз.

Балалар үлгі бойынша диалог құрайды.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Тағамдарды ата. Сұраққа жауап бер. Сен не жедің? Не іштің? Сөйлем құра.

*Мен нан жедім. Мен дәмді шырын іштім.*

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар

балалармен қоштасады.

**№ 43**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Асханада

**Мақсаты:** білім-дағдыларын бекіту; өткен сөздерді қайталау, бекіту

**Білімділік міндеті:** тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті**: сыпайы, мәдениетті болуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тағам атауларын біледі, сөздерді анық дұрыс айтады, диалог құрастырады.

**Түсінеді:** тақпақтағы сөздерді түсінеді.

**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді, сөйлем құрайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, суреттер, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: асхана – столовая, аспаз – повар, пісіреді – варит, күріш – рис, палау – плов, көже – суп.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Азық-түлік» тақырыпты қайталау. Балалармен әңгіме құрайды. Бүгін таңғы асқа не жедің?

Сәуле: Мен ботқа жедім, шырын іштім. Арман: Мен жұмыртқа жедім, шырын іштім.

Балалар үлгі бойынша сұраққа жауап береді. Әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2. Негізгі кезең**

Педагог тақпақ оқиды.

**Өзің пісірген ас дәмді**

Дуылдасты балалар, Шуылдасты балалар, Өздерінше ойнайды, Өздерінше тойлайды. Шай әкелді біреуі,

Май әкелді біреуі, Сүт әкелді біреуі, Ет әкелді біреуі. Бірі күріш әкелді, Бірі бұрыш әкелді, Бірі алма әкелді, Бірі нан да әкелді.

Бірі сүртіп табақты Бірі құйды тамақты. Дөңгелене отырып,

Тостағанды толтырып, Палауларын жеді де,

«Қандай тәтті», – деді олар.

Қ. Мырза Әли

Оқылған тақпақ мазмұны бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгіме өткізу.

– Тақпақ не туралы? Балалар не әкелді? Қандай тағам дайындалды?

Балалар сұрақтарға жауап береді, тағамдарды атайды. Педагог тапсырма береді.

– Оля, сүт әкел.

– Дима, ет әкел. т.с.с.

**Жаңа сөздермен таныстыру.** Суреттермен жұмыс.

– Мынау – күріш, кү-ріш.

– Мынау не?

– Мынау – күріш.

– Мынау – палау.

– Мынау не?

– Мынау – палау.

– Палау – тағам.

– Палау – не?

– Палау – тағам.

– Мынау – бұрыш. Бұ-рыш.

– Мынау не?

– Мынау – бұрыш.

– Балалар палау жеді.

– Балалар не жеді?

– Балалар палау жеді.

– Палау дәмді.

– Палау қандай?

– Палау дәмді.

Балалар сөздерді, сөйлемді жеке-жеке айтып жаттығады.

Ойын «Асханада». Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді.

Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды.

Мысалы:

- Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды).

– Рақмет. Палау дәмді болды.

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық, Қолымызды созайық. Бойымызды жазайық, Алақанды соғайық.

Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.

Ас аспай бас аспаз, Ас асты жас аспаз.

**Жаңылпаш жаттау.**

Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Суретке қара. Балалар қайда отыр? Не істеп отыр? 2.Аспаз не пісірді?

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Сендерге қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 44**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Әжемнің базарлығы.

**Мақсаты:** ұлттық тағам түрлерімен таныстыру.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** тағамдарды қадірлеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдер құрастырады.

**Түсінеді:** әр ұлттың ұлттық тағамдары болатынын түсінеді.

**Қолданады:** тағамдар ішінен ұлттық тағамдарды айыра біледі, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қоржын, суреттер, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: бауырсақ – бауырсақ, құрт – курт, қымыз – кумыс, шұбат – шубат.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Асханада» тақырыпты қайталау. Суреттермен жұмыс. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды, сөйлем құрастырады. Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. **Жаңа сөздермен таныстыру**.

Мынау – бауырсақ.

– Мынау не?

– Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады).

– Бауырсақтың дәмі қандай?

Сақ-сақ – дәмді бауырсақ. Сақ-сақ – жеймін бауырсақ.

– Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт. «Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады.

– Мынау не?

– Мынау – құрт.

– Мынау – қымыз. Мынау не?

– Мынау – қымыз.

– Қымыз өте дәмді.

– Қымыздың дәмі қандай?

– Қымыз өте дәмді.

– Мен қымыз ішемін.

– Сен не ішесін?

– Мен қымыз ішемін.

– Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат.

– Мынау не?

– Мынау – шұбат.

– Шұбат өте дәмді.

– Шұбаттың дәмі қандай?

– Шұбат өте дәмді.

Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.

– Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай?

–«Қ» дыбысы.

Педагог дыбыстардың дұрыс дыбысталуын қадағалайды. Жұмысты айнамен жүргізеді.

**Дыбыстық жаттығу**.

Қ-қ-қ-қ – қққымыз - қымыз Қ-қ-қ-қ – ққұрт - құрт **Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық, Қолымызды созайық. Бойымызды жазайық, Алақанды соғайық.

Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.

«Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Тағамдар

Ойын: «Дұрыс ата». Тағамдарды атайды, қаламмен тексереді.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Ұлттық тағамдарды ата.
2. Суреттен ұлттық тағамдарды тап. Оларды үстел үстіне сызып көрсет. Сен не жедің? Не іштің?

Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Балалар сөйлем құрайды.

*Мен бауырсақ жедім. Мен қымыз іштім.*

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Бүгін ең қызық қандай тапсырма болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 45**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Нан қайдан келеді?

**Мақсаты:** ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауды үйрету және диалогке қатысып, ауызекі сөйлеу тілдерін жаттықтыру. Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (і дыбысы) дұрыс айтуға жаттықтыру. **Тәрбиелік міндеті**: нанды қадірлеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ертегі кейіпкерлерін және олардың іс-әрекеттерің атайды, тақпақта таныс сөздерді табады, атайды, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** нан дастарқанға келу үшін көп еңбек керек екенін түсінеді;

**Қолданады:** сөздерді байланыстырып сөйлейді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** куыршақтар – Сәуле мен Арман, ертегі иллюстрациялары, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: егінші – хлебороб, наубайшы – пекарь, диірменші – мельник, ұн– мука, бидай – пшеница, сатушы – продавец.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа куыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Әжемнің базарлығы» тақырыпты қайталау.

Қима материалмен жұмыс. Ұлттық тағамдар атауларын қайталау. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

- Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме? Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады.

Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады. Ертегі не туралы?

**Жаңа сөздермен таныстыру.**

- Мынау – сатушы. Са-ту-шы.
- Мынау кім?

– Мынау – сатушы.

– Сатушы нан сатады.

– Сатушы не істейді?

– Сатушы нан сатады.

– Мынау наубайшы. Нау – бай - шы.

– Мынау кім?

– Мынау – наубайшы.

– Наубайшы нан пісіреді.

– Наубайшы не пісіреді?

– Наубайшы нан пісіреді.

– Мынау – бидай.

– Мынау не?

– Мынау – бидай.

– Мынау – диірменші.

– Мынау кім?

– Мынау – диірменші.

– Диірменші бидайдан ұн жасайды.

– Диірменші бидайдан не жасайды?

– Диірменші бидайдан ұн жасайды.

– Мынау – ұн.

– Мынау не?

– Мынау – ұн.

– Мынау – егінші.

– Мынау кім?

– Мынау – егінші.

– Егінші егін егеді.

– Егінші не істейді?

– Егінші егін егеді.

Сөздерді балалар жеке, хормен дұрыс айтып жаттығады.

Педагог і дыбысының дұрыс айтылуына назар аударады: диірменші, егінші.

**Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады) І-і-і-і – егінші – егінші

І-і-і-і – диірменші – диірменші.

Сұрақтар қою арқылы балаларға ертегі мазмұнын қайталату.

– Тышқан қайда келді? Ол не көрді?

– Тышқан не деді?

– Сатушы, нан қайдан келді?

– Наубайшыдан сұра.

– Наубайшы, наубайшы, нан қайдан келді?

Балалар педагогтің көмегімен кейіпкерлер сөзін кезекпен мәнерлеп, диалог құрып қайталайды.

– Егінші қандай адам? (Егінші – еңбекшіл, еңбекқор адам).

– Тышқан қандай? (Тышқан жалқау).

**Қанатты сөз.**

Ас атасы – нан, Нан атасы – дән.

– Қандай тыйым сөз білесіңдер?

– Нанды баспа, ақты төкпе.

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық, Қолымызды созайық. Бойымызды жазайық, Алақанды соғайық.

Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.

**Тақпақ оқу.**

Нан қоқымын шашпаңдар,

Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар.

(Ө. Тұрманжанов)

Тақпақ не туралы? Педагог тақпақтың мазмұнын балалармен бірге талқылайды.

- Қандай таныс сөздер бар? Балалар таныс сөздерді атайды: нан, жер, торғайлар.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Нан дастарқанға қалай келеді? Суреттерді ретімен белгіле. 2.Атауында «І» дыбысы бар суреттерді ата. Белгіле.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Дидактикалық ойын: «Мен 5 тағам білемін».

Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру. Шарты: Допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады.

Балалар білетін тағамдарын айтады.

**3.Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды.

– Ертегі ұнады ма? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Балаларды мадақтау. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№46**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Үй жануарлары.

**Мақсаты:** үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын қазақша айтқызып үйрету.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен

төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән ***«ұ»*** дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** үй жануарлары мен төлдерін атайды, үй жануарлары мен төлдерін топтай алады,

***«ұ»*** дыбысын дұрыс айтып жаттығады.

**Түсінеді:** жануарларды қалай шақыруға болатынын түсінеді.

**Қолданады:** зейін қойып тыңдайды, таныс сөздерді мәтіннен таба алады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар**,** ойыншықтар, үнтаспа, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент**: қошақан – ягненок, лақ – козленок, құлын – жеребенок, бұзау – теленок, бота – верблюжонок.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Нан қайдан келеді?» тақырыпты қайталау.

Иллюстрациялар бойынша «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін еске алу.

Наубайшы не істейді?

– Наубайшы нан пісіреді.

– Диірменші не істейді?

– Диірменші бидайдан ұн жасайды.

– Егінші не істейді?

– Егінші егін егеді.

2. **Негізгі кезең**

*Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.*

- Балалар бұл ненің даусы?

Мәтін оқу. *«Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы –*

*көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады».*

– Мәтінде қандай таныс сөздер бар?

– Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы.

– Үй жануарларының пайдасы қандай?

– Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады.

– Адамдар үй жануарларын қалай күтеді?

– Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, су береді.

**Жаңа сөздермен танысу.**

– Үй жануарларының төлдері бар.

Демонстрациялық материалдар және қима материалмен жұмыс.

– Мынау – құлын. Мынау не?

– Мынау – құлын.

– Құлын кішкентай.

– Құлын қандай?

– Құлын кішкентай.

– Мынау – бұзау. Мынау не?

– Мынау – бұзау.

– Бұзау кішкентай.

– Бұзау қандай?

– Бұзау кішкентай.

– Мынау – қошақан. Мынау не?

– Мынау – қошақан.

– Қошақан кішкентай.

– Қошақан қандай?

– Қошақан кішкентай.

– Мынау – бота. Мынау не?

– Мынау – бота.

– Мынау – лақ. Мынау не?

– Мынау – лақ.

– Лақ кішкентай.

– Лақ қандай?

– Лақ кішкентай.

Балалар жаңа сөздерді қайталайды.

Педагог сөздерде ұ дыбысының дұрыс айтылуына назар аударады.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ұ-ұ-ұ-ұ- құлын-құлын – құлын Ұ-ұ-ұ-ұ – бұзау – бұзау - бұзау **Сергіту сәті**

Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың? Бұлтиып тұр бүйірің Қай өрістен тойдың?

Үй жануарларын қалай шақыратыны туралы айтылады, балалар айтып жаттығады. Қойды «пұшайт-пұшайт», – деп шақырады.

Жылқы – құрау-құрау Сиыр – аухау-аухау

Ешкі – шөре-шөре Түйе – көс-көс

Дидактикалық ойын: «Нені шақырдым?» педагог үй жануарларын шақырады, балалар оны атап, ойыншықтарды көрсетеді.

**Жұмыс дәптермен жұмыс.**

1. Суретке қара. Аулада не бар? Енесі мен төлдерін жұптастыр.
2. Суретке қара. Ата. Атауында «Ұ» дыбысы бар төлдердің суреттерін қызыл қарындашпен қорша.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Доппен ойын: «Мен 5 үй жануарын білемін». Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру. Шарты: допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. Сабақта не ұнады? Не қызықты

болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 47**

**Білім беру саласы**: Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі

**Тақырыбы:** «Екі лақ» ертегісі

**Мақсаты:** ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын

жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән ***«қ»*** дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** балаларды татулыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** кейіпкерлерінің іс-қимылын, сөзін интонациямен жеткізе алады, диалогке катысады.

**Түсінеді:** ертегінің мазмұның түсінеді.

**Қолданады:** ертегіні сахналай алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, үнтаспа, ойыншықтар (үй жануарлары және төлдері), ертегі кейіпкерлері – лақтар, түлкі, қасқыр бейнеленген

қалпақтар, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: «Екі лақ» ертегісі – сказка «Два козленка», қойшы – пастух овец

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Достарымның барлығын, Сыйлап жақсы көремін. Алақаным арқылы,

Жылуымды беремін.

Өткен ұйымдастырылған оқу қызметін қайталайды.

Дидактикалық ойын: «Төлдерің ата және көрсет» Балалар үй жануарларын атап,

ойыншықтарды көрсетеді, төлдерін атайды және көрсетеді. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

**Ғажайып сәті.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

- Сәлеметсіздер ме?! Сендер ертегіні ұнатасыңдар ма? *Біз сендерге «Екі лақ» ертегісін сыйлыққа әкелдік.*
- Балалар, ертегіні тыңдап қана қоймаймыз, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз сахналап көреміз.

*Үнтаспадан ертегіні тыңдаймыз. Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап».*

- Ертегі не туралы?
- Ертегіде неше лақ?
- Ертегідегі лақтарды сипатта. (Ақ лақ және Қара лақ).
- Ақ лақ пен қара лақ нелерге жолығады? (Түлкіге, қасқырға)
- Түлкіден екі лақ қалай құтылады? (Қырдың астында қасқыр күтіп отыр).
- Қасқырдан екі лақ қалай құтылады? ( Арыстан күтіп отыр).
- Қойші ата Ақ лаққа не деді?

Педагог сөздерде қ дыбысының дұрыс айтылуына назар аударады.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Қ-қ-қ-қ – лақ-лақ-лақ, Ақ лақ.

Қ-қ-қ- қ – лақ-лақ-лақ- Қара лақ.

**Сергіту сәті**

Тіктеп титтей құлағын, Ботам былай жүреді.

Сыртылдатып тұяғын, Бұзау былай жүреді. Алға созып мойынын, Ойнақтайды ботақан. Таудан тасқа шұнағым, Секеңдейді лағым.

**Балалар ертегіні сахналайды.**

Санамақ арқылы қасқыр, түлкі және лақтардың рөлдері бөлінеді. Балалар қалпақтарды киеді. Автордың сөзін педагог айтады**.**

Педагог: *Ақ лақ пен қара лақ әрі жүгіреді, бері жүгіреді.*

Қара лақ:

Сен Ақ Лақсың, түк білмейтін ақымақсың. Мені әрлі-берлі сүйреп жүріп, ақыры адастырдың. Педагог: *Ақ лақ әрі ойланып, бері ойланып, жүрген жерлерін еске түсіреді де жүгіре жөнеледі, алдарынан түлкі шыға келеді.*

Түлкі:

- Әдемі лақтар, менің үйіме қонақ болып кетіңдер.

Ақ лақ:

– Түлкі, бізді Қасқыр қонаққа шақырды. Бізбен бірге жүр.

Педагог: *Түлкі лақтарға еріп жүреді, алдарынан ақырып Қасқыр шыға келгенде Түлкі қашып кетеді.*

Қасқыр:

– Р-р-р, менің қарным аш, сендерді жеп қоям!

Ақ лақ:

– Қасеке, әнеки, ана төбенің басында, қара тастың қасында, бізді Арыстан күтіп отыр.

Қара лақ:

– Бәәәә, Арыстанды қара.

Педагог: Қасқыр қатты сасқалақтайды, әрі-бері алақтап тұрады. Қасқыр:

– Бәлесінен аулақ. Бар жандарыңның барында кетіңдер, түге! Педагог:

– *Қасқыр қаша жөнеледі.*

Ақ лақ, Қара лақ:

– Алақай!!!

Педагог: *осылайша қорықпаған екі лақ, қырды асып өз үйірлерін табады.*

**Жұмыс дәптермен жұмыс.**

1. Суреттер бойынша ертегіні ретімен әңгімеле.
2. Суретке қарап, ата. Атауында «Қ» дыбысы бар жануарларды қорша. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

Сендерге ертегі ұнады ма? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№48**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Аулада.

**Мақсаты:** сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға жаттықтыру. Үй жануарлары туралы алған білімдерін, яғни жаңа сөздерді бекіту.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** қамқорлыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** үй құстарын және үй жануарларын атайды.

**Түсінеді:** үй жануарлары мен үй құстарына адамдар қамқор болатынын түсінеді.

**Қолданады:** зейін қойып тыңдайды, таныс сөздерді мәтіннен таба алады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, жылжымалы суреттер, үнтаспа, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент**: аула- двор, қаз – гусь, үйрек – утка, күркетауық – индюк, жем – корм.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Екі лақ» ертегі тақырыпты қайталау. Ертегі кейіпкерлерін атау. Педагог тақпақ оқиды.

**Кішкентай әліппе**

Бота: Б-ны Ө- ге қосып,

«Бө», – дейді.

Лақ: М-ны Е-ге қосып,

«Ме», – дейді.

Қозы: М- ны Ә- ге қосып,

«Мә» – дейді.

Ал мен: М-ны А-ға қосып,

«Ма», – деймін,

«Ма-ма», – деймін,

«Мама!» – деймін.

Ж. Смақов

1. Қандай төлдер аталды?
2. Бота не дейді?
3. Лақ не дейді?
4. Қозы не дейді?

**2. Негізгі кезең**

Үй жануарлары қайда тұрады?

Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». **Жаңа сөздермен таныстыру.**

- Балалар, мынау – аула.
- Мынау не?
- Мынау – аула.
- Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).
- Аулада не болуы мүмкін?

*Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.* Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с.

Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не? Аулада тауық (әтеш) бар.

Құстардың суреттерін аулаға орналастырады

- Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.
- Мынау – ... (қаз).
- Қаз қандай құс?
- Қаз – үй құсы.
- Аулада қаз бар.
- Аулада не бар?
- Аулада қаз бар.

– Мынау – үйрек. Үй-рек.
– Мынау не?
– Мынау – үйрек.
– Үйрек – үй құсы.
– Үйрек қандай құс?
– Үйрек – үй құсы.
– Аулада үйрек бар.
– Аулада не бар?
– Аулада үйрек бар.
– Мынау – күркетауық. Күр- ке- тау- ық.
– Мынау не?
– Мынау – күркетауық.
– Күркетауық – үй құсы.
– Күркетауық қандай құс?
– Күркетауық – үй құсы.
– Аулада күркетауық бар.
– Аулада не бар?
– Аулада күркетауық бар. Педагог шағын мәтінді оқиды.
– Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді.

Балалар мәтінді қайталайды.

Ойын: «Жалғастыр». Педагог бастайды, балалар аяқтайды.

- Үй жануарлары не жейді?
- Үй жануарлары ... жейді.
- Мысық нені жақсы көреді?
- Мысық ... жақсы көреді.
- Мысыққа сүтті кім береді?
- Адамдар мысыққа ... береді.
- Адамдар құстарға жем береді.
- Адамдар құстарға не береді?
- Адамдар құстарға ... береді. (Жем сөзін айтып жаттығады).

**Сергіту сәті**

Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың? Бұлтиып тұр бүйірің Қай өрістен тойдың?

**Педагог тақпақ оқиды.** **Малдың баласын сүюі**

Қой сүйеді баласын: «Қоңырым», – деп, – Ештеңені білмейтін момыным», – деп.

Сиыр сүйеді баласын: «Торпағым, – деп, – Қараңғыға баспайтын қорқағым», – деп.

Түйе сүйеді баласын: «Боташым, – деп, – Жәудіреген көзіңнен, тоташым», – деп. Ешкі сүйеді баласын: «Лағым, – деп, –

Тастан тасқа секірген шұнағым», – деп.

Жылқы сүйеді баласын: «Құлыным», – деп, – Тұлпар болып жүгірер жұлыным», – деп.

Педагог оқып, мазмұнын түсіндіреді.

Таныс сөздерді атау: қой, сиыр, түйе, ешкі, жылқы, бала. Мамаларың сендерді не деп еркелетеді? (Балалардың жауаптары). Мен ботақаным, құлыным, қозым – деп еркелетемін.

Ата-әже, аналар балаларын осылай еркелетеді.

**Жұмыс дәптермен жұмыс.**

1. Суретке қара. Аулада нелер болады? Шағын мәтін құра.

2. Сурет қара. Сәуле мен Арман не істеді? Сөйлем құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

Саған не ұнады? Жұмыс дәптеріне өздерінің игерген білімдерінің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 49**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Жабайы жануарлар.

**Мақсаты:** жабайы жануарлардың қазақша атауларымен таныстыру.

**Білімділік міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** жаңылтпаш, ойындар арқылы тіл байлықтарын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту.

**Тәрбиелік міндеті**: Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңылтпаш, жабайы жануарларды қайталайды**. Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** жабайы жануарлардың қазақша атауын айтады, жай сөйлеммен жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман**,** қима материалдар, үнтаспа, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** арыстан – лев, жолбарыс – тигр, маймыл – обезьяна, піл – слон, керік – жираф, үлкен – большой, ұзын – длинный.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Аулада» тақырыпты қайталау. Ойын: «Мен 5 үй құстарын білемін» *үй құстарының атауларын қима суреттер арқылы қайталау.* Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан

алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

ТТШТ/ТРИЗ: «Бұл қандай жабайы жануар?» *берілген суреттерден білетін жабайы*



*жануарларды сипаттап табу.*

– Мынау қандай жабайы жануар?

– Мынау – қоян. Бұл қоянның құлағы.

– Мынау – қасқыр. Бұл қасқырдың аяғы.

– Мынау – аю. Аюға бал ұнайды.

– Мынау – түлкі. Бұл – түлкінің құйрығы. Кима материалдармен жұмыс.

**Жаңа сөздермен таныстыру.**

– Мынау – арыстан.

– Мынау не?

– Мынау – арыстан.

– Арыстан үлкен.

– Арыстан қандай?

– Арыстан үлкен.

– Мынау – жолбарыс.

– Мынау не?

– Мынау – жолбарыс.

– Жолбарыс үлкен.

– Жолбарыс қандай?

– Жолбарыс үлкен.

– Мынау – піл.

– Мынау не?

– Мынау – піл.

– Піл ең үлкен жануар.

– Піл қандай жануар?

– Піл ең үлкен жануар.

– Мынау – керік.

– Мынау не?

– Мынау – керік.

– Керіктің мойны ұзын.

– Керіктің мойны қандай?.

– Керіктің мойны ұзын.

– Мынау– маймыл.

– Мынау не?

– Мынау– маймыл.

Балалар жаңа сөздерді қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

І-і-і-і- піл-піл- піл.

І-і-і-і – керік – керік – керік.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы»: педагог орыс тілінде жануарларды атайды, балалар қазак тіліне аударады: лев, тигр, обезьяна, слон, жираф, медведь, дикие животные.

**Сергіту сәті**

Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суреттерге қара. Жабайы жануарларды ата. Не артық? Қорша.
2. Не көріп тұрсың? Ата. Арыстанды боя.
3. Жаңылтпаш жаттау.

Арыстан Арысқа Барса да, Арыстан ары

Алысқа бара алмайды.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Ойын: «Дауысынан таны»: *үнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдап, ажырату.*

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

– Саған не қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 50**

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Қазақстан барысы» ертегісі.

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті**: жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Жасайды:** жабайы жануарлардың қазақша атауын айтады, жай сөйлеммен жауап береді.

**Түсінеді:** ертегі мазмұнын және қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материалдар, жұмыс дәптері, «Қазақстан барысы» ертегісінің бейнебаяны, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** барыс – барс, борсық – барсук , жаттығулар жасайды – выполняет упражнения, жарыс – соревнование.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Шеңберге келсін жайлана, Жалықпастан қайта біз.

Достық сөзін айтамыз, Сүйеміз бар әлемді, Әлемдегі бар елді.

Бақыттымыз осы біз, Қасымызда досымыз.

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман қонаққа келеді.

– Қайырлы күн, балалар!

Өткен тақырыпты қайталау. Ойын: «Мен 5 жабайы жануарын білемін» *жабайы жануарлардың атауларын қима суреттер арқылы қайталау.*

– Мынау – арыстан. Арыстан үлкен.

– Мынау – жолбарыс. Жолбарыс үлкен.

– Ең үлкен жануар – піл.

– Мынау – керік. Keріктің мойны ұзын.

– Мынау– маймыл.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Сәуле мен Арман*: Балалар, біз сендерге «*«Қазақстан барысы» *ертегісін сыйлыққа әкелдік.*

Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген.

«Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді.

Ертегі ұнады ма?

- Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр).
- Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой).

Педагог қима материал бойынша **жаңа сөздермен таныстырады**.

- Мынау – барыс. Мынау не?
- Мынау – барыс.
- Барыс жаттығулар жасады.
- Барыс не істейді?
- Барыс жаттығулар жасады.
- Мынау – борсық. Мынау не?
- Мынау – борсық.
- Борсық жаттығулар жасады.
- Борсық не істеді?
- Борсық жаттығулар жасады.
- Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты. Балалар жаңа сөздерді қайталайды.

**Сергіту сәті**

Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі.

Қатты, қатты жел соқты гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду, Тына қалса қатты жел, Тоғай биік көрінер.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Ертегі кейіпкерлерін тап. Ата. Белгіле.
2. Мақалды жатта.

Күш білекте емес – жүректе.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы»: педагог сөздерді орыс тілінде атайды, балалар қазақ тіліне аударады: сказка, барс, барсук, соревнование.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

– Ертегі ұнады ма? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 51**

**Білім беру саласы**: Қатынас.

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Көңілді тапқырлар клубы

**Мақсаты:** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту.
**Білімділік міндеті:** меңгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана білуге жаттықтыру.
**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру.

**Тәрбиелік міндеті**: бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** берілген тақырыптар бойынша сөздер атайды.

**Түсінеді:** ұжымдық ойында бір біріне көмектесу керек екенін түсінеді.

**Қолданады:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, қима суреттер, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: көңілді – веселый, тапқыр – находчивый, қора – сарай.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері**

Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, балалар!

Ән «Кел, балалар, ойнайық» тыңдату.

- Ән қандай?
- Ән көңілді. Кө-ңіл-ді.

2. **Негізгі кезең**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Бәрін ойын ойнауға шақырады. Көңілді ойын: «Көңілді тапқырлар клубы»

Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті қима материалдарды таратады.

Балалар түрлі түсті қима материалдарды түстеріне сәйкес біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір дұрыс жауап – бір ұпай.

1. Тапсырма. Балабақша тақырыбы бойынша сұрақтар:
    1. Балабақша қандай?
    2. Балабақшада кімдер жұмыс істейді?
    3. Топтарың қандай?
    4. Сурет бойынша сөйлем құра.
2. Отбасы.
    1. Отбасы мүшелерің ата.
    2. Сенің отбасыңда кімдер бар?
    3. Сурет бойынша сөйлем құра.
3. Қазақстан Республикасы.
    1. Қай Республикада тұрасың?
    2. Қазақстан қандай республика?
    3. Біздің Отан қалай аталады?
    4. Республика рәміздерін ата, сипатта.
    5. Елорда қай қала? Елорда қандай қала?
    6. Қай қалада (ауылда) тұрасыңдар? Қай көшеде тұрасың? Қалада (ауылда) не бар? 4.Жануарлар.
    1. Үй жануарларын атаңдар.
    2. Төлдерді атаңдар.
    3. Жабайы жануарларды атаңдар.
    4. Жануарлар туралы қандай ертегі, жұмбақ білесіңдер? Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды.

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық, Қолымызды созайық, Бойымызды жазайық, Алақанды соғайық.

Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суреттерге қара. Ата. Олар не істейді? Сөйлем құра.
2. Жануарларды ата. Олар қайда тұрады? Сызықпен қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Қандай тапсырма ең қызықты? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 52**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Көктем.

**Мақсаты:** көктем мезгіліне байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғаттың әдемілігін көре білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** көктем туралы сөздерін қайталайды, шағын мәтін құрастырады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, сөйлемге байланысты суреттерді дұрыс көрсетеді.

**Қолданады:** көктем айларын, көктем мезгілінің өз ерекшеліктері болатынын біліп, оларды айта алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, слайд «Көктем келді», интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: көктем – весна, жылынды – потеплело, ериді – тает, бүршік – почки, наурыз – март, сәуір – апрель, мамыр – май.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Үй және жабайы жануарлар» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Ойын

«Кім көп біледі». Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Слайдпен жұмыс.Суретте көктем мезгілі бейнеленген. **Жаңа сөздермен таңыстыру.**

– Жылдың қай мезгілі бейнеленген?

– Жыл мезгілі – көктем.

– Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.

– Көктем айларын ата?

– Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.

– Көктемде күн жылынады. Жылы, жы-лы-на-ды. Күн жылынады.

– Көктемде күн қайтеді?

– Көктемде күн жылынады.

– Көктемде қар ериді. Қар ... (ериді)

– Қар қай жыл мезгілінде ериді?

– Көктемде қар ериді.

– Көктемде құстар ұшып келеді.

– Құстар қай жыл мезгілінде ұшып келеді?

– Көктемде құстар ұшып келеді.

– Мынау не?

– Мынау – ағаш.

– Ағашта қандай өзгеріс байқалады? Мынау не?

– Мынау – бүршік.

– Ағашта бүршік. Ағашта не?

– Ағашта бүршік.

Жаңа сөздерді, сөйлемдерді балалар жеке, хормен және педагогпен бірге түрлі дауыс ырғағымен қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу**. (Айнамен орындалады). Ү-ү-ү- бүршік – бүүүршік – бүршік.

Ө-ө-ө- көктем – көөөктем – көктем.

**Тақпақ оқу**, таныс сөздерді тапқызу.

**Құс келді**

Қар су боп жөнелді – Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш.

(Б.Қозыкеев)

Балалар таныс сөздерді қайталайды: қар, күн, бүршік, ағаш. Тақпақты жаттайды.

**Сергіту сәті**

Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі.

Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта». Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Көктем ...

Күн ...

Қар ... Ағаштар ... Көктемде ...

Көктем айлары ...

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Сурет бойынша шағын мәтін құра. Көктемде қандай өзгерістер болады?
2.Суреттерге қара. Не артық? Қорша.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Сабақта не ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 53**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Көктемгі еңбек.

**Мақсаты:** балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. **Білімділік міндеті:** көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** үлкендер еңбегін құрметтеуге, еңбек етуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдерді құрастырады.

**Түсінеді:** маусымдық жұмыстарды түсінеді.

**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді,меңгерген сөздермен сөйлем құрайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** куыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, қарындаштар.

**Билингвалды компонент**: аула – двор, отырғызу – сажать, тазалау – чистить (убирать), арық – арык (канава) .

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа куыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен тақырыпты қайталауға ойын «Алтын сақа сөз жинайды» өткізеді. Бала сақаны қолына алып, бір сөз айтады, келесі бала сөзді қайталап оған тағы бір сөз қосады. Мысалы: бірінші бала «көктем», екінші бала «көктем, бүршік», т.с.с. Сөздер жиынтығы 2, 3, 4 сөз болуы мүмкін.

«Құс келді» тақпағын қайталау.

**Құс келді**

Қар су боп жөнелді – Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш.

(Б.Қозыкеев)

2. **Негізгі кезең**

Демонстрациялық суретпен жұмыс. **Жаңа сөздермен таңыстыру.**

- Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? (Көктем).
- Көктемде ауланы тазалайды. Таза – тазалайды.
- Көктемде не тазалайды?
- Көктемде ауланы тазалайды.
- Мынау – арық. (Суретті көрсетеді).
- Мынау не?
- Мынау – арық.
- Көктемде арықты тазалайды.
- Көктемде арықпен не істейді?
- Көктемде арықты тазалайды.
- Көктемде ағаш отырғызады. (Суретті көрсетеді).
- Көктемде не істейді?
- Көктемде ағаш отырғызады.

Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта» Көктемде ағаш ...

Көктемде (сөйлемді аяқтау үшін суреттер: ағаштар, гүл, гүлдер көрсетіледі).

Көктемде ауланы тазалайды Көктемде ... ...

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ө-ө-ө-ө- көк- көк- көк- көктем Ө-ө-ө-ө-шөп-шөп-шөп **Сергіту сәті**

Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.

Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, дұрыс емес пе?». Сөйлем дұрыс болса, «иә» деп жауап беріп сөйлемді қайталайды. Сөйлем құрлымы қате болса, сөйлемді дұрыстап айтады.

- Көктемде гүл өседі.
- Көктемде көгөніс піседі.
- Көктемде отырғызады ағаш. т.с.с.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретке қара. Көктемде қандай жұмыс істейді? Сөйлем құра.
2. Атауында «Ө» дыбысы бар суретті қорша.
3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 54**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Көктем келді, құс келді.

**Мақсаты:** жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.

**Білімділік міндеті:** жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету.

Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды

дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

**Дамытушылық міндеті:** «Ұ» дыбысын дұрыс айтып, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тақырыпқа байланысты сөздерді қайталайды, жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды.

**Түсінеді:** қазақша жыл құстардың атауларын түсінеді.

**Қолданады:** қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратып, сөздерді таба алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, суреттер, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: жыл құстары – перелетные птицы, қарлығаш – ласточка, қараторғай – скворец, ұя – гнездо, ұшады – летают, жасайды – делает, қамқор – забота.

**ҰОҚ барысы** **1. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн!
Қайырлы таң, кең далам!

– Қазір жылдың қай мезгілі?

– Қай ай?

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

«Көктемгі еңбек» өткен тақырыпты суреттер бойынша қайталау. «Көктемде не істейді?» сұрағына жауап беру. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2. Негізгі кезең**

**Жаңылтпашпен таныстыру.** Мағынасын түсіндіру.

Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді.

Балалар жай, жылдам қайталайды.

Суреттермен жұмыс. **Жаңа сөздермен таныстыру**.

– Көктемде құстар келеді.

– Көктемде не келеді?

– Көктемде құстар келеді.

- Мынау – қараторғай.

- Мынау не?
- Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады).

– Көктемде қараторғай келеді.

– Көктемде қандай құс келеді?

– Көктемде қараторғай келеді.

– Мынау – қарлығаш.

– Мынау не?

– Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.

– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.

– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.

- Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.
- Көктемде келетін құстарды қалай атайды?
- Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.

Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.

Балалар қайталайды.

**Сергіту сәті:**

Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды.

Дидактикалық ойын: «Жыл құстарын ата, көрсет» (сиқырлы қаламмен тексереді). Ойын «Құстар не істейді»

- Құстар ұшады.
- Құстар не істейді?
- Құстар ұшады.
- Құстар ұя жасайды.
- Құстар не істейді?
- Құстар ұя жасайды.
- «Ұя» сөзінде бірінші дыбыс – Ұ.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ұ-ұ-ұ-ұя – ұя - ұя

Дидактикалық ойын: «Ұ» дыбысы бар ма, жоқ па». Педагог сөздерді айтады, балалар

«иә»,«жоқ», – деп жауап береді. Сөздер: үстел, тақта, аю, жануар, құс, жұмыс, ұя, көктем, шөп.

Ойын «Біреу – көп»

Педагог бір және бірнеше құстың суретін көрсетіп, оны өзі айтады.

- Құс – құстар.
- Қарлығаш – қарлығаштар.
- Қараторғай – қараторғайлар. (Балалар қайталайды).

**Жұмыс дәптерімен жұмыс**.

1. Суретте нелер бейнеленген? Ата. Құстар не істейді? Сөйлем құра. Сөйлем үлгісі: Құстар ұшады.
2. Құстарды ата. Сана. Жекеше, көпше түрде ата. Үш қараторғайлар, төрт қаздар, бес қарлығаштар.

Қараторғай – қараторғайлар, қаз – қаздар, қарлығаш – қарлығаштар. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Сабақта не қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 55**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Армысың, әз Наурыз!

**Мақсаты:** ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұлттық салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдерді түсінеді.

**Түсінеді:** Наурыз мерекесі халықтық үлкен мереке екенін түсінеді.

**Қолданады:** мерекелік құттықтау сөздерді қолданады, сұрақтарға жауап береді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық суреттер, «Құтты болсын, әз Наурыз» әні, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: Наурыз мерекесі – праздник Наурыз, наурызкөже – наурызкоже, Наурыз құтты болсын! – С праздником Наурыз!, алтыбақан – алтыбакан (качели).

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз.

Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру

1. Қазір жылдың қай мезгілі?
2. Қай ай?

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Қима материалмен жұмыс. Өткен «Көктем келді, құс келді» тақырыбын суреттер бойынша қайталау. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2.Негізгі кезең**

Электронды қазақ үйінен «Құтты болсын, әз Наурыз» әнін тыңдату.

– Бұл ән қандай, көңілді ме? Не туралы?

– Көктемде Наурыз мерекесі болады. Бұл мерекені достарымызбен бірге тойлаймыз.

Наурыз мерекесі және оған дайындық туралы қысқаша түсінік беру.

«Наурыз – жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жаңа күн, жаңа жыл. Құттықтау:

Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын!

Құттықтау сөздерін балалар қайталап естеріне сақтайды.

Наурыз мерекесі – Қазақстанның халқы үшін ерекше мереке. Демонстрациялық материалмен жұмыс.

Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.

– Мынау кім? Мынау – ата.

– Мынау не?

– Мынау – домбыра.

– Ата домбыра ойнап отыр.

– Ата не істеп отыр?

– Ата домбыра ойнап отыр.

– Мынау – алтыбақан.

Мынау не?

– Мынау – алтыбақан. Балалар алтыбақан тебеді.

– Балалар не істейді?

– Балалар алтыбақан тебеді. Адамдар ұлттық киім киеді.

– Қандай қазақ ұлттық киімдерін білесіңдер?

Балалар таныс ұлттық киімдерді атайды.

– Адамдардың көңіл күйлері жақсы.

– Адамдардың көңіл күйлері қандай?

– Адамдардың көңіл күйлері жақсы.

Балалар сұрақтарға жауап беру барысында өткен тақырыптарды естеріне түсіреді. Жаңа сөздерді жеке, хормен қайталап отырады.

**Сергіту сәті:** *Ән: «Дастарқан».*

Ей, халайық, халайық, Бар өнерге салайық.

Ас ұсынып, бас тартқан, Жаюлы тұр дастарқан. Дастарқан-ау, дастарқан, Берекелі дастарқан, Мерекелі дастарқан

О-о-о!

– Наурыз мерекесінде ұлттық тағамдар дайындалады. Наурыз мерекесінің басты тағамы

– наурызкөже. (Түсінік беру).

– Әжей наурызкөже пісіреді.

– Наурызкөжені кім пісіреді?

– Әжей наурызкөже пісіреді.

Қандай ұлттық тағам білесіңдер? Педагог балаларға суреттерді таратады. Балалар таныс тағамдарды атайды, суреттерін көрсетеді: бауырсақ, қымыз, шұбат, құрт.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс**.

1.Суретте не болып жатыр? Қандай мереке бейнеленген? Әңгіме құра. 2.Кім не істейді? Сәйкестендір. Сөйлем құра.

– Әжей не істеді?

– Әжей наурызкөже пісірді.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Ұлттық ойын: «Сақина». Ойынды бастайтын баланы санамақ арқылы анықтайды. Санамақ айту.

Бір, екі – Жердің беті.

Сары шымшық, Тез ұшып шық.

Балалар шеңбер болып қатарға отырады. Алақандарын бір-біріне қысып, қолдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Ойын бастаушының қолында сақина болады. Ол өз алақандарымен сақинаны балалардың алақандарын ашып салған сияқты боп, біреуінің алақанына салу керек.

Бәрін аралап өткен соң ортаға келіп: «Бір, екі, үш – сақинам ұш!» – дейді. Сонда қолында сақинасы бар бала тұру керек. Оң жақта отырған көршінің тапсырмасы оны ұстау керек. Егер сақинаға ие болып жүрген ойнаушыны көршісі ұстай алмаса, онда көршісін жазалайды, ал егер сақина бар бала тұра алмаса, онда оның өзін жазалайды. Жаза әртүрлі болуы мүмкін:

жеңімпазды арқасына отырғызып жүріп келу, бір аяқпен секіру, билеу, ән айту және т.б. Жазаланған тапсырманы жасағаннан кейін жүргізуші болады және ойын жалғаса береді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Сабақта қандай тапсырма ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген

білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 56**

**Білім беру саласы**: Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі**.**

**Тақырыбы:** Ертегі әлемі

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету.
**Білімділік міндеті:** зейін қойып тыңдауға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** кейіпкер бейнесін көрсетуге ынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** қайырымдылыққа, көмек беруге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ертегі кейіпкерлерін атайды, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** сөйлемдерді түсініп, суреттерін көрсетеді.

**Қолданады:** меңгерген сөздерін күнделікті өмірде қолданады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ертегілер иллюстрациялары, қарлығаштың суреті, ертегі кейіпкерлері – қарлығаш, дәуіт, қарға, көкек, жылан бейнеленген қалпақтар, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: дәуіт – богомол, көмек – помощь, сұрады – просил, қарға – ворона, көкек – кукушка, жылан – змея.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

Қазір жылдың қай мезгілі? Қай ай? Бүгін аптаның қай күні?

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Қима материалмен жұмыс. Өткен «Армысың, әз Наурыз» тақырыпты суреттер бойынша қайталау. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Таныс ертегілер иллюстрациясыларымен жұмыс: «Бауырсақ», «Шалқан». Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? Таныс ертегілерді айтыңдаршы.

Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». *Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балалар сол кейіпкерлерді атап көрсетеді.*

Суреттермен жұмыс. Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді.

– Мынау не?

– Мынау – қарлығаш.

Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады. Ертегісін тыңдату. Суреттер бойынша жұмыс.

- Мынау – Қарға.
- Мынау не?
- Мынау – Қарға.
- Мынау – Көкек.
- Мынау не?
- Мынау – Көкек.
- Мынау – Дәуіт.
- Мынау не?
- Мынау – Дәуіт.
- Мынау – Жылан.
- Мынау не?
- Мынау – Жылан
- Қарлығаш көмек сұрады.
- Қарлығаш не істеді?
- Қарлығаш көмек сұрады.
- Көмек, кө-мек.
- Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады.
- Қарлығаш нелерден көмек сұрады?
- Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады.
- Көкек: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ – деді.
- Көкек не деді?
- «Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ», – деді. Қарға: «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді.

Қарға не деді?

–«Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді.

– Осы істері дұрыс па?

- Қарлығашқа дәуіт көмек берді.
- Қарлығашқа не көмек берді?
- Қарлығашқа дәуіт көмек берді.
- Қарлығаш пен Дәуіт дос болды.

– Қарлығаштың досы ....

– Дәуіттің досы ...

Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен дұрыс айтып жаттығады, естеріне сақтайды.

**Сергіту сәті:**

Қолымызды жаямыз, Құстай қанат қағамыз. Ұшып-ұшып аламыз, Орнымызды табамыз.

Балаларға ертегіні сахналауды ұсыну. Балалар санамақпен ертегіні сахналауға қатысатын балаларды таңдайды. Ертегі кейіпкерлері – Қарлығаш, Дәуіт, Қарға, Көкек, Жылан

бейнеленген қалпақтарды балаларға береді. Сахналау. Автордың сөздерін педагог айтады.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суреттерге қара. «Қарлығаш пен Дәуіт» ертегісін ретімен айтып бер. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 57**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Қандай түстер?

**Мақсаты:** түстерді қазақша айтуға үйрету.

**Білімділік міндеті**: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту. Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті**: ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, сын есімдерді пайдаланып сөйлем құрайды.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсініп жауап береді.

**Қолданады:** түстердің қазақша аталуын қолданады, сұрақтарға жауап береді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, суретті сөздіктер, слайд**,** қима материал, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент**: қандай? – какой?, қоңыр – коричневый, қара – черный, күлгін – фиолетовый, көгілдір – голубой, қызғылт – оранжевый.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз.

Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Амандасады. Өткен «Ертегі әлемі» тақырыпты қайталау. Ертегі кейіпкерлерін атау.

2. **Негізгі кезең**

Педагог балалардан білетін түстерін сұрау. Балалар түстерді атайды. Қима материалмен жұмыс.

– Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай?

– Жапырақтың түсі сары.

– Мынау жапырақтың түсі қандай?

– Жапырақтың түсі жасыл.

– Алманың түсі қандай?

– Алманың түсі қызыл.

– Мынау қарындаштың түсі қандай?

– Көк түсті.

– Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайды).

**Жаңа сөздермен таныстыру.**

Сәуле түрлі түсті қарындаштарды көрсетіп, түстерді атайды.

- Мынау – қоңыр түс, қо-ңыр.
- Қандай түс?
- Қоңыр түс.

- Мынау – қара түс, қара.
- Қандай түс?
- Қара түс.
- Мынау – күлгін түс, күлгін.
- Қандай түс?
- Күлгін түс.
- Мынау – көгілдір түс, кө-гіл-дір.
- Қандай түс?
- Көгілдір түс.
- Мынау – қызғылт түс, қызғылт.
- Қандай түс?

Қызғылт түс

Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Ң- ң- ң –қо-ңыр.

Қ –қ- қ- қара. Ү -ү -ү – күлгін

Ө -ө -ө –кө-гіл-дір.

Ғ- ғ-ғ- ғылт – қызғылт.

Ойын: «Осындай түсті затты тап».

Педагог топтан қоңыр, күлгін, көгілдір, қызғылт және қара түсті заттарды табуды сұрайды. Балалар заттарды тауып, олардың түстерін атайды, сөйлем құрайды. Мысалы: Мынау – аю. Оның түсі қоңыр. Мынау – текше. Оның түсі күлгін.

**Сергіту сәті:** (*сергіту массажы, бір-бірінің арқасына, сұқ саусақтарының көмегімен сурет салады).*

Кемпірқосақ түстері Жаңбырдан соң тамаша! Күнмен бірге шағылысып, Шуақтары алуан-алуан.

Қызыл – қызғылт, сары – сарғыш, Көк – көгілдір, жасылы бар.

Көз тоймайды қараса!

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Кемпірқосақтың түстерін ата.
2. Шарларды боя.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог түстерді қазақ тілінде атайды, балалар орыс тіліне аударады.

қоңыр – коричневый қара – черный күлгін – фиолетовый

көгілдір – голубой

қызғылт – оранжевый

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

– Қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген

білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 58**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Біз мектепке барамыз.

**Мақсаты:** жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру.

**Білімділік міндеті:** сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздерді сөйлемдерде

байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану

дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларың қалыптастыру.

**Тәрбиелік міндеті:** мектеп туралы ұғымдарын кеңейту арқылы білімге деген қызығушылықтарын ояту.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:**тақырыпқа байланысты сөздерін айтады, дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды.

**Түсінеді:** сөздердің мағынасын түсінеді.

**Қолданады:** сөздерді қолданып, қысқа сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, мектеп туралы бейнематериал, суреттер, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: мектеп – школа, оқиды – учатся, білім – знания, сынып – класс, оқушы – ученик, мұғалім – учитель.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүймейміз. Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Суреттер бойынша өткен «Қандай түстер?» тақырыпты қайталау.

Балалар суреттегі заттарды және олардың түстерінің қандай екенін атайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Педагог балаларға мектеп жайлы және балалардың жақында мектеп табалдырығын аттайтындарын айтып, әңгіме жүргізеді. Мектепте балаларды оқытатын адамды мұғалім деп айтатынын айтады. Мектеп туралы бейнематериалды көрсетеді.

**Жаңа сөздермен таңыстыру.**

- Балалар мектепке келді.
- Балалар қайда келді?
- Балалар мектепке келді.
- Мынау – мектеп. Мек-теп. Мынау не?
- Мынау – мектеп.
- Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді?
- Мектепте оқиды, білім алады.
- Мынау – оқушы. Мынау кім?
- Мынау – оқушы.
- Мынау – оқушылар. Мынау кімдер?
- Мынау – оқушылар.
- Мынау – мұғалім. Мынау кім?
- Мұғалім.

– Мынау – сынып. Сы-нып.

– Мынау не?

– Мынау – сынып.

Мектепте сынып бар.

– Мектепте не бар?

– Мектепте сынып бар.

Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады.

Мектепте сыныптар бар. Мектепте нелер бар?

Мектепте сыныптар бар. Сыныпта орындықтар бар.

Сыныпта нелер бар? (Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады).

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Қ-қ-қ-қ- оқушы – оқушы. І-і-і-і- білім – білім.

Ғ-ғ-ғ-ғ – мұғалім – мұғалім.

**Жаңылтпашпен таныстыру**.

Сыныпта ақ бор бар, Көк бор бар,

Көп бор бар.

Балалар қатты, ақырын, жай , жылдам қайталайды.

**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым,

Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық.

Мақалды жаттау, мағынасын түсіндіру.

Оқу – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы.

Ойын «Сөз ойла, тез ойла».

Педагог кез келген сөздің бірінші буынын айтады, балалар жалғастырады, мысалы мұ..., мек... т.с.с.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Заттарды ата. Олар қайда болады? Сызықпен сәйкестендір. Сөйлем құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 59**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Мектепке не апарамыз?

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. .

**Білімділік міндеті:** оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтіндер құрастыруды

дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** жаңылтпашты қайталау, дүрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір- бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән

дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше турде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік міндеті:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, жаңылтпашты қайталайды, зат есімдерді жекеше және көпше турде айтады, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** оқушыға оқу құралының қажеттігін түсінеді.

**Қолданады:** үйренген сөздерін сөйлем құрауға қолдана алады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қоржын, ойыншықтар доп, қуыршақ, мәшине, робот, ит, піл, кітап, дәптер, қалам, сызғыш, жұмыс дәптері,

фишкалар.

**Билингвалды компонент**: кітап – книга, дәптер – тетрадь, қалам – ручка, сызғыш – линейка, қарындаш – карандаш, оқу құралдары – учебные принадлежности.

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**

– Қайырлы таң, балалар!

«Мектепке енді барамыз» әнін тыңдау.

Мектепке енді барамыз, Біз оқушы боламыз.

Жақсы оқып сабақты Кілең бестік аламыз.

– Қандай таныс сөздер бар?

Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды: мектеп, оқушы.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Ойын: «Кім көп біледі». Суреттер бойынша өткен «Біз мектепке барамыз» тақырыпты қайталау. Балалар әрбір айтқан сөз үшін фишка алады. Ойын соңында фишка көп жинаған бала жеңімпаз аталады.

**2 Негізгі кезең**

Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қоржын».

Балалар кезекпен ойыншықтарды алып, атайды: Мынау – доп. Доп – ойыншық. (Қуыршақ, мәшине, робот, ит, піл).

Педагог қоржынан оқу құралдарын алып, жаңа сөздермен таныстырады.

– Мынау – кітап, кііі-тап. Мынау не?

– Мынау – кітап.

– Кітап – оқу құралы.

– Кітап не?

– Кітап – оқу құралы.

– Оқушыға кітап керек.

– Оқушыға кітап керек пе?

– Оқушыға кітап керек.

– Оқушы кітап оқиды.

– Оқушы не оқиды?

– Оқушы кітап оқиды.

– Мынау – қалам, қа-лам.

– Мынау не?

– Мынау – қалам.

– Қалам – оқу құралы.

– Қалам – не?

– Қалам – оқу құралы.

– Оқушыға қалам керек.

– Оқушыға қалам керек пе?

– Оқушыға қалам керек.

– Мынау – сызғыш, сыз-ғыш. Мынау не?

– Мынау – сызғыш.

– Сызғыш – оқу құралы.

– Сызғыш не?

– Сызғыш – оқу құралы.

– Оқушыға сызғыш керек.

– Оқушыға сызғыш керек пе?

– Оқушыға сызғыш керек.

– Мынау – дәптер, дәп-тер. Мынау не?

– Мынау – дәптер.

– Дәптер оқу құралы.

– Дәптер не?

– Дәптер оқу құралы.

– Оқушыға дәптер керек.

– Оқушыға дәптер керек пе?

– Оқушыға дәптер керек.

– Оқушы дәптерде жазады.

– Оқушы дәптерде не істейді?

– Оқушы дәптерде жазады.

– Мынау – қарындаш. Мынау не?

– Мынау – қарындаш.

– Қарындаш – оқу құралы.

– Қарындаш не?

– Қарындаш – оқу құралы.

– Оқушыға қарындаш керек.

– Оқушыға қарындаш керек пе?

– Оқушыға қарындаш керек.

– Кітап, қалам, дәптер, сызғыш, қарындаш – оқу құралдары.

Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке айтып жаттығады.

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

І-і-і-і – кітап, кітап.

Қ -қ-қ-қ – қалам, қалам. Ә-ә-ә-ә- дәптер, дәптер.

Сөздерді бекіту үшін, «Қайтала, көрсет» ойынын жүргізеді. Оқу құралдары жекеше, көпше айтылады. Сөздерді қайталап, үстелден алып көрсетеді.

кітап – кітаптар қалам – қаламдар

сызғыш – сызғыштар дәптер – дәптерлер

Педагог шағын мәтін құрайды.

*Мен мектепке барамын. Мектепке кітаптар, дәптерлер, қалам апарамын. Мен жақсы оқушы боламын.*

Балалар мәтінді қайталайды.

**Сергіту сәті:**

Бір, екі, үш

Аяққа түсті күш. Төрт,
бес, алты Күшіміз
артты. Жеті, сегіз

Білім, еңбек егіз. Тоғыз,
он

Құстай ұш та қон.

**Жаңылтпашты қайталау.**

Сыныпта ақ бор бар, Көк бор бар,

Көп бор бар.

Балалар жаңылтпашты жай, жылдам, қатты және ақырын қайталайды.

Дидактикалық ойын: «**Сөйлемді аяқта».** Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Оқушы дәптерде жазады.

Оқушы ... (дәптерде жазады). Кітапты оқиды. Кітапты ...

Қарындашпен сызады. Қарындашпен ...

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Оқу құралдарын тап. Белгіле. Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Қандай жаңа сөздер үйрендіңдер? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 60**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Оқушыға не керек?

**Мақсаты:** сөздік қорларын оқу құралдарының атаулармен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді байланыстырып сөйлеуді, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, 2-3 сөзден сөйлем құрастырады.

**Түсінеді:** сөйлемді түсініп сәйкес суретті көрсетеді.

**Қолданады:** сөздерді байланыстырып сөйлей алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, оқушының рюкзагы, оқу құралдары, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: желім – клей, сурет дәптері – тетрадь для рисования, қылқалам – кисточка, қайшы – ножницы, сурет салады – рисуют, қағаз қияды – режут бумагу.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

- Сәлеметсіздер ме?!

Қима материалмен жұмыс. Суреттер бойынша өткен тақырыпты қайталау. Ойын: «Алтын сақа сөз жинайды» (мектеп, оқу құралдары тақырыбы бойынша).

**2. Негізгі кезең**

Арман: Мен бүгін бір оқушының сөмкесін әкелдім. Ішінде не бар?

Балалар кезекпен келіп сөмке ішіндегі таныс заттарды алып атап, топтайды. Ойын барысында жаңа сөздермен таныстыру.

- Мынау – кітап. Кітап не?
- Кітап – оқу құралы.
- Оқушыға кітап керек пе?
- Оқушыға кітап керек.
- Мынау – мәшине. Мәшине – ойыншық.
- Оқушыға мектепте ойыншық керек пе?
- Оқушыға ойыншық керек емес.
- Мынау – қайшы. Мынау – ... қайшы (жеке-жеке айтады)
- Оқушыға қайшы керек.
- Оқушыға қайшы керек пе?

Оқушыға қайшы керек.

- Мынау – желім. Мынау не?
- Мынау – желім.
- Оқушыға желім керек.
- Оқушыға желім керек пе?
- Оқушыға желім керек.
- Мынау – қылқалам. Мынау не?
- Мынау – қылқалам.
- Оқушыға қылқалам керек.
- Оқушыға қылқалам керек пе?
- Оқушыға қылқалам керек.

Мынау – сурет дәптері. Мынау не? Мынау – сурет дәптері.

- Оқушыға сурет дәптері керек.
- Оқушыға сурет дәптері керек пе?

- Оқушыға сурет дәптері керек. Сөздік ойын: «Оқушы не істейді» Оқушы қаламмен жазады.

Оқушы қайшымен қағаз қияды. Оқушы қылқаламмен сурет салады. Оқушы сурет дәптерінде сурет салады.

- Оқушыға оқу құралдары не үшін керек?
- Оқушы қаламмен жазады. Қайшымен қағаз қияды.
- Қылқаламмен сурет салады. Сурет дәптерінде сурет салады.

Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды.

Сөздерді бекітуге арналған **«Сақ бол»** *ойыны*. Педагог оқу құралдарын бірде дұрыс, бірде қате айтады. Зейін қойып тыңдап, балалар «қатесін» түзетеді.

**Сергіту сәті:**

Бір, екі, үш – Аяққа түсті күш. Төрт, бес, алты – Күшіміз артты. Жеті, сегіз –

Білім, еңбек егіз. Тоғыз, он –

Құстай ұш та қон.

Дидактикалық ойын: «**Сөйлем құра».** Берілген сөздермен сөйлем құрау.

- Оқушы, керек, кітап. (Оқушыға кітап керек).

- Жаз, қалам. (Қаламмен жазады).
- Сынып, мектеп, бар. (Мектепте сынып бар)

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суреттерге қара, ата. Олар не үшін керек? Сөйлем құра.
2. Жаңылтпашты әртүрлі етіп қайтала. Алдымен дауысыңды қатты, сонан соң ақырын етіп айт. Енді жылдам, сонан соң ақырын айт.

Жақсы қайшы Қайсы қайшы?

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Қандай сөздер үйрендің? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 61**

**Білім беру саласы**: Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Дыбыстар әлемі

**Мақсаты:** меңгерген білім дағдыларын қайталау, бекіту;

**Білімділік міндеті:** Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын нығайту.

**Дамытушылық міндеті:** есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** дыбыстарды естіп ажырата алады.

**Түсінеді:** тапсырмаларды түсінеді.

**Қолданады:** қазақ тіліне тән дыбыстары, сөздерді дұрыс айта біледі.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: дыбыстар – звуки.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Суреттер бойынша өткен «Оқу құралдары» тақырыпты қайталау.

Ойын «Алтын сақа сөз жинайды» өткен сөздерді қайталау, бекіту. Балалар әрбір айтқан сөз үшін фишка алады. Ойын соңында фишка көп жинаған бала жеңімпаз атанады.

2. **Негізгі кезең**

– Сендер жұмбақ білесіңдер ме? Білетін жұмбақтарын естеріне түсіру.

– Бүгін ерекше жұмбақ шешеміз. Жұмбақтың шешуі – дыбыстар.

Жұмбақ жасыру. Педагог сөздегі тиісті дыбысты созып оқиды.

**Ә**кеңде бар, Атаңда жоқ. Т**ә**теңде бар, Апаңда жоқ.

(Ә)

Жо**қ**та бар, Барда жоқ.

Шо**қ**та бар, Талда жоқ.

(Қ)

К**ү**нде бар, Айда жоқ. Т**ү**нде бар, Таңда жоқ.

(Ү)

Ойын: «Кім тапқыр». Аталған дыбыс бар буын, сөз құрайды. Мысалы: әк- әке, әт- әтеш, әп- әпке.

Сөзжұмбақ шештіру. Жауаптағы сөздердің бірінші және соңғы дыбысы «а». Балалар жауабын айтады

1 – отбасы мүшесі (*ана*). 2 – жеміс *(алма*).

3 – отбасы мүшелері (*ата, аға*).

**4** – Иілсең иіліп, түйілесің түйіліп, Қарайды кісіге, ұқыпты ісіне. (*Айна)* **Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым,

Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Атауында «Ғ» дыбысы бар заттарды ата. Қорша.
2. Суреттерді қара. Ата. «Ө» дыбысының орнын тап, қызыл қарындашпен боя. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Қандай жұмбақ ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген

білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Куыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 62**

**Білім беру саласы**: Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Не? Кім? Қайда?

**Мақсаты:** өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау.

**Білімділік міндеті**: Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге

жаттықтыру.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** білімпаздыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** өткен тақырыптар бойынша сөздерді айтады.

**Түсінеді:** Не? Кім? Қайда? сұрақтарын түсініп, орынды қолданады.

**Қолданады:** сұрақтарға сөйлеммен жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ғажап шеңбер, қима суреттер, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: шеңбер – круг, ғажайып – удивительный, ұпай – очко, жеңіс– победа.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

– Қайырлы таң, балалар!

«Кел, балалар, ойнайық» әні.

Кел, балалар, ойнайық, Ойнайық та ойлайық. Қандай жұмбақ болса да Шешпей оны қоймайық.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

«Не? Кім? Қайда?» ойынын ойнауға шақырады.

2. **Негізгі кезең**

Балаларды ғажайып шеңбермен, **жаңа сөздермен таныстыру**. Ғажайып, ға-жайып. Шеңбер, шең-бер.

Ұпай, ұ-пай. Жеңіс, жең-іс. Сөздерді дұрыс айтып жаттығу.

Ойын шарты: балаларды топтарға бөлуге болады. Шеңберді айналдыру арқылы тапсырманы таңдайды. Тапсырманы орындаған балалар ұпай жинайды. Ойын соңында ұпайларын санап кімнің (қай топтың) жеңгенін анықтайды.

Тапсырмаларды орындау барысында суреттерді атайды. Не? кім? қайда? сұрақтарына жауап береді. Мысалы: Мынау кім? Мынау – тәрбиеші. Тәрбиеші қайда жұмыс істейді? Тәрбиеші балабақшада жұмыс істейді.

Мынау – төсек. Балабақшада төсек бар. Тақырыптар:

1. Балабақша. Мектеп.
2. Оқу құралдары мен ойыншықтар.
3. Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары.
4. Жыл мезгілдері.

5. Ойын «Дұрыс па?» педагог сөйлемдер айтады. Балалар «иә», «жоқ» деп дұрыс сөйлемді қайталайды, қате сөйлемді түзеп айтады.

**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым,

Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Кімге не керек? Суреттерді сәйкестендір. Сөйлем құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Ойын ұнады ма? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№63**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Жайлауда

**Мақсаты:** тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру.

**Білімділік міндеті**: жайлау туралы түсінік беру, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Тақпақ жаттау үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық,

дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** туған жердің табиғатының сұлулығын көре білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** тақпақтан таныс сөздерді түсініп, табады.

**Қолданады:** сөйлемді ретімен құрайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материал, сурет

«Жайлау», жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: табиғат – природа, жайлау – жайляу, таулар – горы, өзен – река, шөп – трава, салқын – прохладно, таза ауа – свежий воздух, жайылады – пасутся, киіз үй – юрта.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз.

Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Оқушыға не керек?» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Сенде не?» Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

*Сөздік ойын:* «Сұрақ-жауап»

- Біздін Отанымыз қалай аталады?
- Біздін Отанымыз - Қазақстан Республикасы
- Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады).
- Отанымыздың бас қаласын ата?
- Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан.

Өлкеміздің табиғаты бейнеленген «Жайлау» суретімен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру.

- Мынау – жайлау. Мынау не?
- Мынау – жайлау.
- Жайлауда таза ауа.
- Жайлауда ауа қандай?

– Жайлауда таза ауа.

– Мынау – таулар. Жайлауда таулар бар.

– Жайлауда нелер бар?

«Жайлауда таулар бар» сөйлемін жеке, хормен айтып жаттығады.

– Жайлауда таулар биік. Жайлауда таулар қандай?

– Жайлауда таулар биік.

– Жайлауда өзен бар. Мынау – өзен. Жайлауда не бар?

– Жайлауда өзен бар.

– Өзен суы таза. Өзен суы қандай?

– Өзен суы таза

– Мынау – киіз үй. Мынау не?

– Мынау – киіз үй.

– Жайлауда киіз үй бар. Жайлауда не бар?

– Жайлауда киіз үй бар.

– Жайлауда үй жануарлары жайылады. Жайлауда үй жануарлары не істейді?

– Жайлауда үй жануарлары жайылады.

– Үй жануарлары шөп жейді. Үй жануарлары не жейді?

– Үй жануарлары шөп жейді.

Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.

Педагог шағын мәтін құрап айтады: *Жайлауда салқын. Таза ауа. Жайлауда шөп көп.*

*Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.*

3-4 бала мәтінді қайталайды.

**Жаңылтпашпен таныстыру.**

Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек.

Жаңылтпаш жылдам, баяу, қатты және ақырын қайталау.

**Педагог «Жайлауда» тақпақты оқиды.** Балаларға тыңдап, таныс сөздерді табу ұсынады.

Атам биыл мені де Алып барды жайлауға. Құлындар тұр желіде, Биелер тұр байлауда. Бұлағын да ұнатам, Қыранын да ұнатам,

Асыр салып ойнаймын, Жайлауды мен ұнатам.

Балалар таныс сөздерді атайды: жайлау, ата, құлын.

**Сергіту сәті**:

Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына

Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Сурет бойынша шағын мәтін құра.
2. Жаттап ал.

**Қошақан** Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың? Бұлтиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың?

Ж. Өмірбеков Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?».

Ойынның мақсаты: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету.

Мысалы: Жайлауда таулар жоқ – Жайлауда таулар бар.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

– Сабақта не ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 64**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Киіз үй.

**Мақсаты:** киіз үй жабдықтарының қазақша атауларымен таныстыру.

**Білімділік міндеті**: киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті**: сөздерді байланыстырып сөйлеуді, артикуляциялық аппаратты дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұлттық қолөнерді қадірлеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тақырыпқа байланысты сөздерді, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** киіз үйде қазақ ұлттық заттар болатынын түсінеді.

**Қолданады:** қазақ ұлттық заттарды таниды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, «Киіз үй» суреті, ұлттық бұйымдар немесе суреттері, үнтаспада домбыра күйі, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент**: киіз үй – юрта**,** сандық – сундук, сырмақ – сырмак, алаша – алаша, жүн – шерсть, домбыра – домбра.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз.

Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Жайлауда» тақырыпты қайталау. Жаңылтпашты естеріне түсіріп қайталайды.

Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек.

Фланелді тақтада «Жайлау» суретін құрау.

Берілген сөздерден сөйлем құрастырады: шөп, көп, жайылады, үй жануарлар, жейді, таулар, өзен, киіз үй.

*Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.*

**2. Негізгі кезең**

Педагог киіз үйдің суретін іліп қойып, бүгін киіз үймен танысатындарын хабарлайды.

– Киіз үйде не бар?

«Киіз үй» суретімен жұмыс. Киіз үй туралы қысқаша мәлімет беру. Жаңа сөздермен таныстыру.

– Мынау не?

– Мынау – киіз үй.

– Киіз үйде не бар?

– Киіз үйде сандық бар. Мынау – сандық. Мынау не?

– Мынау – сандық. («Сандық» сөзін дұрыс айтып жаттығады).

– Сандық ағаштан жасалады. Сандық неден жасалады?

– Сандық ағаштан жасалады.

– Мынау – сырмақ.

– Мынау – ... (сырмақ). Сөзді жылдам, жай айтып есте сақтауға жаттығады.

– Сырмақ әдемі.

– Сырмақ қандай?

– Сырмақ әдемі.

– Сырмақ жылы. Сырмақ қандай?

– Сырмақ жылы.

– Сырмақ жүннен жасалады. Сырмақ неден жасалады?

– Сырмақ жүннен жасалады.

– Мынау – алаша. А-ла-ша. Мынау не?

– Мынау – алаша. (Алаша сөзін жеке, хормен айтып сөзді естеріне сақтайды).

– Алашада қандай түстер бар?

– Алашада қызыл түс бар. (Білетін түстерін айтады).

– Мынау – домбыра. (Домбыра суреті көрсетіледі).

– Мынау не?

– Мынау – домбыра.

Педагог үнтаспадан күй тыңдатады (үзінді).

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Қ-қ-қ-қ- дық-дық – әдемі сандық. Қ-қ-қ-қ - мақ-мақ – сырмақ.

Педагог шағын мәтін құрап айтады: *Мынау – киіз үй. Киіз үйде сандық бар. Сандық ағаштан жасалады. Киіз үйде сырмақ бар. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады. Киіз үйде алаша және домбыра бар.* (3-4 бала мәтінді қайталайды.)

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық, Керегені құрайық.

Уық болып иіліп, Киіз үйді құрайық.

Күйіз үй ішінің көрінісі бойынша ойын: «Қайтала, көрсет». Педагог киіз үй ішіндегі заттарды атайды, балалар сөзді қайталап, суретін көрсетеді.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Киіз үйде не бар?

Балаларға сұрақтар бере отырып6 сөйлемдер құрату. Мысалы: *Киіз үйде сандық бар.*

2. Суреттерге қара. Атауында «Қ» дыбысы бар заттарды көк қарындашпен қорша. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін». «Жайлау» тақырыбы бойынша балалар 5 сөз айтады.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау.

– Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген біліміндеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 65**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Әжемнің оюлары.

**Мақсаты:** қазақ ою-өрнектерінің аттарымен таныстыру;

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** өнерді түсінуге, салт-дәстүрді құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ою атауларын қайталап естеріне сақтайды, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** қазақ ұлттық бұйымдардың қазақы ою-өрнектерімен өрнектелетінін, олардың әртүрлі болып келетінін түсінеді.

**Қолданады:** оюларды атап, қолдана алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, тақырыпқа

байланысты мазмұнды сурет**,** ұлттық бұйымдар немесе суреттері, ою-өрнек үлгілері, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: ою – орнамент, гүл – цветок, қошқармүйіз – бараний рог, тұмарша – амулет, балта – топор, кең дала – широкая степь.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Киіз үй» тақырыбын қайталауға арналған «Ата, көрсет» ойыны: тақтадағы суреттер бойынша. Педагог заттарды атайды, балалар суреттерді көрсетеді. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең Тақпақ оқу.**

Әжем сырмақ сырады Әдетімен күндегі.

Сырмақтағы оюы Кең даланың гүлдері.

– Тақпақ не туралы?

– Әже не сырады?

– Оюлар неге ұқсайды?

– Кең даланың гүлдеріне ұқсайды.

Тақтадаға тақырыпқа байланысты «Әжелер сырмақ жасап отыр» суреті ілінеді. Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. Жаңа сөздермен таныстыру.

– Әжелер сырмақ жасап отыр. Әжелер не істеп отыр?

– Әжелер сырмақ жасап отыр.

– Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Сырмақты немен өрнектеп отыр?

– Сырмақты оюмен өрнектеп отыр.

Үлгілер бойынша оюмен таныстыру. Ою – оюлар.

– Мына ою «гүл» деп аталады. Мына ою қалай аталады?

– Мынау ою «гүл» деп аталады.

– Түсі қандай болады? (Суреттегі түстерді атайды).

– Мынау ою «қошқармүйіз» деп аталады. Мынау қандай ою?

– Мынау – «қошқармүйіз» ою. (Жеке-жеке айтып жаттығады).

– Мынау – тұмарша, тұ-мар-ша

– Мынау қандай ою?

– Мынау – тұмарша.

– Мынау – балта, бал-та.

– Мынау қандай ою?

Мынау – балта.

Ою ерекшеліктерін, оны қолдану жолдары, олардың түстері туралы әңгімелеу. Ұлттық бұйымдардың өз оюлары, түстері болатынын түсіндіру. Оюларды көрсету, ою аттарын қайталату.

Педагог шағын мәтін құрап айтады: *Әжелер сырмақ жасап отыр. Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Мынау – гүл ою. Мынау ою «қошқармүйіз» деп аталады. Мынау – тұмарша. Мынау – балта. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады.* (3-4 бала мәтінді қайталайды.)

**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ү-ү-ү-ү – гүл – гүл

Қ-қ-қ-қ – қошқар – қошқармүйіз Ұ-ұ-ұ-ұ – тұмарша – тұмарша

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық, Керегені құрайық.

Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық.

Сөздік ойын «Ұйқасын тап» Медведь – ... (аю) ,

Орнамент –... (ою).

Глаза – ... (көз),

Слова – ... (сөз).

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суреттерге қара. Заттарды ата. Қандай оюлармен өрнектелген? Балалар ұлттық киімдерді атап, түсін, қандай оюмен безендірілгенін айтады. Мысалы: Қызыл қамзол. Қамзолда қошқармүйіз оюы бар. Оюдың түсі сары.
2. Сырмақтың өрнектерін ата, боя.

Балалар оюларды атайды. Оюларға сәйкес таңдаған түстерін айтып бояйды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Ойын «Кім жылдам?» Мақсаты: ою атауларын, түстерді бекіту.

Педагог әртүрлі түстегі оюларды көрсетеді, балалар түсін, ою атауын айтады. Бірінші айтқан бала оюды алады. Ойын соңында кім көп ою жинағанын санап, жеңімпазды анықтайды.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

– Ең қызық қай тапсырма болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 66**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Қазақстан – ортақ үйіміз.

**Мақсаты:** мерекелерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. **Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Мақал-мәтелдерді айтуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөйлеу мәдениетін жетілдіру, сөздерді сөйлемдерге

байланыстырып құрауға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, сөйлем құрастырады, мақал-мәтелді және мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** Қазақстан халқы тату тұратынын түсінеді.

**Қолданады:** таныс сөздерді қолданады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, тақырып бойынша мазмұнды суреттер, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: халық – народ, көпұлтты – многонациональный, ортақ – общий, бірлік – единство, тату – дружно, дос – друг.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Суреттер бойынша өткен «Әжемнің оюлары» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2. Негізгі кезең**

– Біздің Отанымыз қалай аталады?

– Қай қалада (ауылда) тұрасын?

Педагог Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған әңгімені жүргізеді.

**Жаңа сөздермен таныстыру.**

– Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан қандай республика?

– Қазақстан – көпұлтты республика.

– Қазақстан халқы тату тұрады.

– Қазақстан халқы қалай тұрады? Қазақстан халқы тату тұрады.

Қазақстан – ортақ үйіміз.

– Ортақ үйіміз – ...

– Дима, сенің досың кім? Сен досыңмен қалай ойнайсың?

Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.

Педагог шағын мәтін құрап айтады: *Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан - көпұлтты республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан біздің ортақ үйіміз.* (3-4 бала мәтінді қайталайды).

**Сергіту сәті**

Дөңгелене тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп

Шаңыраққа киіліп Киіз үйді құрайық.

Дидактикалық ойын «Жалғастыру». Біздің Отанымыз – Қазақстан.

Біздің Отанымыз – ... .

Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан республика.

Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан халқы тұрады.

Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Қазақстан – біздің үйіміз.

**Мақалмен таныстыру.**

Бірлік бар жерде – бақыт бар.

Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді, балалар қайталайды.

«Сиқырлы қаламмен» жұмыс. «Достығымыз жарасқан»

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Сурет бойынша әңгімеле. Біздің Отанымыз қалай аталады?
2. Жаттап ал.

**Достық** Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан.

*Е.Елубаев*

Тақпақ оқу, түсіндіру, жаттау. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтау. Қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 67**

**Білім беру салалары:** Қатынас, әлеумет

**Бөлімі:** Қазақ тілі**. Тақырыбы:** Көлік

**Мақсаты:** көліктердің қазақша атауларымен таныстыру.

**Білімділік міндеті**: қоршаған ортадағы заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Жаңылтпаштарды айтуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті**: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті**: білуге деген ынталарын арттыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** көліктердін қазақша атауларын дұрыс қайталайды, жаңылтпашты айтады.

**Түсінеді:** көліктердің әртүрлі екенін түсінеді.

**Қолданады:** өздеріне таныс кейбір көліктерді таниды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материал (интербелсенді тақтада), қима материал, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: көлік – транспорт, ұшақ – самолет, пойыз – поезд, барамын – поеду, саяхат – путешествие.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Суреттер бойынша «Қазақстан – ортақ үйіміз» тақырыпты қайталау. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Сәуле балалармен ойын ұйымдастырады «Сұрақ-жауап».

- Сен бүгін таңертең қайда келдің? (Мен балабақшаға келдім).
- Балабақшаға кіммен келдің? (Мен анаммен келдім).
- Балабақшаға немен келдің?
- Мен автобуспен келдім.
- Мен мәшинемен келдім. (Сөйлемдерді балалар жеке-жеке қайталайды).
- Автобус, мәшине – көлік.

- Мәшине не?
- Мәшине (көлік).
- Автобус не?
- Автобус (көлік).

«Көлік» сөзін жеке, хормен дұрыс айтып жаттығады. Қалада көлік көп, сондықтан абай болу керек.

**Жаңа сөздермен таныстыру.**

Демонстрациялық материал (интербелсенді тақтада).

– Мынау – ұшақ, ұшақ.
– Мынау не?
– Мынау – ұшақ . (балалар жеке-жеке сөзді айтып жаттығады).
– Ұшақ – көлік.
– Ұшақ не?
– Ұшақ – көлік.
– Саяхатқа ұшақпен баруға болады
– Саяхатқа немен баруға болады?
– Саяхатқа ұшақпен баруға болады.
– Қандай ұшақ болады? (Үлкен, кішкентай).
– Мынау – пойыз.
– Мынау не?
– Мынау – пойыз. (Балалар жеке –жеке айтады).
– Пойыз – көлік.
– Пойыз не?
– Пойыз – көлік.
– Саяхатқа пойызбен баруға болады.
– Саяхатқа немен баруға болады?
– Саяхатқа пойызбен баруға болады.

**Дыбыстық жаттығулар:**

Ө-ө-ө-ө – көөө-лік- көлік І-і-і-і- лік -лік – көлік

Қ-қ-қ-қ- шақ-шақ – мынау – ұшақ.

Ұ-ұ-ұ-ұ -ұш-ұш - ұшақ ұшты. Ұшақ ұзақ ұшты.

Педагог сөйлемдер құрастырады. Нұр-Сұлтанға ұшақпен баруға болады. Нұр-Сұлтанға пойызбен баруға болады.

Балалар сөйлемдерді қайталайды.

**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық, Қолымызды созайық. Бойымызды жазайық Алақанды соғайық.

Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық.

**Жаңылпашпен таныстыру.**

Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш.

Балалар жаңылпашты бірнеше рет қатты, ақырын, баяу және жылдам қайталайды.

Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?». Педагогті тыңдап, сөйлемнің дұрыстығын анықтайды да, дұрыс сөйлемді қайталайды.

Мысалы: Автобус – көлік. Коньки – көлік. Ұшақ – көлік. Жылқы – көлік. Нұр-Сұлтанға трамваймен баруға болады. т.с.с.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Көлікті ата. Саяхатқа немен барасың? Сызып қос. Сөйлем құра. Балалар үлгі бойынша суретке қарап, сөйлем құрайды.

Сөйлем: *Мен автобуспен барамын* (сызықпен қосады).

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

- Не қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 68**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Алақай, жаз келді!

**Мақсаты:** жаз мезгілінің ерекшелігін қазақша айтуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** жаз айларын қазақша айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен

толықтыру.

**Дамытушылық міндеті:** сұрақтарға саналы түрде жауап беру дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатты сүюге, аялауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жыл мезгілдеріне байланысты сөздерді айтады, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** жыл төрт мерзімге бөлінетінін, әр маусымның өз ерекшелігі, қызығы, сұлулығы барын түсінеді.

**Қолданады:** білетін сөздерін қолданып сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, Ғажайып дөңгелек, жыл мезгілдерінің суреттері, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: жаз – лето, ыстық – жарко, маусым – июнь, шілде – июль, тамыз

– август, кемпірқосақ – радуга.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Көлік» тақырыпты қайталау. «Көрсет, қайтала» ойыны.

Ойынның шарты: педагог көліктерді атайды, балалар суреттерін көрсетеді, қайталайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

– Балалар менде «Ғажайып дөңгелек» бар. Дөңгелекте неше түс? Қандай түстер?

– Ақ, жасыл, сары, қызыл.

Дөңгелекте неге 4 түс, бұл түстер нені білдіреді? Балалар ойланады, талқылайды.

Педагог қорытындылайды: Төрт түс төрт жыл мезгілі. Жыл мезгілдерінің суреттерімен жұмыс.

Ақ түсті, жасыл түсті, Қызыл түсті, сары түсті Төрт түсті – жер үсті.

Ақ түс қай жыл мезгілі? (Қыс)

Сары түс ... (күз)

Жасыл түс – жылдың қай мезгілі? (көктем) Қызыл түс – жаз

Мынау – жаз мезгілі. ( жаз мезгілі суреті).

Педагог шағын мәтін құрастырады. Жазда ыстық. Жазда жасыл ағаштар. Жазда гүлдер көп. Қызыл, сары, ақ гүлдер. Жазда жидектер піседі: құлпынай, таңқурай, қарақат.

Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жазда кемпірқосақ болады. Балалар мәтінді қайталап естеріне сақтайды.

«Жалғастыр» ойыны. Балалар сөйлемдерді аяқтайды. Жазда ...(ыстық).

Жазда гүл ... (көп).

Жазда жидектер (піседі).

Жаз айлары(маусым, шілде, тамыз).

Жазда кемпірқосақ (болады).

**Педагог тақпақты оқиды**, таныс сөздерді табу ұсынады.

**Жайраң жаз**

Тауларға да, далаға Келді нұрлы жаз жайраң. Ауылда да қалада

Үлкен-кіші мәз-мейрам.

Е.Өтетілеуұлы

Балалар тыңдайды, таныс сөздерді атайды: жаз, таулар, қала, ауыл, үлкен, кіші.

**Сергіту сәті:**

Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ. Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог сөздерді қазақ тілінде атайды, балалар орыс тіліне аударады: жаз – лето, ыстық – жарко, маусым – июнь, шілде – июль, тамыз – август, кемпірқосақ – радуга.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Жазда қандай өзгерістер болады?
2. Бұл қай жыл мезгілінде болады? Ата. Сөйлем құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Сендерге не қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздерінің игерген білімдерінің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 69**

**Білім беру салалары:** Қатынас, таным

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Жаз қызығы

**Мақсаты:** жаз мезгілінің ерекшеліктерін, жазғы қызықтарды айта алуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

**Дамытушылық міндеті:** сұрақтарға саналы түрде жауап беру дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** әр жыл мезгілінің өз қызығы барын сезе білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді айтады, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:**жаз мезгілінің өз қызығы, сұлулығы барын түсінеді.

**Қолданады:** білетін сөздерін қолданып сөйлемдер құрайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, Ғажайып дөңгелек, жыл мезгілдерінің суреттері, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: шомылады – купаются, қыздырынады – загорают, демалыс – отпуск, су – вода, ұнайды – нравится, ойнайды – играют, секіртпе – скакалка.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?

Суреттер бойынша өткен «Алақай, жаз келді!» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. «Жазда не болады?» сұраққа жауап беру. Балалар сөйлеммен жауап береді.

*Жазда ыстық болады. Жазда гүлдер көп. Жазда жидектер піседі. Жазда кемпірқосақ болады.*

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Демонстрациялық материалмен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстырады.

– Жазда күн ыстық. Ыстық, ыс-тық. Жазда күн қандай?

– Жазда күн ыстық.

– Жазда не істейді? (Сөйлемді жеке жеке қайталату).

– Жазда суға шомылады. Шо-мы-ла-ды.

– Жазда не істейді?

– Жазда күнге қыздырынады. Жазда не істейді?

– Жазда адамдар демалыс алады.

– Жазда не істейді?

– Жазда балалар ойнайды.

Шағын мәтін құру үлгісі. *Жазда күн ыстық. Жазда анам, әкем демалыс алды. Біз суға шомылдық. Күнге қыздырындық. Жазда мен доппен ойнаймын. Секірпемен секіремін. Маған жаз ұнайды.*

Балалар мәтінді қайталайды.

Ойын: «Ғажайып дөңгелек».

Дөңгелек бөліктеріндегі түстерді педагог ретімен көрсетеді, сұрақтар қояды: Қандай түс? Қай жыл мезгілі?

Көрсеткен түске сәйкес балалар жыл мезгілін: ақ – қыс, сары – күз, қызыл – жаз, жасыл – көктем, айларын айтады.

Жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтады:

– Күзде жеміс, көгөніс піседі.

– Қыста шана, шаңғы тебеміз.

– Көктемде құстар ұшып келеді, ағаштар гүлдейді.

– Жазда күн ыстық, жидектер піседі.

**Сергіту сәті**

Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ. Тұратын көз тартып Жаз келді күн шуақ.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог сөздерді орыс тілінде атайды, балалар қазақ тіліне аударады.

купаются – шомылады загорают – қыздырынады отпуск – демалыс

вода – су

нравится – ұнайды играют – ойнайды скакалка – секіртпе

Сөздік ойын: «Сұраққа жауап бер» (доппен). Балалар шеңберге тұрады. Педагог ортада тұрып, балаларға доп лақтырады, сұрақ қояды:

– Сен жазда не істейсің ?

Балалар допты қағып алып:

– Мен жазда шомыламын», – деп жауап береді. Ойын осылай жалғасады.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Суретке қара. Қысқа мәтін құра. Жазда балалар не істейді? Жыл мезгілінің ерекшеліктерін, қызықтарын естеріне түсіру. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Қандай тапсырма ұнады? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 70**

**Білім беру саласы**: Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Ерте, ерте ертеде ...

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін танып, білуге үйрету, халық ауыз әдебиеті арқылы тілдерін жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** байқампаздық , салыстыру, жақсы қасиеттерді түсініп, өз ойларын айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** қазақ ертегілеріндегі жағымды кейіпкерлерден үлгі алуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** мақал-мәтел, жаңылтпаш айтады, ертегілердің кейіпкерлерін таниды, атайды.

**Түсінеді:** ертегі мазмұнын түсінеді.

**Қолданады:** білетін сөздерін қолдана біледі.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, жыл мезгілдерінің суреттері, Ерден ата әні, үнтаспа, ертегі кейіпкерлерінің суреттері, сандық, түрлі түсті асықтар, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент**: кейіпкер – персонаж, бай – богач, тапқыр – находчивый, мейірімді – добрый, сараң – жадный.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

«Жаз қызығы» өткен тақырыпты қайталау. «Жазда не істейді?» сұраққа жауап беру. Педагог суреттер көрсетеді, балалар жауап береді.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

2. **Негізгі кезең**

Ерден ата әнін тыңдау**.**

Кел, балалар, тұрмаңдар Бізде қызық думан бар. Атамыздың алуан

Ертегісін тыңдаңдар.

Қуыршақ Сәуле балалардан қандай ертегіні жақсы көретіндерін сұрайды. Олардан өздерінің сүйікті ертегілерін атын атауға тапсырма береді.

Сәуле мен Арман балаларға сыйлық әкелді, Ол – «Он тақия» ертегісі.

«Он тақия» ертегісін көрсетіп (тыңдатып) талдау.

– Ертегі ұнады ма?

– Ертегі кейіпкерлерін ата.

– Бай Алдаркөсеге не деді?

– Әй, Алдар, маған да бір тақия тігіп берсеңші.

– Алдаркөсе не айтты?

– Неге тікпеске. Жарты метр мата, жүз теңге ақша берсеңіз, ертең-ақ дайын болады, байеке.

– Соңғы рет келгенде бай не деді Алдаркөсеге?

– Өй! Мыналарың кішкене ғой, қалай киемін!

– Алдаркөсе не айтты?

– Сіздің берген матадан бір үлкен не он кішкене тақия шығады. Тақияларды кезекпен киесіз.

– Кім тапқыр? (Алдаркөсе)

– Кім сараң? (Бай)

– Саған кім ұнады? Сипатта.

**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым,

Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық

Орнымызды табайық.

«Сандық» ойыны. Сандықта түрлі түсті асықтар. Балалар кезекпен асықты алады, түсін айтып, сәйкес қағазды көрсетеді. Әр түсте әртүрлі тапсырмалар.

Балалар 3 топқа бөлінеді. Педагог түрлі түсті қима материалдарын таратады. Балалар оларды түстеріне сәйкес біріктіреді.

Қызыл түс. Жаңылтпаш жарысы. Жасыл түс. Мақал-мәтел жарысы.

Сары түс. Ертегі жарысы. (балаларға таныс ертегілер: Шалқан, Қолғап, Екі лақ, Қарлығаш пен Дәуіт.) Ертегі кейіпкерлерін айтып, суретін табады. Ертегінің атын айту керек.

Кейіпкерлер сөзін естеріне түсіру. Көк түс. Тақпақ жарысы.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. «Он тақия» ертегісінің кейіпкерлерін ата. Сипатта.
2. Сүйікті кейіпкеріңді сал. Ол кім? Қандай ертегі? Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
3. **Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақ балалармен қоштасады.

**№ 71**

**Білім беру саласы**: Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Жұмбақ шешейік.

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; өткенді қайталап бекіту.
**Білімділік міндеті:** сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. меңгерген сөздерімен сөйлем құрауға жаттықтыруды жалғастыру.

**Дамытушылық міндеті:** қысқаша мәтін құруды дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** білуге, ынталануға талпындыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жұмбақтарды шешеді, сөздерді айтады, мәтінді құрастырады.

**Түсінеді:** сөйлемді саналы түрде құрауды түсінеді.

**Қолданады:** дыбыстарды дұрыс айтады, ажырата алады, сұрақтарға жауап береді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима суреттер, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: жұмбақ – загадка, қу – хитрый, ширақ – проворный.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Ерте, ерте ертеде ...» тақырыпты қайталау. «Он тақия» ертегінің кейіпкерлерін ата. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды.

– Кім тапқыр? (Алдаркөсе)

– Кім сараң? (Бай)

2. **Негізгі кезең**

«Кел, балалар, ойнайық» әні

Кел, балалар, ойнайық, Ойнайық та ойлайық. Қандай жұмбақ болса да Шешпей оны қоймайық.

Қимылмен көрсете отырып жұмбақ жасыру.

Екі басы дөңгелек, Екі ұшы сүйір, Қиғанға үйір.

Ол – не? (қайшы) Қайшы туралы жаңылтпашты естеріне түсіру.

Жақсы қайшы Қайсы қайшы?

Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды. Келесі жұмбақ.

Өзі ширақ, өзі қу, Жүрген жері айғай-шу. Ол – не? (түлкі).

*Қу, ширақ* сөздерімен жұмыс. Шағын мәтін құрастыру.

Түлкі қандай жануар?

Балалар педагогтің көмегімен шағын мәтін құрастырады. *Түлкі – жабайы жануар. Түлкі – қу жануар. Түлкі – ширақ жануар.*

«Айтылған дыбысқа сөз құра» ойыны.

Әр қатардағы сұрақтың жауабы «қ» дыбысынан басталады.

1. Біздің Отанымыз қалай аталады? (Қазақстан)
2. Оқу құралы (қарындаш)
3. Көгөніс (қызанақ)
4. Ұлттық баскиім (қалпақ)
5. Ыдыс (қазан)
6. Түс, түр (қара)
7. Үй жануары (қой)
8. Түлкі қандай? (қу).

Сұрақтардың жауабын тауып, тақтаға суреттерді іледі.

**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық Қолды белге қоялық. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Алға бір адым,

Артқа бір адым. Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1. Жұмбақты шеш.

Әрі қызыл, әрі тәтті,

Татқан жанды таңырқатты.

Ол не? (Алма)

2. Мнемо кесте бойынша алманы сипатта.

3. Ребусты шеш. Ата.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

– Тапсырмалар ұнады ма? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**№ 72**

**Білім беру саласы**: Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Мен не білемін және не істей аламын?

**Мақсаты:** өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау.

**Білімділік міндеті**: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру.

**Дамытушылық міндеті**: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті**: жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталайды. **Түсінеді:** сұрақты тыңдап, толық жауап беру керек екенін түсінеді. **Қолданады:** сөйлем құрауда өздері білетін сөздерді қолданады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материал (интербелсенді тақтада), қима материал, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент**: ғажайып шеңбер – удивительный круг, жеңімпаз – победитель.

**ҰОҚ барысы 1.Ұйымдастыру кезеңі**

**Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!

**2.Негізгі кезең**

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

– Сәлеметсіздер ме?!

«Кел, балалар, ойнайық» әнін тыңдату. Мазмұнын түсіндіру.

– Сендерге ән ұнады ма?

Арман балаларды «Ғажайып шеңбер» ойынын ойнауға шақырады.

– Мынау – ғажайып шеңбер. Мынау не?

– Ғажайып шеңбер. (Ғажайып шеңбер сөз тіркесін дұрыс айтып жаттығады). Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топ кезекпен шеңбердің тілін айналдыру арқылы ұяшықты анықтайды да, сол ұядағы хатқалта ішіндегі тапсырманы орындайды. Педагог әр жауапқа бір ұпай береді. Тақырыптарға байланысты қима не мазмұнды суреттер беріледі. Балалар

қиналса, педагог сұрақтардың көмегімен толық жауап алуға тырысады. Балалар сұраққа кезекпен жауап береді.

Тапсырмалар: № 1. Қыс

- Бұл қай жыл мезгіл?
- Қыс айлары қандай?
- Қыста не болады?
- Балалар не істейді?

№ 2. Мен және менің отбасым. Өзі және отбасы, мекенжайы туралы шағын мәтін құрайды.

№ 3. Балабақша

Топта нелер бар?

Заттарды жекеше, көпше түрде атау.

№ 4. Үй жануарлары мен жабайы жануарлар

Мынау не? Қайда тұрады? (Жануарларды атайды, қайда тұратынын айтады).

№ 5. Жемістер мен көгөністер. Педагогтің айтуы бойынша көгөніс пен жемістерді табады. Мысалы: Қызыл, дәмді көгөніс. Сары қышқыл жеміс. Жасыл көгөністерді ата, көрсет. т.с.с.

№ 6. «Кім жылдам?»

Берілген тақырыпқа сөз ойла. Сөздермен сөйлем құра.

**Жұмыс дәптерімен жұмыс.**

1.Суреттерге қара. Бір топқа жататын заттарды бір-бірімен біріктір. Бір сөзбен ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Ұпайларды санау. Жеңімпаздар анықталады.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау.

– Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер.

Қуыршақтар балалармен қоштасады.

**Қосымша материалдар**

**Екі лақ**

Ақ Лақ пен қара Лақ әрі жүгіреді, бері жүгіреді. Жан-жағына алақ-жұлақ қарайды. Мына жағы – қалың шілік, ана жағы – қалың бау. Маңайда ешбір қой-ешкі көрінбейді.

– Сен ақ Лақсың, түк білмейтін ақымақсың. Мені әрлі-берлі сүйреп жүріп, ақыры

адастырдың. Жаның барында қойды тауып бер! – деп, қара Лақ ақ Лақты бүйірден бір түйіп кеп қалады. Қара Лақ бір күн бұрын туған еді. Ол ақ Лақтың ағасы саналатын. Денесі шымыр, жұп-жұмыр, маңдайында екі мүйізі бар. Өзі барып тұрған сотқар, желбас еді. Ақ Лақты «бауырым екен», – деп аямайтын. Қит етсе «Ақ Лақсың ақымақсың», – деп мазақтайтын. Ашуланса болды, мүйізімен бүйірден түйіп қалатын. Өзі және жалақор

болатын. Бағана: «Бә-ә, бә-ә! Мына жердің шөбін қара-а!» – деп, қалың шіліктің ішіне бастап келген де өзі болатын. Енді адасқан соң, ақ Лақты жазғырып тұр:

– Ақ Лақ ақымақ! Жаның барда түс дейім алға! – деп, зекіреді қара Лақ тағы да. Ақ Лақ әрі ойланады, бері ойланады. Жүрген-тұрған жерлерін еске алады.
– Ұзап кеткен қойды қалай табамыз. Кім біледі, ендігі тау асып, жайлауға жетіп те қалған шығар? Ал жайлауға барар жолды табу да оңай емес. Сонда да жол кесіп көрейін. Бірақ саған айтатын сөзім бар, ешкіммен егеспейсің, айтқанымды істейсің. Осыны орындамасаң, адасып өлеміз, – дейді ақ Лақ. «Өлеміз» деген сөзді естігенде қара Лақ үрейі ұшып қорқып кетеді. Қанша тентек болғанмен, ақ Лақтың тілін алуға уәде береді. Ақ Лақ жол бастап, алға түседі. Қалың шөпті олай-бұлай жапырып жүріп отырады. Алдынан жыра кездессе, секіріп өтеді, тас кездессе, қарғып өтеді. Сөйтіп, екеуі бір кезде таудың етегіне

ілінеді. Маңайда бір қара көрінбейді. Айнала жым-жырт. Ойда жоқта алдарынан бір Түлкі шыға келеді.

– Түу, өзің бір аппақ қардай, әдемі Лақ екенсің. Ағаң да әдемі. Шаршап қалған

шығарсыңдар. Біздің үйге соғып, дәм татып кетіңдер. Менің де өздеріңдей екі балам бар,

бірге ойнайсыңдар, – дейді Түлкі. Ал өзі ішінен: «Ақ Лақ кішкентай екен. Қапысын тауып, осыны жәукемдейін. Бірақ мұны көрген ағасы қорқып, қашып кетеді-ау!» – деп ойлайды. Не айтатынын күні бұрын ойлап қойған ақ Лақ былай деп, тіл қатады:

– Түке, әнеки, ана төбенің басында, қара тастың қасында, бізді Қасқыр күтіп отыр. Ол қара Лақ екеумізді қонаққа шақырып еді. Сізге еріп кеткенімізді көрсе, ашуланады ғой.

Қасекеңнің кәрі қатты. Мүмкін өзіңіз де бізбен бірге жүрерсіз.

Жарайды, ендеше. Жүре беріңдер, мен арттарыңнан барармын, – дейді де, Түлкі бір қулық ойлайды. Бір кезде алдарынан тайыншадай көкжал Қасқыр кез бола кетеді. Ол аузын арандай ашып, бірден екі Лаққа тап береді. Қасқырды көрген Түлкі сайға қарай зытады.

– Қарным ашып келе жатыр еді, мұндай жақсы болар ма! Мен қазір сендерді жеймін! – дейді Қасқыр.

– Қасеке, әнеки, ана төбенің басында, қара тастың қасында, бізді Арыстан күтіп отыр. Ол таудағы жортқан аң, ұшқан құс атаулыға патша болу үшін кеше осында келіпті. Ертеңгі асына екі Бұзау, түскі асына екі Лақ, кешкі асына екі Қозы жейді екен. Сіздің мына

қылығыңызды көрсе, ол бұлқан-талқан боп ашуланып жүрер. Тіпті өзіңізді жазым етер, — дейді ақ Лақ.

– Бә-ә! Әй, Қасқыр! Мына Арыстанды қара-а! Шақырып тұр, – деп, бақырып қоя береді Қара лақ тыныш тұрмай. Қасқыр қатты сасқалақтайды, әрі-бері алақтап тұрады да:

– Бәлесінен аулақ. Бар жандарыңның барында кетіңдер, түге! – деп жөнімен жүре береді.

Жүгірген бойымен екі Лақ бір таудың басына шығады. Тауға шығып, айналаға қараса, тауды бөктерлей бір қора Қой қаптап жайылып келеді, қойдың артында астында аты бар, қасында иті бар қойшы келеді. Қойды көргенде есі шығып қуанғаннан екі Лақ «Бә… Бә!» – деп

маңырап қоя береді.

Шопан ата жол бастап, бұрын келген Ақ Лақты жерден көтеріп алады.

– Мен сендерді ойдан-қырдан іздеп, таба алмай қойып едім. Өздерінің тауып келгенін қарашы. Жарайсың, ақ Лағым, жарайсың! Сені «Ақ Лақ ақымақ», – деп мазақтайтындардың өздері – ақымақ! – деп, ақ Лақты құшақтап, бауырына қысады.

**Қарлығаш пен Дәуіт**

Бір Қарлығаш жардың қуысына ұя салып, өмір сүріпті. Қанаты қатпаған балапандары анасы азық әкелуге кеткенде, шыдамсыздана күтумен болады екен.

Бір күні балапандарды жемекке Қарлығаштың ұясына жауыз Жылан өрмелеп шығып бара жатады. Мұны көрген Қарлығаш аспан мен жерді шарлап, шыр-шыр етіп, балапандарына арашашы іздейді.

Көкектен көмек сұрай барса:

– Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ, – дейді Көкек. Одан шығып, Қарғаға барса:

– Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма, – дейді. Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдап ұшып келе жатады. Бір кезде Дәуітті көреді. Дәуіт Қарлығаштың шыр-шыр еткен дауысын естіп:

– Достым, неге зарлайсың? – деп сұрайды. Қарлығаш сонда:

– Жауыз Жылан балапандарымды жұтпақшы болып, ұяма өрмелеп жетіп қалды. Соған не істерімді білмеймін, – деп, Қарлығаш көзінің жасын төгіп-төгіп жібереді.

– Олай болса, мені жеткіз тезірек, – дейді Дәуіт. Қарлығаш қанатын тосады. Дәуіт жотасына шығып алады.

Көзді ашып-жұмғанша ұясына жетеді. Жылан ұяға тақап қалған екен. Дәуіт пен Қарлығаш енді бір сәт кешіксе, балапандарды қылғып сап, жұмсақ ұяда масайрап ұйықтамақшы екен.

Дәуіт аяғымен шаба тырнап, жыланның екі көзін ағызып жібереді. Жауыз жылан сылқ етіп жерге құлап түседі де мерт болады.

Дәуіттің ерлігіне сүйсінген Қарлығаш онымен айнымас дос болыпты. Содан бері талай заман өтсе де, екеуі бір ұяда тұрып, бірге өмір сүреді екен.

**Нан қайдан келеді?**

Бір күні Тышқан нан дүкеніне кірді. Сөреге жаңа піскен сап-сары бөлкелер үйіліп тұр екен. Піскен нан иісіне қызыққан Тышқан тұмсығын жыбыр-жыбыр тартты. Төмендегі бір

бөлкені кеміре бастады. Осы кезде күзетші келіп қалды. Тышқан зып беріп, тысқа атып шықты. Бірақ алысқа ұзамады. «Апыр-ай, қайдан келді екен осыншама нан? Біліп алып тыққан жеріне кірсем, ә!» – деп қызығып кетті. Тесіктен сақтана сығалады.

- Нан, нан, сен қайдан келдің? – деді сыбырлап.
- Сатушыдан сұра, – деді нан. Тышқан сатушыға келді.
- Сатушы, сатушы, нан қайдан келеді?
- Наубайшыдан сұра, – деді сатушы.

Тышқан тымпыңдап наубайханаға келді. Мұнда көп адам нан пісіріп жатыр екен.

- Нан қайдан келеді? – деді бір наубайшыға келіп.
- Диірменшіден сұра, – деді наубайшы.

Тышқан диірменшіге келді. Диірмен тасы тынымсыз шыр көбелек айналады. Екі адам ұн тартып тұр. Ұн төгіліп аққан бұлақша құйылып жатыр. Көзді ашып-жұмғанша қап-қап ұн пайда болады. Тышқан иненің көзіндей танауын тыржиып, таңдана қарап тұрды да:

– Диірменші, диірменші, нан қайдан келеді, – деп сұрады.

- Комбайншыдан сұра, – деді қырманшы қарт. Тышқан далада егін орып жүрген комбайншыға келді.

Қалың егін теңіздей толқиды. Комбайн тоқтар емес, ілгерілеп барады. Сабанын бір бөлек, топанын бір бөлек шығарып тастайды. Торсықтай ақ бидайды астауына құйып алып барады. Тышқан шіңкілдеп:

– Комбайншы, комбайншы, нан қайдан келеді? – деп сұрады.

– Көктемде тракторшы жер жыртады, тұқым себуші тұқым себеді. Егіншілер оны күтіп баптайды. Көп еңбек сіңіреді. Міне, қалың астық – сол көп еңбектің жемісі. Нан еңбек арқылы табылады, – деді комбайншы.

– Ой, мұның азап қой. Мен шалқайып жатып-ақ таба беремін, –деп қутың-қутың етті Тышқан.

– Әне, Мысық келе жатыр, – деді комбайншы. Сол-ақ екен Тышқан бір ескі інге зып берді.

(М. Етекбаев)

**Он тақия**

(Қазақ халық ертегісі)

Бірде Алдаркөсе тақия тігуді үйренеді. Тақияларының әдемі болғаны соншалық, «Өзіме тақия тіктірсем», – деген оймен жұрттың бәрі Алдардың үйіне ағыла бастайды.

Бір күні бай да келеді.

– Әй, Алдар, осы жұрт: «Сенен асқанісмер жоқ», – дейді. Маған да бір тақия тігіп берсеңші, – дейді.

– Неге тікпеске. Жарты метр мата, жүз теңге ақша берсеңіз, ертең-ақ дайын болады, байеке, – дейді Алдар.

– Бай матасын беріп кетеді. Алдар ертең дайын болады деп байды шығарып салады.

Бай далаға шығып ойланады: «Бәлкім, мен оған көп мата берген шығармын. Мүмкін одан екі тақия шығатын шығар». Қайтадан Алдарға барып:

– Осы жұрт сені нағызісмер дейді, андағы матадан екі тақия тіге алмайсың ба?

– Байеке, екі тақия десеңіз екі тақия тігіп берейін. Тек үлгісін аздап өзгерту керек.

Бай тағы да ойланып-ойланып, Алдарға қайта барып, үш тақия тігуге тапсырма береді, ал Алдар бес тақия  тігуге болатынына да келіседі.

Алдар өзін «алдап кетер» деген ой ұйқы бермей, бай ашуланып түн ішінде Алдарға тағы келеді.

– Әй, Алдар, сенің ұятың бар ма, қалай ғана ұйықтап жатырсың?

– Байеке, не болды? Мен не жаздым?

– Не болды, не болды! Аңқаусыма! Айыбыңды бетіңе басам. Егер ертең мен берген матадан он тақия тікпесең, сотқа беремін. Абыройыңды айрандай төгемін, – деп қорқытады.

– Жарайды, байеке, ертең дайын болады, – деп шығарып салады.

Ертеңінде бай тақияға келеді. Алдар кішкентай-кішкентай он тақия тігіп қойыпты. Бай:

– Өй! Мыналарың кішкене ғой, қалай киемін, – деп таңырқай бастайды. Мен оны қалай киемін.

– Байеке, сіздің берген матадан бір үлкен не он кішкене тақия шығады. Тақияларды кезекпен киесіз.

Бай он тақиясын алып қайтады. Сөйтіп, өзінің сараңдығының арқасында жұрттың күлкісіне қалады.

(Қазақ халық ертегілерінің желісі бойынша түсірілген мультфильмдер жинағынан)

**«Қолғап» ертегі**

(Украин халық ертегісі)

Орманда бір атай Итімен келе жатып, қолғабын жоғалтып алыпты. Қолғап жаңа, жылы, жұмсақ болыпты. Қолғапты көріп қалған Тышқан жүгіріп келеді.

Тышқан: Мен суықта тоңып жүрсем. Қандай әдемі, жаңа, жылы қолғап. Енді мен осында тұрамын.

Шыршалардың арасынан Бақа шығады. Бақа: Қолғапта кім тұрады?

Тышқан: Қап тесер Тышқанмын. Ал сен кімсің? Бақа: Мен Бақамын. Қолғапқа мені кіргізші?

Тышқан: Мұнда орын жетеді. Кір, Бақа. Шыршалардың арасынан Қоян шығады. Қоян: Қолғапта кім тұрады?

Тышқан: Қап тесер Тышқанмын. Бақа: Мен Бақамын. Ал сен кімсің?

Қоян: Мен қорқақ Қоянмын. Қолғапқа мені де кіргізіңдерші? Мен суықта тоңдым. Тышқан: Мұнда орын жетеді. Кір, Қоян.

Қолғапқа Түлкі бикеш келеді. Түлкі: Қолғапта кім тұрады.

Тышқан: Қаптесер Тышқан тұрады. Бақа: Секек Бақа тұрады.

Қоян: Зымырауық Қоян тұрады. Ал сен кімсің?

Түлкі: Мен Түлкі бикешпін. Мені де қолғапқа кіргізіңдерші. Мен суықта әбден тоңдым. Маған көмектесіңіздерші.

Қоян: Мұнда орын жетеді. Қолғап жылы, жаңа, жұмсақ кел, кір, Түлкі. Шыршалардың арасынан Қасқыр шығады.

Қолғапта кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер Тышқан тұрады. Бақа: Секек Бақа тұрады.

Қоян: Зымырауық Қоян тұрады.

Түлкі: Түлкі бикеш тұрады. Ал сен кімсің? Қасқыр: Мен Қасқырмын мені де кіргізіңдерші. Түлкі: Бізде орын жетеді. Кел, кір, Қасқыр Қолғапқа Қабан келеді.

Қабан: Қолғапта кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер Тышқан тұрады. Бақа: Секек Бақа тұрады

Қоян: Зымырауық Қоян тұрады. Түлкі: Түлкі бикеш тұрады.

Қасқыр: Қасқыр тұрады. Ал сен кімсің?

Қабан: Мен сояу тісті Қабанмын. Мені де қолғапқа кіргізіңдерші. Қабан қолғапқа кіреді.

Шыршалардың арасынан Аю шығады. Аю: Қолғапта кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер Тышқан тұрады. Бақа: Секек Бақа тұрады.

Қоян: Зымырауық Қоян тұрады. Түлкі: Түлкі бикеш тұрады.

Қасқыр: Қасқыр тұрады.

Қабан: Сояу тісті Қабан тұрады. Ал сен кімсің? Аю: Мен аю аталарыңмын. Мені де кіргізіңдерші. Тышқан: Жоқ.

Бақа: Мұнда орын жоқ.

Қоян: Сен дәусің қалай кіресің? Аю қолғапқа кіреді.

Жоғалған қолғабын ата есіне алып, Итімен іздеп келеді. Ит: әуп-әуп-әуп,

Қолғаптан тез шығыңдар!

Аңдардың қолғап үйін ата Итімен келіп алып кетеді.

**Саяхатшы**

Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады.

Бара жатқан Қасқырға Түлкі тауып алады.

«Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма?

Құттықтап туған күніңмен, Берейін Қасқыр ағама», – Деп Түлкі сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды. Ол суға оны ағызды,

«Қайтем, – деп, – былғап тісімді». Судан Мысық тауып ап,

Тастауға оны қимады. Түлкінің туған күнінде Сәбізді оған сыйлады.

«Қайтем – деп, – мұны», – таңданды, Мысыққа Түлкі шамданды.

Лақтырған Түлкі сәбізді Қуанып Қоян тауып алды.